

ӘЛТ БОЛАШАҒЫ-БІЛІМДІ ҰРПАҚ ҚОЛЫНДА



ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ  
ТҰРАҚТЫ ДАМУ  
ЕСЕБІ

2013



ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ  
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПАЙДАСЫ



**Karachaganak**





Бөрлі саз мектебінің музыканттар

# МАЗМҰНЫ

Тұрақты даму қағидаттарына ұстануымыз	4
Есептің сипаттамасы	5
Бас директордың мәлімдемесі	6
Жоспарлық көрсеткіштеріміз және жаңа мақсаттарымыз	8
Өндірістік қызметтер және дамуы жобалар	16
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	24
Корпоративтік басқару	28
Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы	34
Қоршаған ортаны қорғау	46
Қызметкерлеріміз – біздің байлығымыз	64
Жергілікті қоғамдастықтармен байланыс орнату	72
Аймақтық экономиканы дамытуға үлес қосу	84
GRI көрсеткішіне қатысты есептіліктің стандартты элементтер кестесі	90
Тәуелсіз кепілдеме есебі	102
Терминдер және қысқармалар	104

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫНА ҰСТАНУЫМЫЗ

*Бұл құжат «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) шығарған алтыншы тұрақты даму есебі. Оның мақсаты – тұрақты даму бойынша біздің ұдайы орындалып отырған міндеттемелерімізді көрсету. 2009 жылы КПО Қазақстан Республикасындағы тәуелсіз кепілді тұрақтылық есебін халықаралық стандарттарға сай шығарып отырған алғашқы компания болды.*

Тұрақты даму бойынша төмендегі қағидаттардың негізі ретінде Брундтланд комиссиясының кеңінен танымал «Болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын қабілеттілігіне қауіп төндірмей, қазіргі уақыттың қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму» деп аталатын еңбегін пайдаланды.

Қызметі ретінде КПО тұрақты даму үдерісіне келесідей үлес қосатынына сенімді:

- Өзінің қатысуына байланысты ықпалдарды барынша азайту және мүмкіндіктерді барынша көбейту;
- Өзінің шешімдерінің ұзақ мерзімдік салдарларын есепке алу;
- Мүдделі тараптарды зерделі сұхбатқа тарту; және
- Берік басқару мен қызмет ашықтығын байланыстыру.





# ЕСЕПТІҢ СИПАТТАМАСЫ

*Қарашығанақ кен орнының кең көлемді көрінісі*

Бұл есепте біздің 2013 жылдағы қызметіміздің нәтижелері мен алдағы жылға жасақталған жоспарымыз қамтылған. Сондай-ақ есепте біздің алдыңғы жылдардағы нәтижелерімізді салыстыра бағалау үшін 2012 және 2011 жылдарға қатысты ақпарат та берілген. Тұрақты даму жөніндегі есеп жыл сайын шығарылады. Алдыңғы есеп 2013 жылғы мамыр айында шықты.

## ЕСЕПТІҢ ҚАМТУ АЯСЫ МЕН ШЕГІ

Есептің «Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік операцияларға шолу» бөлімінде біздің негізгі іс-шараларымыз туралы ақпарат берілген, сонымен қатар ол біздің қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жобаларымыз бен экономикалық көрсеткіштеріміз жөнінде баяндайды. Есепте КПО-ның Қазақстан Республикасындағы қызметінің тұрақтылығы бойынша аспектілер қозғалады.

## МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР

КПО-ның тұрақты даму жөніндегі есеп беру тұрақты дамуға маңызды аспектілерді қарастыру және талдауға негізделген үдеріс болып табылады. Біздің қауіптер мен мүмкіндіктерді талдау, осы есеп ақпараттарының дайындаушылары болып табылатын қызметкерлерімізді мүдделі тараптарды анықтау және байланысқа тарту үдерісіне қосу және Жаһандық есеп беру бастамасының (GRI) нұсқауларын толығымен есепке алуымыз осы есепте көрсетілетін маңызды мәселелерді бағалауға көмектесті.

2013 жыл бойы біз өткен жылдары алған сабақтарды есепке ала отырып, тұрақты даму туралы есеп процедурасын жете қарастырдық. КПО-ның тұрақты даму туралы есеп беру процедурасы КПО мен ҚР басқару органдары, келісімдердің тараптары, іскерлік серіктестер, жергілікті қоғамдастықтар және БАҚ арасындағы көп жақты байланысының арқасында маңызды аспектілерінің анықталуын қамтиды. КПО компаниясымен жүргізілген Консультативтік кеңестер, форумдар, қоғамдық тыңдаулар және жиналыстар кезінде жергілікті қоғамдастықтармен көтерілген қызықтыратын мәселелер біздің есептің маңызды аспектілерін анықтауда көмектесті.

Тұрақты даму туралы есеп беру Қазақстанда біршама жаңа және біртіндеп дамып келе жатқан үдеріс болғандықтан, біз болашақта тұрақты даму аспектілері туралы хабардарлықты жоғарылата отырып, сыртқы мүдделі тараптарымызбен көп жұмыстануды және есеп

бойынша құрылымды кері байланыс алу мен мүдделі тараптар үшін қызықтыратын мәселелерін жақсырақ анықтауды мақсат етеміз.

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Біздің қалыпты қызмет тәжірибеміздің бір бөлігі ретінде, біз сан алуан мүдделі тараптармен ақылдаса отырып, бірге жұмыс жүргіземіз. Осы тараптармен жақсы қарым-қатынаста болу ұзақ мерзімді табысқа ие болу үшін аса қажетті және біздің диалогымыздың нәтижелері осы есептің мазмұнын құрауға негіз болды. Біз бірге жұмыс жүргізетін мүдделі тараптар тобына біздің басты компаниялар, үкімет, жергілікті халық, келісімдердің тараптары, қызметкерлер, іскерлік серіктестер, БАҚ және азаматтық қоғам өкілдері жатады.

Мүдделі тараптармен жүргізілетін жұмыс жөніндегі егжей-тегжейлі ақпараттар кестесі мен жұмыс жүргізу тәсілдері 24-27 беттердегі «Корпоративтік басқару» бөлімінде келтірілген.

## ТӘУЕЛСІЗ КЕПІЛДЕМЕ ЕСЕБІ

КПО тұрақты даму есебінде берілген ақпараттардың ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету үшін сыртқы кепілдеме компаниясын жұмысқа тартты. «Эрнст және Янг» (Ernst & Young) компаниясы есепте берілген мәліметтер мен ақпараттар, және есептің Жаһандық есеп беру бастамасының (GRI) нұсқауларына сәйкестігі бойынша шектелген тәуелсіз кепілдемемен қамтамасыз етеді. Кепілдеме бойынша көлем мен шектеулер 102-103 беттегі тәуелсіз кепілдеме бойынша есепте көрсетілген.

## GRI ЕСЕПТІЛІК БОЙЫНША ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМА

Осы есеп іс жүзінде тұрақтылық есебін әзірлеуде ғаламдық үлгі болып табылатын Жаһандық есеп беру бастамасының (GRI) нұсқауларына сай дайындалды. КПО жаһандық есеп беру бастамасының нұсқауларында көрсетілген қағидаларға сүйенеді. Есеп G4 «Негізгі» нұсқасының қолданыс деңгейінің талаптарына сай. Сонымен қатар тұрақты даму жөніндегі есеп [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) сайтында жазылған.

# БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

## Құрметті есеппен танысушылар,

Сіздердің назарыңызға Қарашығанақ жобасының тұрақты дамуы жөніндегі 2008 жылдан бері жыл сайын шығарылып отыратын алтыншы тұрақты даму жөніндегі есепті ұсынуға қуаныштымын.

Әдеттегідей біз жұмыстың қауіпсіз орындалуына көңіл бөлеміз. Өткен жылы КПО және мердігерлерді бірге алғандағы жұмыс уақытын жоғалтумен болған оқиғалар саны 2012 жылға қарағанда төмен болды, бірақ сонда да жылдық мақсатымызға жеткен жоқпыз. Қауіпсіз жұмыс пен тоқталыс кезіндегі жоспарлы жөндеу жұмыстарын орындау кезіндегі жетістіктерге қарамастан, бұл жылы өндіріс пен негізгі жұмысқа қатысты емес 7 жұмыс уақытын жоғалтумен болған оқиғалар орын алды. Өз жұмысымыздың жалпы қауіпсіз орындалуын жетілдіру мақсатында жеке қауіпсіздігі туралы білу және жұмыстың қауіпсіз жүйелері біз үшін маңызды міндет болып қалады.

Қарашығанақ кен орнында 136 миллион баррель мұнай эквиваленті өндірілген 2013 жылғы жетістіктерді мақтан тұтамын. Өткен жылы жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тоқталыс орын алды, 2010 және 2008 жылғы тоқталыспен салыстырғанда нысандарды техникалық жөндеу мен жұмыстың орындалуы жағынан өте сәтті кезеңдік тоқталыс болды.

2013 жылы КПО компаниясы батыс нарығына 9,7 миллион тонна тұрақтандырылған мұнай жеткізді және 8,2 миллиард текше метр газды Орынборға жеткізді – бұл тоқталыс орын алған жыл үшін мұнай және газдың рекордтық көлемі болып табылады. КПО Балтық теңізінде мұнайды жаңа жерге экспорттауға мүмкіндік алды – Усть-Луга Ресей порты. Бұл жаңа бағыт тұрақтандырылған мұнай нарығын кеңейтіп, әлеуетті түрде жоғары бағамен сату мүмкіндігі мен Қазақстан Республикасына ұзақ мерзімді табыс алуын нығайтады.

Өндірісті оңтайландыру жоспарын жалғастыруда біз ұңғымаларды бұрғылау және оларды біздің өндірістік нысандарға қосу бағдарламасын жалғастырдық. Қазіргі кезде Қарашығанақ кен орнының Батыс бөлігі сәтті бұрғыланды және бірінші коммерциялық мұнай қалпына келетін болып шықты.

Қарашығанақ кен орын аймағында қолданыстағы 16 экологиялық станциялармен қоса 2013 жылы тағы екі станция қондырылды, осымен жоба толық көлемде орындалды.

1984 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан ГҚДҚ-3 зауытында қауіп-қатерді төмендету бағдарламасын жалғастыру мақсатында жыл бойы осы зауытта бірнеше бастамалар жетілдірілді. ГҚДҚ-3 және Қарашығанақ – Орынбор тасымалдау жүйесі бойынша қызметкерлер тобы ешқандай жұмыс уақытын жоғалтумен болған оқиғаларсыз 4 жылдық жұмыстың негізгі кезеңіне қол жеткізді. Бұл тамаша қауіпсіз жұмыс топ жұмысына деген ерекше көңіл мен міндеттеменің нәтижесінде орындалды. Технологиялық қауіпсіздік және нысанның тұтастығын қамтамасыз ету жұмыстары өзгертулерді басқару және қауіп-қатерлерді бағалауға негізделген тәсілдерді ары қарай енгізуіне көңіл бөліп, жыл бойы өз жалғасын тапты.



Мемлекеттік органдарымен бекітілген 2011 жылғы кен орнын игеру жоспарына сәйкес біздің жобаларды әзірлеу және іске асыру топтары Өндіру шегін кеңейту жобалары бойынша кейбір құрылыс жұмыстарын бастап, жұмыстарды жалғастырды. Бұл жобалардың құрамында:

- Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасы (КЕР), оның мақсаты - газ айдау көлемін ұлғайту және уақыт өте келе газ факторының жоғарылуына байланысты кен орында ұлғайған газ көлемін басқаруға қажетті газ өндіру нысандарын жетілдіру арқылы Қарашығанақ кенішінің әрі қарай дамытуын жалғастыру. Бұл жоба бойынша тұжырымдаманы таңдау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда тауарлар мен өндірістік қызметтер сферасында Жергілікті қамту деңгейін жоғарылату мақсатында Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасы шегінде аймақтарды анықтау жұмыстары жүргізіліп отыр;
- ҚӨК-гі газ өндіруді оңтайландыру жобасы, оның мақсаты - резервуардың дамуына байланысты кен орындағы ұлғайған газ көлемін өндіру;
- Газ факторы бойынша кенорын өнімділігін түзеу жобасы бойынша айтарлықтай прогресс көрінді және құрылыс жұмыстары жүргізілуде;
- ГҚДҚ-3 болашақтағы даму стратегиясы қазіргі ескі нысанды қауіпсіз және тиімдірек қондырмалармен ауыстыру үшін немесе қалпына келтіру үшін дайындалды;
- Батыс бөлігін ерте игеру жобасы тұжырымдамалық жағынан жобалау/жұмыс жобасын дайындау кезеңінде;
- ГҚДҚ-2 газ айдау жүйесін жетілдіру, тұжырымдаманы таңдау кезеңінде.

Біздің басқару және сапа кепілдігі бағдарламаларымыз қараша айында барлық бес серіктестерімізде құрылған топтың қатысуымен жыл сайынғы тәуелсіз бас компания тексерісі кезінде қарастырылған бірнеше сапа кепілдігі жағынан тексерулер, қолдау көрсету жұмыстары, семинарлар және ірі жобалық форумдар, сонымен қатар 10 аудиттерді өткізу арқылы жыл бойы жалғасты.

Маусым айында 2014 жылғы қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары Ақсай қаласы мен Үлкен Шағанда өткен қоғамдық тыңдауда қоғаммен бекітілді. КПО әлемдік класс деңгейінде сақтала отырып, газ қалдықтарын утилизациялау бойынша 99,84% көрсеткішке қол жеткізді. 2014 жылға Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алынды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы ескерту және дұрыстау шараларын тіркеудегі тиімді құрал болып табылды. 2013 жылы КПО-ның алты қызметкері BG Group компаниясымен қауіпсіздік техникасындағы жоғарғы дәрежедегі жұмыстары үшін Алтын каскамен марапатталды. КПО жұмысты қауіпсіз және тиімді орындау мақсатында көптеген мердігерлерді іске қосады, және осы мердігерлер мен қосалқы мердігерлермен орындалатын жұмыстарды бақылау мен жоғары сапа кепілдігін қамтамасыз ету үшін маңызды болып келеді. Өткен жылы КПО екі ішкі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ форумын өткізді, соның бірі мердігерлермен бірге. Жеткізу циклін қадағалау процесін дамыту біздің нысанымыздың тұтастығын және жеткізу тұрақтылығын қамтамасыз етуге маңызды болып табылады.

Біз ірі қауіп-қауіптерді білу бойынша «Жалған дабыл» оқыту сессияларын сәтті жүргізуге демонстрациялар, топ талқылаулары және ірі жағдай болуына себеп болатын факторларды көрсету үшін ішкі оқытылған актерлердің қатысуымен жаттығулар жүргіздік. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Қарашығанақ кен орнында тамыз айында БҚО-ның төтенше жағдайлар департаментімен бірге өткізген төтенше жағдай жаттығу бойынша алғысын білдірді. Бұдан кейін төтенше жағдайларды алдын алу және шаралар қолдану бойынша мемлекеттік жүйесін дамытуда белсенді үлесі үшін КПО-ның қызметкерлері марапатталды.

Біздің қызметкерлеріміз біздің басты байлығымыз, және біз өз қызметкерлерімізді дамытуда және мотивациялауда міндеттіміз. 2013 жылы компанияда 8 жоғарғы және орта менеджмент лауазымдарына, және 9 кәсіби және жетекші лауазымдарына жергілікті мамандар тағайындалды.

Жылдың басында КПО-ның 46 кәсіпшілері халықаралық танылған қауіпсіздік техникасын оқыту және жетілдіру бағдарламасын сәтті аяқтау туралы сертификаттармен марапатталды. Қыркүйек айында 32 түлек ОРІТО Мұнай және газ академиясы стандарты бойынша Өндіру және техникалық қамтамасыз ету инженерлеріне арналған бағдарламаны сәтті аяқтады, және компанияның әр түрлі инженерлік лауазымдарына жұмысқа тағайындалуда. Біз оларға және басқа да жаңа қызметкерлерге жұмысқа сәтті кірісуі үшін 2012 жылы басталған Ашық есіктер күнін жүргіздік.

2013 жылы КПО құзіретті басқару жүйесі үшін ОРІТО арқылы сыртқы сертификация алды, осының нәтижесінде Орталық Азиядағы бірінші ОРІТО сертификатталған мұнай және газ өндіру компаниясы болды.

КПО жергілікті қамту бағдарламасын сәтті енгізуде Қазақстандағы алғашқы компанияларының бірі болып табылады, бұл бағдарламаның арқасында Қарашығанақты дамытуға үш мыңнан астам Қазақстандық компанияларды жұмысқа қатыстыруға мүмкіндік берді. Бұл компаниялар КПО-дан төрт миллиард астам АҚШ долларға тапсырыс алынған.

2013 жылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізу бойынша КПО келісімшартындағы Қазақстанның мазмұны 50% асты, бұл 460 млн доллардан асады.

2013 жылдың желтоқсан айында КПО «Ең жақсы әлеуметтік жоба» категориясы бойынша Орал қаласындағы орта мектептің құрылысы үшін Астана қаласында өткен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі республикалық сайысының рәсімінде Күміс «Парыз» сыйлығымен марапатталды. 2013 жылы КПО компаниясымен орындалған әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар: 350 балаға арналған балабақша, Сайқұдықтағы орта мектебі, Орал қаласындағы автожолы, ауылдық мектептерді жабдықып қамту.

Қазан айында КПО Астана қаласында КазЭнерджидің 8-форумы кезінде өткен КазЭнерджи көрмесінде жерді қалпына келтіру жобасы үшін қоршаған ортаны қорғау жүлдесімен марапатталды.

Жергілікті қоғам және құзіретті органдарымен жұмысымыз сәтті жалғасты, осының нәтижесінде Консультативтік кеңестер жөніндегі өзара қарым қатынас туралы үш жақты меморандумға қол қойылды, КПО-ның 2014 жылғы қоршаған ортаны қорғау іс шаралар жоспары және санитарлық қорғау аймағы бойынша ағаш отырғызу жұмыстары бойынша үш қоғамдық тыңдаулар жүргізілді, сондай-ақ қоғамды қызықтырып жүрген экологиялық, экономикалық және әлеуметтік сұрақтарын талқылауға салған жергілікті қоғаммен бірнеше Консультативтік кеңестер отырыстары өтті. Желтоқсан айында КПО Бөрлі ауданындағы білім беру бағдарламаларын енгізу және үлес қосқаны үшін БҚО Әкімдігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Әлемдік есеп беру бастама нұсқаулығының V+ деңгейіне сәйкес дайындалған 2012 жылғы тұрақты даму жөніндегі есептегі ақпарат ашықтығының деңгейі өткен есеппен салыстырғанда жоғарырақ болды. Біз корпоративтік басқару, қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыс көрсеткіштері және еңбекті қорғау жұмыстарын қоса алғандағы басқару тәсілі туралы толығырақ мәліметтер бере отырып, ақпаратты ашық бейнеледік. Осы жылы есепті «Core» опциясымен Әлемдік есеп беру бастама нұсқаулығына G4 сәйкес дайындадық.

2014 жылы біздің қызметкерлерімізді қауіпсіз және жаратымды жұмыс орнымен қамтамасыз ете отырып және Қазақстан Республикасындағы ірі мүдделі органдары мен өз акционерлеріміз үшін ұзақ мерзімді құндылықтарды құра отырып, табиғи ортаны құру жұмыстарының тұрақты дамуын сақтауға міндеттіміз.

КПО Бас директоры

Дамиано Ратти

# ЖОСПАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК</b>			
<b>Техникалық қауіпсіздік</b>			
КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін бақылау аудитін өткізу	✓	2013 жылдың қыркүйек - қазан айларында сыртқы сертификация ұйымы КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттар талаптарына сәйкес келетінін бақылау аудиті кезінде қайта растады.	КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттар талаптарына сәйкес келетінін қамтамасыз ету үшін қайта сертификация аудитін өткізу.
Техникалық қауіпсіздік бойынша негізгі қызметте отырған, екінші деңгейдегі барлық қызметкерлерге қауіпті факторлар жөнінде хабардар ету бағдарламасы бойынша сабақтар өткізу	✓	КПО басқармасы Ұлыбританиядағы Спэйдадам сынау алаңында қауіпті факторлар жөнінде хабардар ету семинарына қатысты, содан кейін 2 деңгейлі менеджерлерді қамтыған Ақсай қаласында өткен 3 «Сгу wolf» қауіпті факторлар жөнінде хабардар ету семинарларына қатысты. Әрі қарай қауіпті факторлар жөнінде хабардар ету жұмыстары 2014 жылы жалғасады.	3 деңгейлі менеджерлер/учаске бойынша басшыларға ірі қауіпті оқиғалар жөнінде хабардар ету бағдарлама стратегиясын әзірлеу және келісу.
Өзінің басшылығы тағайындаған қосымша тыңдаушылар мен қалған 1, 2 және 3 деңгейдегі 15% басшыларды тиімді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ айналым бойынша оқыту	✓	Оқыту «қажет» негізінде орындалуда. Электрондық оқыту әзірленуде.	
Мердігерді басқару жөніндегі жұмыс тобының іс жоспары және мердігерлерді басқару стратегиясының құжаттарын рәсімдеуді аяқтау және пайдаланушы топ-тарына қосымша оқу курстарын өткізу	~	Мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жұмысын басқару стратегиясы аяқталды.	Жоғары және орташа қауіпті фактор келісімшарттар үшін Мердігерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жұмысын тексеру бағдарламасын енгізу.
“Өмірді сақтаушылар” бағдарламасы бойынша “Еңбек қауіпсіздігінің жүйелерін” енгізілуін аяқтау	✓	Электрондық оқыту курстары қосымша материалдармен бірге таратылды.	Офистегі қызметкерлерге арналған қауіпсіздік туралы тоқсандық хабардар ету кампаниясын әзірлеу және енгізу.
Апат оқиғаларды және дағдарысты басқару процедураларын қайта қарастыру; өткізілген біріктірілген жаттығудан кейін түзету шараларын іске асыру	✓	Апат оқиғаларды және дағдарысты басқару процедуралары тексерілді және шығарылды.	

✓ - орындалды; ~ - жұмыс орындалуда; ✗ - орындалған жоқ/ ішінара орындалды.



2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК</b>			
Тікелей супервайзерлер бағдарламасын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілік бағалауынан өткізуді жалғастыру	~	СТЕР бағдарламасының оқыту материалдары қарастырылды. 2013 жылғы оқытуға 170 оператор/супервайзерлер СТЕР бағдарламасына қатысты. Тікелей менеджерлер мен учаске басшыларымен кері байланыс сессиялары өтті. Супервайзерлерге арналған жеке есептер жаңартылды. 2014 жылы оқыту курстары мен жақсарту бағдарламалары жалғасады.	Тікелей супервайзерлерге арналған арнайы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біліктілікті жақсарту бағдарламасын жүргізу
Мердігерлерге арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша 2 форум өткізу	✓	2013 жылы 40 мердігер компанияларына ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша 2 негізгі форум өткізілді. Форум тақырыптары: «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жақсы көрсеткіштер көрсету» және «КПО мердігерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша сәйкестігі және жұмысы». Осы негізгі форумдарға қоса, жеке бөлімдермен өткізілген кіші форумдар жүргізілді.	Мердігерлерге арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша форум өткізу
Кен орнында H <sub>2</sub> S пен байланысты төтенше жағдайларда шұғыл әрекет ету стратегиясын жасау	✓	Кен орнында H <sub>2</sub> S пен байланысты стратегиясы 2013 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарының тиісті бөлігін құрады. Төтенше жағдайларда шұғыл әрекет етуді жақсарту үшін бірнеше шаралар іске асырылды. Қалған негізгі шұғыл әрекет ету жұмыстары 2014 жылғы жоспарға қосылды.	Қарашығанақ кен орнында H <sub>2</sub> S бойынша шұғыл әрекет етуді зерттеуге қатысты 2014 жылы шараларды орындау
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында көшбасшылық бағдарламасын жаңалау	✓	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша басшылық айналымы жөніндегі нұсқаулық тексерілді және шығарылды.	
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында қауіп қатерді басқару жүйесін жасау	~	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында қауіп қатерді басқару жүйесінің құжаты әзірленді, аударылды және ескертулер беру үшін шығарылды. Құжат 2014 жылы аяқталып, енгізіледі.	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында қауіп қатерді басқару жүйесін енгізу.
Кен орында персоналмен минималды көлемде толықтыру тұжырымдаманы қабылдау	~	Персоналмен минималды көлемде толықтыру тұжырымдамасы әзірленді. Функционалды жобалау жұмыс тобы құрылып, жоспарлар әзірленді. Тұжырымдаманы енгізу 2014 жылы жалғасады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>■ Кен орында персоналмен минималды көлемде толықтыру тұжырымдамасын әкімшілік ғимарат пен пилот қалашығында енгізу.</li> <li>■ Кен орынның басқа нысандарына арналған жоспар әзірлеу.</li> </ul>

# ЖОСПАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК</b>			
<b>Еңбекті қорғау</b>			
Салауатты өмір сүру салтын насихаттау - «Сау жүрек» бағдарламасы (жұмыс орнында, интернетте презентациялар, постерлер, брошюралар, бюллетендер шығару)	✓	Компанияда «Сау жүрек» бағдарламасы жасалған, бұл бағдарлама әлем бойынша ауруға шалдығу мен өлімнің басты себебі болатын жүрек тамыр ауруларды болдырмауға бағытталған. Бағдарлама, соңынан қайта қаралатын, 5 жылға есептелген. Жүрек тамыр ауруларының жоғарғы қаупі бар қызметкерлер тобы анықталды.	Аурудың жоғарғы қаупі бар қызметкерлерді бақылап, профилактикалық шараларды қолдануға көңіл бөле отырып, сау жүрек бағдарламасын іске асыру.
Денсаулық үшін қауіп қатерді бағалау	✓	2013 жылға арналған жоспарға сәйкес компанияда 30% позицияда қауіп қатерді бағалау өткізілді. Келісілген түзету шаралар жоспары анықталған кемшіліктерді реттеуге бағытталған.	Келесі 30% позицияға осы жұмысты жалғастыру жоспарланып отыр. 2013 жылға тағайындалған түзету шараларының орындалғандығын қадағалау.
Жұмыс жағдайларының жыл сайынғы санитарлық гигиеналық қадағалауын іске асыру	✓	Бақылау органдарымен келісілген жыл сайынғы жоспарланған жұмыс жағдайларын санитарлық гигиеналық қадағалау жұмыстары толық көлемде орындалды. Қадағалау нәтижелерінің есебі бақылау органдарына танысу үшін тапсырылды.	2014 жылға әзірленген және бақылау органдарымен келісілген жұмыс орнындағы санитарлық гигиеналық қадағалау бағдарламасы іске асыру.
Алғашқы медициналық көмек көрсетуді іске асыру	✓	2013 жылы әр түрлі бөлімдерінің 278 КПО қызметкерлері осы курсқа оқытылды немесе білімді қайталау курстарына қатысты.	
Пилот қалашығында медициналық орталық ашу	✓	2014 жылдың қаңтар айынан бастап, Пилот қалашығында медициналық орталық ашылды. Медициналық орталық тек пациенттерді қабылдау мен шұғыл көмек көрсету үшін ғана емес, сонымен бірге, ірі оқиғалар болған жағдайда, зардап шеккендерді уақытша орналастыруға арналған (20 адамға дейін).	
<b>Қауіпсіздік</b>			
Құбыр жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	✓	2013 жылы заңсыз қосылулар байқалған жоқ. Үздіксіз патрульдеу және экспорттық құбыр жүйесі төселген маршрут бойында тұратын жергілікті тұрғындармен бірігіп жұмыс жасалынды, бұл жұмыс заңсыз қосылуды азайту мақсатында жыл бойы жүзеге асырылды.	Экспорттық құбыр жүйесін патрульдеуді және жергілікті тұрғындармен бірігіп жұмыс істеуді жалғастыру

2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>АКТИВТЕР БҮТІНДІГІ</b>			
0 деңгейдегі тиімділіктің түйінді көрсеткіштеріне сәйкес алғашқы қорғаныштың бүтіндігінің бұзу жағдайда әрекеттерді қамтамасыз ету	✓	Біздің белсенді техникалық тексеру бағдарламамызбен бірге саладағы ең жоғарғы стандарттарға сәйкес қысым астындағы статикалық жабдықтар үшін қауіп қатер негізінде тексеру бағдарламаларын енгізу қолданыстағы барлық активтердің алғашқы қорғанышын жоғалтқан жағдайда мүмкін болатын жағдай мен жиілік санын азайтты. Қауіп қатерге негізделген тексеру бағдарламасы айтарлықтай деңгейде жүзеге асырылды, және бағдарлама нәтижелері тексеру бағдарламасын оңтайландыруға және алғашқы қорғанышы жоғалған жағдайда оқиға болу қаупі жоғары учаскелерде ресурстарды шоғырландыруда қолданылады.	«Оқиғалардың 0 деңгейі» мақсатына бірте бірте жету үшін және алғашқы қорғанышты жоғалтқан жағдайда оқиғалар санын азайту үшін қауіп қатерлер негізінде тексеру бағдарламасымен жұмыс жасауды жалғастыру.
КазЭнерджи қауіпсіздік жөніндегі конференцияда активтер бүтіндігінің әр түрлі аспектілеріне арналған, компания ішінде қаралған техникалық құжаттарды ұсыну	✓	КПО-да қауіп қатер негізінде тексеру бағдарламасына бағытталған және КПО-ның «тұрақты операциялар» тұжырымдама байланыс жолдарын көрсететін бір құжат Дубайдағы халықаралық конференцияда көрсетілді.	КазЭнерджи қауіпсіздік жөніндегі конференциясында қауіпсіздік техникасы бойынша критикалық элементтерді басқару және ҚТ бақыланатын жүйелерге арналған тексерістің жазбаша схемалары бойынша екі құжат ұсыну.
Ұңғымалар бүтіндігі бойынша КазЭнерджи комитетіне белсенді қатысу (корпус ішіндегі қысым бойынша комитет)	✓	Негізгі комитет пен қосалқы комитет мүшелеріне ұңғымалардағы корпус ішіндегі қысымды басқару бойынша ҚР қазіргі қолданыстағы ұлттық стандартын жаңарту бойынша ұсыныс жасалды. Ұсыныс жақсы қабылданып, қазіргі таңда қарастырылуда.	Корпус ішіндегі қысым бойынша қосалқы комитетпен әрі қарай жұмыстарды жалғастыру және активтер бүтіндігі бойынша басқа қосалқы комитеттерде белсенді қатысуда басқа мүмкіндіктерді іздестіру.
<b>ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ</b>			
70 мың тонна CO <sub>2</sub> -эквивалентті парникті газдардың шығу көрсеткіштерін азайтуға қол жеткізу.	✓	168 мың тонна CO <sub>2</sub> -эквивалентті парникті газдардың шығу көрсеткіштерін азайтылды	201 мың тонна CO <sub>2</sub> -эквивалентті парникті газдардың шығу көрсеткіштерін азайтуға
Кен орында ағынды суларды өңдеу қондырғысын жаңғырту жобасын аяқтау.	~	Кен орындағы ағынды суларды өңдеу қондырғысы жаңарту жобасы 79% орындалды. Жобаның толығымен аяқталуы 2014 жылдың 3 тоқсанына жоспарланып отыр.	Кен орында ағынды суларды өңдеу қондырғысын жаңғырту жобасын аяқтау.
Ағынды суларды өңдеу тиімділігін арттыру бойынша зерттеу жұмыстарын аяқтау	✓	Жұмыс орындалды; есеп БҚО бойынша экология департаментіне берілді	

# ЖОСПАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ</b>			
Тазалық сақтау аймағының шегінде № 16 және 17 екі жаңа автоматты экологиялық мониторинг станцияларын қондыру	✓	2 жаңа ЭМС-ы қондырылды және 2013 жылдың қараша айында мемлекеттік комиссиясымен пайдалануға қабылданды. Жаңа №16 және №17 ЭМС-ы ауаны қадағалау желісіне қосылды.	
Биотүрлілікті сақтау бойынша жоспарға сәйкес 2013 жылға жоспарланған шараларды орындау: ■ ҚМГКК ықпал ету зонасындағы өсімдіктерді тексеру; ■ экожүйедегі өзгерістерді анықтау үшін спутниктен түсірілген суреттерді талдау; ■ іргелес экожүйе бойынша карта жасау; ■ биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспарын жақсарту бойынша ұсыныстар.	✓	2013 жылы келесі жұмыстар жүзеге асты: ■ ҚМГКК ықпал ету зонасында өсімдіктерді тексеру жүргізілді, ■ экожүйедегі өзгерістерді анықтау мақсатында спутниктен түсірілген суреттерді талданды, ■ іргелес экожүйе бойынша карта жасалды, ■ орыс лалагүл көбеюін зерттеу (ҚР Қызыл Кітабына енгізілген), Кен орындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері өңдеу жұмыстары жүргізілуде.	
№3 Қалдықтарды бөлу қондырғысы үшін нысанды қайта құру жұмыстарын аяқтау және оны пайдалануға тапсыру	~	Құрылыс жұмыстарын орындау үшін рұқсат 2013 жылы қыркүйекте алынды. Экоорталықтың №3 қоймасын Эко орталықтағы қалдықтарды бөлу қондырғысына өзгерту жұмыстары басталды.	Қалдықтарды бөлу қондырғысы үшін нысанды қайта құру жұмыстарын аяқтау және оны пайдалануға тапсыру
Эко орталық полигонында қалдықтарды көму бойынша бес қосымша ұяшықтарды пайдалануға беру.	✓	5 жаңа ұяшықтарды салу құрылыс жұмыстары аяқталды. 2013 жылы 15 қарашада Мемлекеттік комиссия өтті.	
Термомеханикалық қиыршықтарды тазалау нысаны мен барабандық пештен шыққан қалдықтарды қайта пайдалану әдістерін зерттеудің II кезеңін жүзеге асыру.	~	Термомеханикалық тазарту қондырғысында шламдарды өңдегеннен кейінгі қалдықтарды қайта қолдану әдістерін зерттеу бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары аяқталды, оларды жол салу жұмыстарында асфальтты бетонды қоспаға минералды ұнтақ ретінде қосу мүмкіндігі бар екені анықталды. Бұл есеп Экология департаменті және СЭС-мен бекітілді. Бұл әдіс енгізу кезеңінде. Сонымен бірге, сазды шламды ТҚШТ мен АП-те өңдегеннен кейін қолдану әдістерін зерттеу бойынша алдын ала зертханалық зерттеулер жүргізілуде.	Сазды шламды ТҚШТ мен АП-те өңдегеннен кейін қолдану әдістерін зерттеу бойынша алдын ала зертханалық зерттеулерді жалғастыру.
			2014 жылдың соңына дейін ИСО 50001 стандартына сәйкес энергетикалық басқару жүйесін енгізу

2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ</b>			
			ҚМГКК және ТСА-ғы КПО нысандарына көршілес аймақтарды жасылдандыру және 33,74 га аймағында ағаштар отырғызу.
			Жердің жоғарғы қабатын қолдану бойынша жобаның әрі қарай дамыту бойынша ғылыми зерттеу жүргізу.
			Экологиялық Менеджмент жүйесінің ИСО 14001 стандартының талаптарына сәйкес сертифицикатталған аудит.
			Қатты қалдықтар мен қалдық бұрғыланған сұйықтықтарды сақтау үшін 3 және 4 ұяшықтарда қалдықтарды өңдеуді жалғастыру.
<b>БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ</b>			
Шетелдік мамандарды жергілікті қызметкерлермен алмастыру жоспарын төмендегілер арқылы жүзеге асыру: ■ 70% 1-категория бойынша; ■ 95% 2-категория бойынша.	✘	2013 жылы ұлттандырылған лауазымдардың жалпы саны - 17, оның ішінде 8 - бірінші категорияда, ал 9 - екінші категорияда.	Шетелдік мамандарды жергілікті қызметкерлермен алмастыру жоспарын төмендегілер арқылы жүзеге асыруды жалғастыру: ■ 70% 1-категория бойынша; ■ 95% 2-категория бойынша.
Әлеуеті жоғары қызметкерлердің анықталған тобы бойынша тәлім беру процесін бастау	✔	2013 жылдың наурыз айынан бастап жетілдірілген даму бағдарламасының шеңберінде жақсартылған даму құралы ретінде тәлімгерлік бағдарламасы басталды. 2013 жылы Бағдарламаның 15 қатысушысы тәлімгерлік семинарларға қатысты.	Жетілдірілген даму бағдарламасының 34 қатысушысына тәлімгерлік семинарлардың іске асырылуын жалғастыру.
Ұлттық қызметкерлерді ұстау жоспары бойынша қажетті саясаттар мен процедураларды дайындау және құзыретті органның келісін алу; ынталандыру тәсілдерін жүзеге асыру. ■ Қызметкерлер үшін жеңілдік пакеттерін жақсарту; ■ КПО-ның негізгі қызметкерлерінің еңбек ақысын нарықтық деңгейге сәйкес реттеуді жалғастыру.	~	■ Ақсай қаласынан тыс жерлерде тұратын және ауысым кестесімен жұмыс істейтін жұмысшыларға пәтерге төлеу қосымша тұру үшін қосымша қосылды ■ Өртүрлі бөлімшелерде еңбек ақы көлемі нарықтық деңгейге сәйкес қайта қарастырылды.	Ұстау құралдарын енгізуді жалғастыру: ■ Қызметкерлер үшін жеңілдік пакеттерін жақсарту; ■ КПО-ның негізгі қызметкерлерінің еңбек ақысын нарықтық деңгейге сәйкес реттеуді жалғастыру.

# ЖОСПАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА МАҚСАТТАРЫМЫЗ

2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ</b>			
ББЖ компьютерлік бағдарламасын дайындауды аяқтау	~	2013 жылдың тамыз айында бюджет және шығындарды бақылаудағы кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау процесіне арналған техникалық емес лауазымдары мен компанияның келісімшарттарды реттеу бөлімдері үшін біліктілікті басқару жүйесі іске қосылды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Біліктілікті басқару жүйесінің қосымшаларын әрі қарай жақсарту.</li> <li>ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, сапаны бақылау басқармасы, Заң директоры, маркетинг директоры, және Кадр бөліміндегі кәсіби дамыту қажеттіліктерін анықтау процесі үшін Біліктілікті басқару жүйесінің қосымшаларын қолдану.</li> </ul>
Техникалық жұмыстар үшін Біліктілікті басқару жүйесі үшін бағдарламалық жасақтаманы жасауды аяқтау	x	Техникалық жұмыстар үшін қосымшаны орнату кейінге қалдырылды. Қазіргі уақытта қарау мен нұсқаулар үшін Директорға тапсырылды.	Рұқсат берілгеннен кейін әр рөл үшін ұйымдық құрылымдық белгіленген стандарттар және есептер әзірлеу.
2013 жылдың екінші тоқсанына қалған ОРІТО көшпелі аудитін өткізу, ББЖ сертификатын алу шараларын аяқтау	✓	Сертификат алынды.	Жыл сайынғы аудит және олардың нәтижелері бойынша әрекеттерді аяқтау.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Техникалық бағалау шараларын 75% аяқтау;</li> <li>2013 жылдың соңына дейін өндіріс директорындағы басқа қызметкерлерді/лауазымдарды қамту;</li> </ul>	✓	Қараша айының басында 75% жетті. Қазіргі кезде мердігерлер біліктілігін тексеру өткізіліп жатыр.	Жұмыстың 85% жету. Өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімдерінің негізгі мердігерлерін жұмысқа тарту.
<ul style="list-style-type: none"> <li>Тұрақты жетілдіру процестерімен, ресурстарымен, дерекқорымен және құжаттамаларымен бірге тұрақты жүйені іске қосу. Барлық талаптардың тұрақты орындалуын қамтамасыз ету үшін сыртқы аудиттер өткізілуі тиіс.</li> </ul>	✓	Жүйе жүйелі түрде стандартизация бойынша жиналыстар, тексеру және жыл сайынғы аудиттер жүргізу арқылы үзіліссіз жақсартылуын қамтиды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тоқсан сайын стандартизация жиналыстары мен кері байланысты сақтау;</li> <li>Мердігерлер біліктілігін тексеру.</li> </ul>

2013 ж. мақсаттарымыз	Тапсырмалардың орындалуы (иә, жоқ, орындалуда)	Қабылданған шаралар және орындалу статусы	2014 ж. мақсаттарымыз
<b>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ</b>			
Вендорлық тізімді тексеру, алдын ала квалификациялау сараптамасы, техникалық бағалау жоспарын қолдану арқылы жергілікті қамту келісімшарттарды дайындау бөлігі болуын қамтамасыз ету.	✓	Тендерге қатысушыларды анықтау мақсатында нарықтық зерттеу жүргізілуде. Алдын ала біліктілікті бағалау және техникалық бағалау жоспарында тендерге қатысушыларына арналған қазақстандық қамту бойынша сұрақтар тізімі көрсетілген. Қазақстандық қамту бойынша тендерге қатысушыларды бағалау техникалық бағалау кезінде жүргізілед.	Қазақстандық қамту бойынша жеткен деңгейді сақтау және тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуда жергілікті қамту көрсеткіштерін тұрақты жоғарылауын қамтамасыз етуді жалғастыру.
Жергілікті қамту талаптарының орындалуын жалғастыру.	~	Мұнай және Газ министрлігінің жүйесінде жергілікті қамту талаптарының орындалуын қадағалау жүргізілуде. Жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді қадағалау қол қойылған келісімшарттар арқылы орындалады.	Жергілікті қамту бойынша уақытылы есеп беру және деректер сапасын қамтамасыз ету.
<b>ЖЕРГІЛІКІ ТҰРҒЫНДАР</b>			
2013 жылдың әлеуметтік жобалар жоспарын шығару.	✓	2013 жылдың әлеуметтік жобалар жоспары шықты.	2014 жылдың әлеуметтік жобалар жоспарын 2014 жылдың ақпан айында шығару, 2014 жылдың соңына дейін жоспарланған тұрғындарды дамыту бағдарламасын 100% орындау.
Тоқсанаралық Консультативтік кеңестерін өткізу және 2013 жылдың әлеуметтік жобаларына кірістірілген жұртшылықтың әл-ауқатын арттыру жобаларын жүзеге асыру.	~	Қарашығанақ кен орнының іргесінде орналасқан 5 ауыл округінің 8 ауылында 600-ге жуық қатысушыларына 21 ауыл кеңестері, сонымен қатар Ақсай қаласы мен Үлкен Шағанда 3 қоғамдық тыңдаулар өтті.	Қарашығанақ кен орнының іргесінде орналасқан 5 ауыл округінің 8 ауылында жергілікті тұрғындардың қызықтырып отырған мәселелері бойынша 16 ауыл кеңестерін жүргізу.
Арыз-шағымдар мен ұсыныстарды қарастыру процедурасының орындалуын қадағалау	~	2013 жылы қолданыстағы арыз-шағымдар процедурасы арқылы жергілікті тұрғындар мүшелерінен төрт шағым тіркелді. КПО барлық шағымдарды қарастырып, телефон немесе бетпе бет жиналыстар кезінде шағымданушылармен бірге шешіліп, жабылды.	Арыз-шағымдар мен ұсыныстарды қарастыру процедурасының орындалуын қадағалауын жалғастыру.
2012 жылғы тұрақты даму есебін шығару.	✓	Тұрақты даму бойынша есептің электрондық түрі 2013 жылғы сәуір айында шықты.	GRI G4 нұсқаулары бойынша 2013 жылғы тұрақты даму есебін шығару

# ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ДАМУЫ ЖОБАЛАР

Қарашығанақ кен орны әлемдегі ең ірі мұнай-газ және конденсат кен орындарының бірі. Кен орны Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы километр аумақты алып жатыр, мұндағы көмірсутектердің есептелінген бастапқы баланстық қоры 9 миллиард баррель конденсат пен осы күнге дейін шамамен 12% өндірілген 48 триллион текше фут газдан асады.

Қарашығанақ кен орны алшақ және жұмыс жағдайы қиын, орташа температурасы қыста минус 40°C дейін, ал жазда +40°C дейін жететін аймақта орналасқан. Жоғарғы қабаты шамамен 3500 м тереңдікте орналасқан кен орнының жалпы қалыңдығы 1600 м және өте күрделі болып келеді. Көмірсутектің құрамында 4,5%-ға дейін жететін аса улы және ащы күкіртті сутек пен кей жағдайда коррозия тудыратын көмір қышқылы бар.

Қазіргі таңда 4000-ға жуық адам КПО-ның дарынды және көп ұлтты тобында жұмыс атқаруда. ӨБТК-ге қол қойылған күннен бастап, Мердігер (Қарашығанақты игеру келісімшартына және өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге отырған бес басты компаниялары) тұрақты өндірістік құнды неғұрлым жоғарылату мен қоршаған ортаға әсерді неғұрлым төмендетуге бағытталған жетекші технологияларды қолдану арқылы саланы дамытуға 17,9 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы құйды.

## Біздің өнім және экспорттық бағыттар

Салымнан түсетін табысты неғұрлым жоғарылату мақсатында өндірілген көмірсутек экспортталуда. ҚӨК-де төртінші технологиялық желісінің сұйық көмірсутектерді тұрақтандыру желісі іске қосылғаннан соң, сұйық көмірсутек өндірісінің 92%-ға жуығы 2013 жылы тұрақтандырылған конденсат күйінде батыс нарықтарына Каспий құбыр консорциум (КҚК) құбырлары және «Атырау-Самара» құбыры (Транснефть жүйесі арқылы) экспортталды. КҚК құбыры шикізатты Новороссийсктің Қаратеңіз портына және Атырау-Самара құбыры Приморск және Усть-Луганың Балтық теңізі портына және Новороссийсктің Қаратеңіз портына 2013 жылы жеткізді. Қалған сұйық көмірсутектер тұрақтандырылмаған конденсат күйінде Орынбор арқылы Ресейге экспортталады немесе жергілікті нарыққа жеткізіледі.

Кен орнында өндірілген газ резервуар қысымын сақтау мақсатында резервуарға кері айдайды, ҚазРосГаз ком-

паниясына ұзақ мерзімді шарт арқылы өнделмеген газ ретінде сатылды және КПО кешендері және жергілікті компаниялары Ақсайэнерго ЖШС және Батысэнергоресурсы ЖШС үшін электр қуатын өндіру мақсатында тазартылды (яғни құрамынан сульфат жойылды).

2013 жылы КПО компаниясы Орынборға 8,2 млрд м<sup>3</sup> газ жеткізді – бұл көрсеткіш жөндеу жұмыстарын жүргізудегі тоқталыс жылы үшін рекордтық көлем болып келеді. Оған қоса, қысымды сақтау және болашақта резервуарлардағы сұйықтықтардың пайда деңгейін жоғарылату мақсатында КПО 8,6 млрд м<sup>3</sup> газды резервуарға қайта айдады. Сонымен қатар айдау көлемі де тоқталыс жылы үшін рекордтық санға жетті.

КазТрансОйл серіктесі арқылы КПО Транснефть жүйесінде сақтау қызметтері бойынша келісімшартты алудағы Қазақстанның бірінші жеткізушісі болды, және нәтижесінде Атырау-Самара экспорттық құбыры арқылы сұйыққойманы толықтай жүктеді. Сұйыққойманы толықтай жүктеу көптеген сатушыларды тартып, халықаралық бағалар көрсеткіштерімен (Урал) салыстырғандағы үстемелі бағаға жетудегі үлкен табысқа жеткеніміздің көрсеткіші.

2013 жылы ашылған жаңа экспорттық бағыт Усть-Луга әлеуетті табыс деңгейін көтере отырып, КПО-ға тұрақтандырылған мұнай нарығын кеңейтуге мүмкіндік берді.





ҚӨК операторлық бөлмесінде

**Біздің экспорттық бағыттар**



# ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ДАМУЫ ЖОБАЛАР

## 2013 ЖЫЛҒЫ ӨНДІРІС


2013 жылы КПО тұрақты және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер, тазартылмаған газ, және пайдалану үшін күкірті азайтылған газ түрінде, резервуарға айдалған газды санамағанда 136 миллион баррель мұнай өндірді. Газды жеткізу көлемі 8 миллиардтан м<sup>3</sup>

астам дейін жетті, бұл КПО тарихындағы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тоқталыс жылындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. 8,5 миллиардтан м<sup>3</sup> астам құрғақ тазартылмаған газ резервуарға айдалды, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің шамамен 50%-ға дерлік тең.

1-кесте. 2013 жылғы өндіріс		2011	2012	2013*
<b>Жалпы өндіріс</b>	Млн.м.э.б.	138,5	139,5	136,0
<b>Жалпы тұрақтандырылған мұнай</b>	КТ	10 854	11 014	10 492
<b>Жалпы газ өндірісі</b>	млн. м <sup>3</sup>	16 868	17 519	17 531
<b>Газды кері айдау</b> Сатылмағандықтан, жалпы өндіріс көлеміне қосылмаған	млн. м <sup>3</sup>	8 129	8 666	8 570
<b>Тазартылған газ өндірісі</b> ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін қолданды	млн. м <sup>3</sup>	620,0	660,0	637,8

\* Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізудегі тоқталыс жылы

2-кесте. 2013 жылғы сатылым		2011	2012	2013
<b>Жалпы сатылым</b>	Млн.м.э.б.	133,6	134,4	132,1
<b>Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер</b> Орынбор газ зауытына және кіші тазарту зауытына конденсат	КТ	1 498	850	914
<b>Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер</b> КҚК және Атырау-Самара құбырына мұнай және тұрақтандырылған конденсат	КТ	9 542	10 246	9 700
<b>Шикі газ</b> Орынбор зауытына	млн. м <sup>3</sup>	7 974	8 039	8 197
<b>Отын газы</b> БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін	млн. м <sup>3</sup>	130,9	130,4	98,7



Қарашығанақ қайта өндеу кешенінің көрінісі

## ЖОСПАРЛЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН ТОҚТАЛЫС

Қарашығанақ өндіріс нысандарының техникалық тұрақтылығын қамтамасыз ету КПО мақсаттарының бірі болып табылады. КПО-ның келісілген жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тоқталыс стратегиясы зауыт пен жабдықтардың тиісті және міндетті түрде тексеру талаптарына, сонымен қатар, қалыпты жұмыс кезінде орындала алмайтын ірі жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету үшін тоқталыстың тактикалық және стратегиялық жоспарлауына негізделген. Бұл тоқталыс КПО-дағы өндірісті оңтайландыру, жобалық өзгертулерді енгізу, жобаны дамыту жұмыстарын орындау және әдеттегіден тыс техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді.

2013 жылғы тоқталыс жұмыс көлемі КПО-ның болашақ тоқталыс стратегиясына маңызды болды, және өндіріс кезінде КПО-ның технологиялық желілерді бірізді тоқтатып, жөндеу жұмыстарын орындай алатынын көрсетті. Сонымен қатар, жалпы жүйе резервуарын тексеру және қысымның сақтандырғыш клапанын сынау саны қауіп-қатерлерді бағалау негізіндегі тұтастықты талдау арқылы көбейе алады. Осы тоқталыс стратегиясының жалпы әсері тоқталысқа қажетті жалпы уақытын қысқарту және кен орындағы қауіпсіз өндірісті қамтамасыз ету болып табылады.

2013 жылы тоқталыс кезіндегі жөндеу жұмыстары ҚӨК, ГҚДҚ-2, Жинау жүйесі және ГҚДҚ-3 –ге жүргізілді. Жоспарланған жұмыстар қауіпсіз және тиімді орындалды. Жаңа тоқталыс стратегиясын енгізу КПО-ға тоқталыс жылындағы тарихтағы ең жоғарғы өндіріс көрсеткіштеріне (85,7%) жетуге мүмкіндік берді.

## ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫ

### Өзара байланысты жүйе

Өндіріс және өндеу шаралары негізгі үш қондырғыда өтеді: Қарашығанақ өндеу кешені, ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3. Шамамен 2000 километрге созылатын құбырлар негізгі нысандарды байланыстыра отырып, сонымен қатар ұңғымалардан және бөлімдер арасында жеткілікті өндіріс ағымын қамтамасыз ететін кен орнының ішкі жүйесін құрайды. 2013 жылдың соңында Қарашығанақта жалпы саны 388-ге жететін ұңғыма жұмыс жасауда, соның ішінде 94 өндірістік ұңғыма және 17 тазартылмаған газды кері айдау ұңғымасы.

### ҚӨК

Қарашығанақ өндеу кешені 44 өндіріс ұңғымаларынан және ГҚДҚ-2 мұнай конденсатын өндейді. Мұнай мен газ алдын ала бөлу құрылғысы арқылы ажыратылады. Май құйылымы

төрт тұрақтандыру желісі арқылы тазартылады және Атырау экспорт құбырына халықаралық нарықтардағы сатылымға айдалады.

2011 жылы КПО төртінші технологиялық желі жобасын аяқтады, төртінші сұйық көмірсутектерді тұрақтандыру және тазарту желісі құрамында қосымша конденсатты тұрақтандыру және тазарту желісі, қазіргі Қарашығанақ өңдеу кешенінің ішкі нысандарының аумағы, қосымша тазартылмаған газды тартып шығару компрессоры, бәрқатар конденсат айдау сорғылары және тартып шығару сорғысы, және екі ішкі өндірістік құбыр мен тиісінше ГҚДҚ-3 пен ерте мұнай сателлитіне қосу құбырлары бар болатын.

### Ерте мұнай өндіру сателлиті

ЕМӨС 2000 жылы мұнай жиегінде бұрғыланған ұңғымалардың жұмысын бағалау мақсатында қондырылып, іске қосылды. ЕМӨС алғашқыда ГҚДҚ-3-мен байланысты болды, бірақ ҚӨК нысандарын іске қосқаннан кейін ҚӨК-не бағытталды.

### ГҚДҚ-3

1984 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ГҚДҚ-3 нысаны 28 ұңғымадан келетін газ бен мұнайды құбыр арқылы Ресейдегі Орынбор газ өндеу зауытына экспортқа жібермес бұрын ажыратады және жартылай тұрақтандырады.

### ГҚДҚ-2

ГҚДҚ-2 2003 жылы енгізілген көп функциялы бірден бір нысан. Ол жоғары қысымды тазартылмаған газды ажыратып, өндеп, кері айдай алады және тұрақтандырылған мұнай өндіріп, оны экспортқа жібермес бұрын ҚӨК-не тұрақтандыру үшін жібере алады. ГҚДҚ-2-ге 21 ішкі өндіріс ұңғымаларынан құйылады.

ГҚДҚ-2-де озық технологияны қолданатын әлемдегі өте жоғары қысымды газды айдау жүйесі жұмыс жасайды. Үш компрессор газды 550 барға дейінгі қысымда құрамында  $H_2S$  жоғары деңгейімен 9%-ға дейін айдай алады.

Газды айдаудың бұл үлгісі сәтті екендігі дәлелденіп келе жатыр, себебі ол жартылай қысым сақталуын қамтамасыз етеді, көмірсутектердің қалпына келуін жақсартады, сонымен қатар күкіртті шығаруға деген қажеттілікті төмендетеді, ал бұл өз кезегінде қоршаған ортаға маңызды пайда тигізеді.

### ЭКО-ОРТАЛЫҚ

Эко-орталық мұнай мен газды бұрғылау және өндіруден кейінгі өндірістік қалдықтардан тазартуға арналған алты қондырғыдан тұратын әлемдік деңгейдегі тазарту нысандары болып табылады:

# ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ДАМУЫ ЖОБАЛАР

- Мұнай негізіндегі саз ерітіндісі қалдықтарын қауіпсіз және нәтижелі жоюға жағдай туғызатын бұрғылау қалдықтарын тазалайтын термомеханикалық тазарту қондырғысы;
- Бұрғылау ерітіндісін дайындау жүйесі-бұрғылаудағы мұнай негізіндегі саз ерітіндісін араластыру және тазартуға арналған өндіріс нысаны;
- Сұйықтарды өндеу қондырғысы көмірсутекпен ластанған суды тазартуға, жөндеу жұмыстарында қолданған қаныққан минералды ерітіндіні қайта қолдануға және ұңғыманың жоғарғы аралығындағы жұмыстарды қолданған су негізіндегі сазды қайта қалпына келтіруге жағдай туғызады;
- Айналмалы қалдықтарды өртеу пеші мұнаймен ластанған және топырақты бұрғылау қалдықтарынан басқа материалдарды өндеу үшін қолданылады;
- 2011 жылы іске қосылған қоқыс тастау орны жалпы саны 12 тең қолданысқа өндірілген қоқысты ұзақ мерзімге сақтау орындарындағы қатты қалдықтардан қауіпсіз құтылуды қамтамасыз етеді;
- Жаңа жалпы мақсаттағы 2012 жылы іске қосылған пеш.

## ҚАРАШЫҒАНАҚ-АТЫРАУ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІ (ҚАТЖ)

ҚАТЖ Қарашығанақ кен орнында өндірілетін тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді тасымалдайтын басты экспорттық жол және бұл құбырлар 2003 жылдан бері пайдаланылып келеді. Тасымалдау жүйесі Қарашығанақ өндеу кешенінен Каспий теңізіндегі Атырау қаласына дейін созылған 24 дюймдік жер асты құбырынан тұрады. Екі сорап станциялары бар: біреуі ҚӨК-де аралық айдау станциясы, екіншісі - Үлкен Шағанда, ол негізгі айдау станциясы болып табылады; және КПО Атырау терминалында қабылдау және сақтау нысаны бар. Атырауды бұл желі Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) жүйесіне қосылып, мұнай әрі қарай Новороссийскіге жіберіледі де, танкерлерге құйылып экспортқа шығарылады.

КПО осы нысандар жұмысын қадағалап, басқарып келеді.

## ҚАРАШЫҒАНАҚ-ОРЫНБОР ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІ (ҚОТЖ)

ҚОТЖ көмірсутектерді Қарашығанақ кен орнынан Ресей Федерациясы Орынбор газ зауытына (ОГЗ) тасымалдайтын ұзындығы 140 км бес құбырдан тұратын жүйе. Бұл құбырлар Қарашығанақты игерудің екінші кезеңі басталар алдында іске қосылды. 28 дюймдік екі құбыр күкіртті газды ОГЗ-на әрі қарай өндеу үшін тасымалдайды. Оған қоса,

жүйе 14 дюймдік үш құбырдан тұрады, олардың біреуі сұйық көмірсутектерді экспортқа шығаратын желі, ал қалған екеуі не тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутекті, не күкіртті газды тасымалдауға қолданылады.

## Жобалар және оларды дамыту іс-шаралар

КПО 2013 жылы келесі ірі жұмыстарды жүргізді:

- 7 жаңа ұңғыма эквиваленті сәтті бұрғыланды және оның 5-уі қосылды;
- Өндірісті оңтайландыру үшін ұңғымалардың күрделі жөндеу жұмыстары және кен орындағы кері айдау бағдарламасы жалғастырылды;
- ҚӨК және ГҚДҚ-2-ні байланыстыру және сұйық көмірсутектерді алу деңгейін жоғарылату мақсатындағы Газ факторы бойынша кен орын өнімділігін түзеу жобасы бойынша құрылыс жұмыстары басталды;
- Негізгі аймақ болып келетін нысан тұтастығымен бірге нысандарды жетілдіру үшін күрделі жұмыстар жалғасуда;
- Кәсіпшілікке көңіл бөле отырып, ГҚДҚ-3-гі қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша қысқа және орта мерзімді жұмыс бағдарламалары жалғасты;
- 2011-2013 жж. Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспарына қатысты ірі жобалардың орындалуы;
- 2011-2013 жж. Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспарының екі соңғы Экологиялық бақылау станцияларының құрылыс жұмыстары аяқталды және нысандар іске қосылды;
- 2011 жылғы бекітілген кен орнын дамыту жоспарына сәйкес қазіргі жоғарғы өндіру деңгейін сақтау мақсатында өндіру шегін кеңейту жобасы бойынша тұжырымдаманы таңдаудағы зерттеу жұмыстары жалғасты;
- Батыс бөлігін ерте игеру жобасын зерделеу келесіден тұрады: (а) жаңа бұрғылау ұңғымасы және резервуар сапасы айтарлықтай жақсырақ орында ұңғыма оқпаны табысты бұрғыланды; және (б) 9834 ұңғымасының оқпаны (алғашқыда 2012 жылы бұрғыланды) сапасы төмен резервуар орнынан резервуар сапасы айтарлықтай жақсырақ орында бұрғыланды. Екі ұңғыма да 2014 жылдың бірінші тоқсанында аяқталып, іске қосылады.

КПО-ның айқындаушы факторы Қарашығанақ кен орнының дамытуын жалғастыру үшін Қазақстан Республикасымен келісілген ӨБТК міндеттемесін орындау болып табылады. Біз кен орын дамуының қазіргі кезең аралығында өнімді жақсарту мақсатында қысқа мерзімді даму мүмкіндіктер қатарын зерттеуді жалғастырдық. Атап айтқанда келесі жобаларды дамыту жұмыстары жалғасты:



2013 жылы Қарашығанақ кен орнының алдын ала жоспарлы жөндеу жұмыстар барысында

### **ҚӨК-гі газ өндіруді оңтайландыру жобасы**

ҚӨК-гі газ өндіруді оңтайландыру жобасы уақыт өте келе газ факторының жоғарылуына байланысты кен орында ұлғайған газ көлемін басқару үшін жобаланған. 2013 жылы ең тиімді мөлшерді таңдау арқылы бұл жоба әрі қарай жалғасты, және қазір бастапқы тұжырымдамалық жағынан жобалау арқылы таңдалған тұжырымдаманы әрі қарай дамытуда.

### **Батыс бөлігін ерте игеру жобасы**

Батыс бөлігін ерте игеру жобасы Қарашығанақ кен орнының өндіру шегін кеңейту бойынша кезеңді жобаларының бір бөлігі болып табылады. Оның бастапқы мақсаты кен орнының сәйкесінше игерілмеген Батыс бөлігінде бұғымға бұрғылау, алыстатылған манифольд станциясын қондыру және ҚӨК-не магистральдық және сынау құбырларын қосу арқылы сұйықтықтың өндіру шегін ұлғайту болып табылады. Қазіргі уақытта бұл жоба тұжырымдаманы анықтау кезеңінде және 2014 жылдың екінші тоқсанында іске асыру кезеңіне көшуі жоспарланып отыр.

### **ГҚДҚ-3 болашақтағы дамуы**

ГҚДҚ-3 заманауи халықаралық өндіріс нысанына қойылатын қауіпсіздік немесе нысан тұтастығы бойынша стандарттарға сәйкес келмейтін ескі зауыт. ГҚДҚ-3-ті болашақта дамыту бағдарламасы өндіруді тоқтатпай заманауи халықаралық қауіпсіздік немесе нысан тұтастығы бойынша стандарттарға сәйкес келу үшін қазіргі нысанды ауыстыру немесе қалпына келтіру стратегиясын дамыту мақсатында дайындалған. Ең оңтайлы тұжырымдаманы таңдау мақсатында техникалық-экономикалық дәлелдеу/тұжырымдаманы таңдау жұмыстары басталды.

### **ГҚДҚ-2 газ айдау жүйесін жетілдіру**

ГҚДҚ-2 газ айдау жүйесін жетілдіру де өндіру шегін кеңейту бойынша жобаларының бір бөлігі болып табылады. Бұл жобаның мақсаты өнімсіздік уақытын қысқартып, нысанның жарамдылығын, мүлтіксіздігін, икемділігін және газды айдау көлемін ұлғайта отырып Қарашығанақ кен орнындағы газды кері айдау жүйесін оңтайландыру мақсатында ГҚДҚ-2-гі қазіргі газ айдау инфрақұрылымын жетілдіру болып табылады. Қазіргі уақытта бұл жоба тұжырымдаманы таңдау кезеңінде және 2014 жылдың екінші тоқсанына тұжырымдамалық жобалау жоспарланды.

### **Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасы**

Мердігер Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасы арқылы Қазақстан Республикасымен орнатылған келісімшарттың міндетемелеріне сәйкес ұзақ мерзімдегі Қарашығанақ кенішінің кезеңді игеруін жалғастыруда.

Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасы бойынша Тұжырымдаманы бағалау және таңдау жұмыстар құрамына ұсынылып отырған жаңа нысандарды құрастыру және пайдалану кезінде қызметкерлердің тәуекелге ұшырағыштығын бағалау үшін қатерлерді сандық бағалау моделін дайындау жұмысы кіреді. Модельді құру нәтижелері осы жұмыстарды орындау кезінде жаңа нысандар схемасы, бөлінуі және жобасы қауіп-қатерлерді ең төменгі деңгейге дейін төмендетуін қамтамасыз ету үшін қолданылды.

Бөлінген газды кері айдау үшін сығу станциясы өндіріс қауіп-қатерін мәнге ала отырып негізгі Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасы нысанынан бөлінеді. Жобаның бұл ерекшеліктері жаңа нысандардың жұмысы кезінде жоба бойынша қауіпсіздік деңгейін жоғарылатып, қызметкерлердің өндірістік қауіпсіздік қатерлерге (улы газбен улану қауіпін қосқанда) ұшырағыштығын төмендетеді. Сонымен қатар Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасы өндірістік нысандарда оператордың қатысын және тәуекелге ұшырағыштығын төмендететін технологиялық шешімдерді қолдануды көздеп отыр.

Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасының ұсынылған нысандары бойынша қоршаған ортаға ықпалы ең жоғарғы деңгейде жетілдірілген технологияларды қолдану арқылы басқарылады және аталған жобаның зиянды заттардың ауада таралуын модельдеу кен орындағы санитарлық қорғау аймағы шегіне қандай да бір ықпалды бағалау үшін жүргізілуде. Қазіргі жұмыстар Қарашығанақ кенішінің өндірісін кеңейту жобасының 1-кезеңі үшін санитарлық қорғау аймағының ұлғаюын талап етпейді.

### **Өндіріс тұтастығын басқару**

КПО-ның Қарашығанақ кенішіндегі күрделі, капиталды қажет ететін нысанның функционалды, механикалық және өндірістік тұтастығын белсенді және сенімді басқару КПО жұмысының ұзақ мерзімді тұрақтылығы үшін негізгі қағида болып табылады. КПО-ның өндірістік нысандары жобаның екінші қолдану кезеңіне өткендіктен, нысандардың тұтастығын басқару тұрақты бизнес жағынан негізгі мәселеге айналып отыр. Осы өту кезеңін есепке ала отырып, КПО-ның директорлары нысан тұтастығының негізгі қағидалары мен ұйымда технологиялық қауіпсіздікті енгізу бағдарламасын бастады. Технологиялық қауіпсіздік пен тұтастықты басқару стандарты (ТҚТБ) арқылы КПО директорлары КПО кәсіпшілігінің келесі кезеңіне өту үшін сенімді де тұрақты бизнес өндірісінің негізі болатын нысан тұтастығы қағидалар түсінігін айқындап белгіледі.

КПО-ғы технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығы бойынша түсінікті анықтаған соң, КПО ең басты жұмысы компанияда технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығы

# ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ДАМУЫ ЖОБАЛАР

қағидаларын енгізу болып табылатын нысан тұтастығын қамтамасыз ету тобын құрды. Оған қоса, нысан тұтастығын қамтамасыз ету тобы технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығы қағидаларына сәйкес келетін тәртіп пен жұмыс үдерісін өзгертуде КПО-ның кең ауқымды ұйымға өтуіне қолдау көрсетеді. Бұл бастама 2010 жылдың ортасында орын алғандықтан, технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығы стандарты бағдарламасының нәтижесінде сенімді және тұрақты өндіріске жету мақсатында қауіп-қатерді бағалауға негізделген тәсілді немесе мақсат қою философиясын құру үшін бағдарламалар саны өсті. Бұл әдіс халықаралық мұнай және газ өндірісіндегі ең жақсы тәжірибе болып саналады, бұндай жүйелі және негізделген философияны құру нәтижесінде тұрақтылықтың үш негізгі яғни, Қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік және экономикалық қағидаларының күшеюіне әкелді.

Технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығы стандартында белгіленген қағидаларды енгізу процесін «корпоративтік мәдениет өзгерісі» бастамасымен салыстыруға болады. Себебі ұйым мәдениетін өзгерте отырып, технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығы қағидалары қысқа мерзімді шешімдер мен ұзақ мерзімді стратегиялық ұғымды баланста ұстай отырып, нысанды басқару мен мәселені шешу жағынан түсінікті жаңа жолдарын көрсетеді.

Технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығының бірден бір басты элементтерінің бірі сенімді, ресми өзгерістерді басқару жүйесінің үдерісі, атап айтқанда, Өндіріске бағытталған екінші нысандардағы өзгерістерді басқару болып табылады. Екінші нысандардағы өзгерістерді басқару процесіне қатысты әлеуетті құндылығын әрі қарай жетілдіру мақсатында нысанның тұтастығын қамтамасыз ету тобы Өндіріс, Техникалық қызмет көрсету, Жобалау және жобаларды іске асыру топтарымен ішкі семинарлар жүргізді, бұл семинарларда әр топ бойынша тиісінше жұмыс процестерге деген нақты байланыс көрсетілді, және екінші нысандардағы өзгерістерді басқару процесі КПО нысандарының жалпы тұтастығын жетілдіретіні туралы айтылды. Оған қоса, нысанның тұтастығын қамтамасыз ету тобы нысандарды басқару сенімді тәжірибелерін қолдану арқылы қол жететін КПО жұмысындағы шынайы құндылықты түсіну және тануын ұлғайту процесін бастау мақсатында келісімшарттар мен сатып алу (Корпоративтік) және келісімшарттарды басқару (Өндірістік) бөлімдерімен бірге және жеке ресми емес оқыту курстары мен семинарлар өткізді. Және соңында айта кетсек, КПО-ның жобалау құжаттамасын дайындау тобы бастапқы жобалау мердігерлерімен технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығына көзделген семинарлар өткізуге демеушілік етті, ал корпоративтік қауіп-қатерлер тобы 300 орта деңгейлі менеджерлерге алдын ала тапсырыс арқылы, интерактивті форматта



ҚӨК-тағы конденсат сақтау сұйыққоймалар



258 нөмірі бұрғылау қондырғысы

КПО қызметкерлерінің жетекші таланттарының көмегімен технологиялық қауіпсіздікті тану бойынша оқыту жүргізді.

Сыртқы шаралар ішкі шаралар секілді де үлкен маңызға ие, КПО компаниясы КазЭнерджи үлкен ұйымына белсенді қатысумен қатар, КазЭнерджи өндірістік консорциумының ұңғыма тұтастығы жұмыс тобында белсенді қатысуын жалғастыруда. Жақында КПО-ның ұңғыма тұтастығын қамтамасыз ету тобы КазЭнерджи жұмыс тобына бағана аралық қысым астында ұңғымаларды пайдалануға байланысты қауіп-қатерлерді басқару тәсілін стандарттайтын ұсыныс жасады. Оған қоса, КПО компаниясы КазЭнерджи тобына Қазақстанның мұнай және газ өндірісіндегі анықталған зерттеу және дамыту қажеттіліктер санына өз үлесін қосуға немесе қатысуға өз қызығушылығын білдірді.

КПО жоғарғы басшылық тобының мақсаты анық – сенімді нысан тұтастығын қамтамасыз ету бағдарламасы КПО жұмысының тұрақты дамуының негізі болып табылады. Жоғарыда аталған бастамалардың 2014 жылы одан әрі жетілдірілетіні, қатысушылар санын одан әрі ұлғаятыны айдан анық. Оған қоса, 2013 жылы басталған корпоративтік мәдениетті өзгерту процесінің қолдау көрсететін қызметкерлерді қатыстыра отырып, Пайдаланушы компания сарапшылары жағынан «Алынған үлгілерді» пайдалана отырып тездетілуі күтілуде. Қорытындылап айтсақ, нысанның тұтастығын қамтамасыз ету тобы технологиялық қауіпсіздік және нысан тұтастығын басқару стандартына сәйкес функционалдық қолдау көрсетіп, сапа кепілдігін қамтамасыз етуге жалғастырады, атап айтқанда КПО-ның ең басты үш мәселелерін жетілдіруін жалғастырады.



Қарашығанақ кен орнында

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу КПО-ның тұрақтылығы мен табысты жұмысына аса маңызды болып табылады.

Біз өз акционерлеріміз, Қазақстан Республикасы Үкіметі, ҚР басқару органдары мен Министрліктері, қызметкерлер, кәсіподақтар, мердігерлер, бизнес серіктестер мен қауымдастықтар, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар мен жергілікті қауымдастықтарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу мен өзіміздің белгіленген басты мүдделі тараптар алдындағы міндетіміз зор.

КПО-да мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бойынша жұмыстарды басқару үшін тиісті саясаттар мен процедуралар бар.

КПО-ның корпоративті деңгейде ішкі және сыртқы байланыс кезінде қолданатын механизмдер мен процестерді сипаттайтын Корпоративтік байланыстар саясаты бар. Сонымен қатар, бұл саясатта КПО ішінде сыртқы мүдделі тараптармен әрекеттесуге белгіленген тараптарды анықтайтын мүдделі тараптар тізімі берілген.

Басқа тиісті мүдделі тараптармен процестері бірнеше саясаттар мен процедуралар арқылы анықталады, олардың ішінде, Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бойынша іс-әрекет процедурасы, Демеу көрсету және қайырымдылық саясаты, Ішкі байланыс саясаты, сонымен қатар КПО, Бөрлі ауданының мәслихаты және Бөрлі ауданының әкімдігі арасындағы Қарашығанақ кен орнының айналасында орналасқан қауымдастықтардың консультативтік кеңестері және қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасын құру бойынша жасасқан өзара түсіністік туралы меморандумы.


Біз өз мүдделі тараптарымызбен мәнді, тиянақты, еркін тәртіпте және белгілі бір шекте әрекеттесуді талап ететін Халықаралық қаржылық корпорациясының қағидаларына негізделген Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бойынша іс-әрекет процедурасын әзірледік.

Төменгі графикте біздің мүдделі тараптарымыздың басты және қосалқы топтары көрсетілген.

## 1-график. Біздің мүдделі тараптарымыз







2013 жылы EXPO көрмесінде Оралда

2013 жылғы біздің негізгі мүдделі тараптармен әрекеттесуіміз туралы ақпар:

**Басқару органдары мен министрліктер** – ҚР қоршаған ортаны және еңбекті қорғау заңнамасына сәйкесітігін қамтамасыз ету үшін есептер тапсырып, жүйелі түрде жиналыстар өткіземіз. Тиісті министрліктер ұйымдастырған жұмыс топтары мен дөңгелек үстелдер/конференцияларға қатысу кезінде парникті газ шығарындылары, мүдделі тараптар топтарымен қарым-қатынасы бойынша жұмыс пен тиімділікті арттыру, ықтимал жабдықтаушылармен қарым қатынас орнату және т.б. сияқты біздің жұмысымыздың негізгі бағыттары анықталды.

**Қызметкерлер** – біз өз қызметкерлерімізге орнықты даму туралы есебімізді тарату, орнықты даму бойынша электрондық оқыту жүргізу, орнықты даму негіздері бойынша семинарлар өткізу және тиісті бөлімдерге есеп беру арқылы компания ішінде орнықты даму мәселелерін жетілдіру бойынша жұмыс жасап келеміз. Компания қызметкерлерінің 30% осы оқытуға қатысты. Шамамен 30 қызметкердің деңгейді көтеру, еңбек қатынастары және жұмыс жағдайларына қатысты шағымдары жыл бойы қарастырылып, шешілді. Өткен жылы компанияға келген жаңа қызметкерлерге арнап Ашық есіктер күнін өткіздік. Ашық есіктер күні жаңа қызметкерлердің іске табысты кірісуіне көмек беруде КПО-ның жақсы сал-дәстүріне айналды.

**Кәсіподақтар** – біз одақтармен тиімді қарым-қатынас орнатуға тырысамыз. 2013 жылы жұмыс жағдайлары, деңгейді көтеру және төлемдер туралы қызметкерлердің көтерген мәселелерін шешу үшін кәсіподақпен жиналыстар жүргіздік. Кәсіподақпен біріге отырып, КПО қызметкерлерінің қатысуымен Ақсай-Орынбор маршруты бойынша вело-шерулер, мини-футбол, үстел теннисі сияқты басқа да сайыстар жүргізілді.

**Мердігерлер** – жұмысшының қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау талаптарына қатысты халықаралық стандарттарға сәйкес қазіргі және ықтимал мердігерлермен әрекеттесу үшін ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейде бірнеше бизнес форумдарға қатыстық. Сатып алу жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін өз вебсайтымызда жылдық, орта және ұзақ мерзімді сатып алу жоспарларымызды жүктедік. Компания процедураларын түсінуі мен танысуын жақсарту және қоршаған ортаны қорғау туралы хабардарлықты жоғарылату мақсатында мердігерлермен бірге ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша екі форум өткізілді.

**Қауымдастықтар** – біздің қызметіміздің тікелей ықпалындағы жүйелі түрде өтетін қоғамдық тыңдаулар мен консультативтік кеңес жүргізу арқылы қауымдастықпен байланысқа түсеміз. Бұл жиналыстарда қауымдастықтың көтеретін мәселелеріне инфрақұрылымды жақсарту, жолдарды жөндеу, сумен қамтамасыз ету жүйесі,



Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы үш жақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою кездесуде

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

жұмысқа орналастыру және ауа сапасын қадағалауға қатысты мәселелер кіреді. Біз білім беру, денсаулық сақтау, мәдени және әлеуметтік бағдарламаларға көңіл бөле отырып, әлеуметтік жұмыстарды орындау жоспарын жүзеге асыру арқылы осы мәселелерді шешеміз. Біздің қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төтенше жағдайларға әрекет ету топтары Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау экспорттық құбыры мүшелерімен белсенді түрде байланыста және оларға КПО операциялары және тасымалдау жүйесі туралы хабарлап, қауымдастық хабардарлығын көтереді. Жергілікті қауымдастықпен осындай байланыс біздің экспорттық құбырларға заңсыз қосылу санын қысқартты.

**Үкіметтік емес ұйымдар** – біз әртүрлі қайырымдылық кештерді қолдап, олардың көтерген мәселелеріне жауап бере отырып, жергілікті коммерциялық емес ұйымдармен жақсы қатынас құрып келеміз. Жыл сайынғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша ең жақсы жұмыстарды бағалау бағдарламасы бойынша қайырымдылық бағдарламасының Батыс Қазақстан облысы мен Бөрлі ауданының үш мемлекеттік қорына әрқайсысының сомасы 2,000 АҚШ долларын құрайтын ваучер берілді.

**Қауымдастықтарда мүшелік** – біз стратегиялық тұрғыда Қазақстанның жер асты қойнауын пайдаланушылар мен тұрақты даму қауымдастығы және Қазақстан мұнай және газ қауымдастығында мүшелік етеміз, себебі бұл бізге қауымдастықтың басқа мүшелерімен байланыста болуға және олардың ресурстарына жол ашуға мүмкіндік береді. Біздің мүшелік негізгі жұмыс мәселелері бойынша жұмыс топтары мен комитеттерге қатысуға мүмкіндік береді. Біз КазЭнерджи индустриалды консорциумының ұңғыма тұтастығы бойынша жұмыс тобына белсенді қатыстық және Қазақстанның мұнай және газ индустриясындағы анықталған бірнеше зерттеу және өңдеу қажеттіліктерін жүргізуге немесе қолдау көрсетуге қызығушылығымызды білдірдік.

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Есептілік бойынша жаһандық бастама нұсқаулығында көрсетілген нұсқауларды талдау, корпоративтік тәуекелдер тіркеуін қарастыру және негізгі мүдделі тараптарымызбен өзара әрекеттесу өз есебімізді құруға және КПО үшін маңызды болып табылатын келесі мәселелерді анықтауға көмек берді:



*“Мұнай және газ сектордағы сервистік қызметтері және машина жасауы” Форумында КПО-ның қатысуы*



Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Серик Ахметовтың ресми сапар барысында

- Адам құқығы
  - Этика және сәйкестік (сонымен қатар біздің мердігерлер үшін маңызды)
  - Қызметкерлердің қауіпсіздігі (сонымен қатар біздің мердігерлер үшін маңызды)
  - Қызметкерлердің денсаулығын сақтау
  - Парникті газ шығарындыларын азайту
  - Қалдықтарды басқару
  - Биотүрлілік
  - Суды пайдалану
  - Қуат көздерін басқару
  - Қызметкерлерді дамыту және оқыту
  - Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру
  - Қазақстандық қамту
  - Жергілікті қауымдастықтардың дамуын қолдау
  - Жергілікті экономикаға қолдау көрсету
- Бұл мәселелер осы есепте қарастырылған.



КПО басшылықтарына арналған семинар

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Сенімді басқару ірі көлемді инвестициялардың тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. КПО сияқты біріккен кәсіпорынның күрделі де кешенді жұмыс ортасында біздің қатаң басқару, бақылау және сапаны қамтамасыз ету тетіктеріміз табысқа қол жеткізуде аса маңызды ықпалға ие.

1997 жылдан бері Қарашығанақ кен орнын игеру және өңдеу жұмыстары Қазақстан Республикасымен Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (ӨБТК) жасасқан инвесторларды (жеке «Мердігер компаниялары» және бірге «Мердігер» деп аталады) құрайтын бес мұнай компанияларынан тұратын негізгі пайдалану функцияларын Карачаганақ Петролиум Оперейтинг б.в. (КПО) компаниясына тапсырумен бірге Агір пен ВГ компанияларымен атқарылады. Қатысушылардың пайыздық үлесі: ВG Group (29.25%), eni SpA (бұрыңғы Агір) (29.25%), Chevron Corporation (18%), Лукойл (13.5%) және Қазмұнайгаз (10%) (2012 жылы Қазмұнайгаз Қарашығанақ ҚМГ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі болған Қазмұнайгаз Мердігердің 10% үлесіне ие болды).

ӨБТК сәйкес Мердігерге кен орнын игеру жұмыстары үшін жауапкершілікті 2038 жылы қаңтар айына дейін артып отыр. Мердігер тобын құрайтын жоғарыда аталған бес компания Қарашығанақ кен орнынан барынша көп түсім алу мақсатында өздерінің халықаралық тәжірибесін Қазақстан Республикасымен бөліседі.


## ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ


Біздің ұйымдық құрылым кәсіпорынымыздың басты құжаты өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісімде (ӨБТК) көрсетілгендей, бизнесте көздеген мақсаттарымыз бен Қазақстан Республикасының алдындағы міндеттемелерімізді орындауға оң ықпал ететіндей жобаланған.

ӨБТК бойынша екі комитет құрылған: Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) және өтім бойынша бірлескен комитет (ӨБК). Екі комитет әр бес мердігер компаниялары әрбірінің өкілдерінен және Қазақстан Республикасы атынан өкілдік ететін ӨБТК (қазір PSA LLC) уәкілетті органы тағайындаған адам саны бірдей мүшелерден құралған.

Мердігер мен Уәкілетті органның бірдей дауыс беру құқықтары бар. Барлық шешімдер бірауыздан дауыс берумен қабылданыуы керек.

## 2-сурет. Қарашығанақ жоғары басшылығының ұйымдық құрылымы





ҚӨК-тың Әкімшілік ғимараттың қасында

## БАСҚАРУ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН КОМИТЕТ

Басқару бойынша бірлескен комитет (ББК) мұнай-газ операциялары, әлеуметтік және инфрақұрылым жобалары бойынша жалпы қадағалауға жауапты. ББК-не қатысты мәселелер жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджетті, әлеуметтік инфрақұрылым жобаларын және кен орнын игеру жоспары бойынша енгізілуі тиіс кез келген өзгерістерді қарастырып, бекітуді қамтиды. ББК жиналыстары жылына кемінде екі мәрте болады.

ББК Қазақстан Республикасы тарапынан уәкілетті органның мүшелері арасынан тағайындалатын адам төрағалық етеді. КПО компаниясының бас директоры мен оның орынбасары дауыс беруге құқысыз ББК жиналыс жұмыстарына қатысуға құқығы бар.

ББК мүшелерінің жұмыс ақысы өздерінің компаниялары тарапынан өтеледі және олар әрбір қатысушы тараптың жоғары басшылығы тағайындауымен таңдалады. Тағайындау барысында үміткердің жеке еңбек өтілі және тиісті компанияның саясаты қаперге алынады.

Сатып алу бойынша бірлескен комитет (СБК) ББК аясында құрылатын қосалқы комитет, ол ББК бекіткен тендерлік процедураға сәйкес, КПО компаниясы жасастын барлық ірі келісімшарттар мен актілерді бекітуге немесе мақұлдауға жауапты. СБК мүшелігі мен дауыс беру құқықтары бойынша ережелер ББК ережелерімен бірдей және ол қабылдайтын шешімдер де бірауыздан бекітілуі керек.

## ӨТІМ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН КОМИТЕТ (ӨБК)

ӨБК көмірсутекті және көмірсутекті емес өнімдер маркетингі бойынша барлық іс-шараларға жауапты. Бұл комитет мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, айырбастау және сатуға қатысты ұсыныстарды бекітеді. Шешімдер қабылдауға таза пайданың үлес мөлшерін арттыру мақсаты көзделеді.

## МЕРДІГЕРЛЕР КОМИТЕТІ

Мердігердің ең жоғарғы басшылығы – бұл мердігерлер комитеті. Мердігерлер комитеті ББК және ӨБК отырыстарында кез келген талқыланатын және дауыс берілетін мәселе бойынша ӨБТК аясында мердігердің құқықтары мен міндеттеріне сәйкес мердігердің ұстанымын анықтауға жауапты.

Мердігерлер комитеті құрамына мүшелік мәселесі әрбір бес мердігердің өкілдері және КПО-ның басшылығы қатысуымен де шешіледі. Барлық шешімдер жекелей немесе бірге алғандағы компания капиталындағы үлес мөлшері кемінде 90 % болатын тараптардың қолдап дауыс

беруімен қабылданады. Қосалқы комитеттер мердігерлер комитетіне және КПО-ға бизнес бағдарламаларды жүзеге асыру қажеттілігі бойынша көмек көрсетуге жауапты.

Мердігерлер комитеті құрамына қазіргі уақытта келесідей қосалқы комитеттер кіреді:

- Қаржы
- Салық
- Заң
- Аудит
- Жұмыс бағдарламасы мен бюджеті
- Сақтандыру
- Үкіметпен байланыс және қарым – қатынас
- Мердігерлердің өтім комитеті (МӨК)

Басқару құрылымының төменгі тармағы BG және ені операторлық басты компаниялардың өкілдерінен құралған Басқару комитеті.

Кадрлар бөлімі, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ, қауіпсіздік және тұрақты даму тәріздес арнаулы тапсырмаларға жауапты кейбір бірнеше қосалқы комитеттер Мердігер комитетіне де Басқарушы комитетке де қолдау көрсету үшін тағайындалады.

КПО компаниясының бас директоры, оның орынбасары мен басқа да директорлары тиісті басты компаниялар тарапынан тағайындалады. КПО-ның жоғары директорларының рөлдері орта шамамен әрбір үш жыл сайын BG және ені арасында ауысып тұрады.

## БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Өзінің қызметінің барлық аспектілері бойынша және өнім бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК), КПО халықаралық танылған стандарттарға сай қызмет етеді, осы стандарт талаптары компанияның саясаттарында, процедураларында және тиісті үздік жұмыс жүргізу әдістерінде көрініс тапқан. Олар біздің басқару жүйелерімізде қамтылған және біздің әдеп ережелеріміздің, еңбек қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ) жүйесінің, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатының, өндірісті басқару жүйесінің және корпоративтік басқару жүйесінің нұсқаулығында қарастырылған.

Біздің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі және қоршаған ортаны қорғау жүйелеріміз OHSAS 18001 және ISO 14001 стандарттарына сәйкес тиісінше сертификатталған.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2009 жылы операторлардың тұрақтылық мәселелері жөніндегі жұмыс тобы атқарған ауқымды шаралардан кейін, КПО тұрақты даму кодексін дайындап шығарды.

Осы кодекстің мақсаты КПО компаниясының тұрақты даму бойынша іс-шараларының іргетасын қалап, жол нұсқаушы қағидаларын анықтау болып табылады; ол халықаралық және Оператор компаниялардың үздік тәжірибелеріне сүйене отырып дайындалды.

КПО компаниясының тұрақты даму кодексін [www.kpo.kz](http://www.kpo.kz) сайтынан және компанияның интранет порталынан табуға болады.

## ҚАУІП – ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

КПО ішінде кәсіпорын бетпе-бет келетін іскерлік қатерлерді анықтау және тиімді басқаруға арналған ресми қатерлерді басқару үдерісі жұмыс істейді. Бұл үдеріспен қатар рөлдер мен жауапкершіліктер қатерлерді басқару нұсқаулығына сай анықталады. Корпоративтік басқару жүйесіне жауапты тұлға қатерлерді басқару жүйесін іске асуын қадағалайды және компания деңгейінде КПО-ның алдына шығатын барлық қатерлер мен оларға қарсы орындалатын іс-шаралар мен жұмыс орнында қолданылатын әрекеттену шаралары көрсетілетін корпоративтік қатерлерді тіркеу журналын жүргізу жауапкершілігін атқарады. Ең жоғары деңгейлі қатерлер хабарланып, КПО-ның жоғары басшылығы әр тоқсан сайын қатерлер жөніндегі комитеттің отырысында осы мәселелерді қарастырады. Әрбір талқылаудан кейін, корпоративтік басқару жүйесіне жауапты тұлға мердігерлердің комитеттеріне компания бетпе-бет келіп отырған ең жоғары деңгейлі қатерлер туралы егжей-тегжейлі тоқсандық қатерлер тіркелімдері есебін ұсынады.

Біздің қызметіміздің табиғатына байланысты тұрақты даму қатерлері біз үшін басты назардағы мәселе. Мұндай қатерлер Қарашығанақ кенішін игеру мәселелері бойынша мүдделі тараптармен ықтимал келіспеушілік, қызметкерлердің қауіпсіздігі мен активтердің біртұтастығы, тосын төгінділер және шығарынды жағдайларымен байланысты экологиялық қатерлер, қоршаған ортаны қорғау ережелері және заңнамаларына сәйкестікті қамтамасыз ету және рұқсат алу мәселелері, әдеп қағидаларын сақтау, білікті жергілікті мамандарды жұмысқа тарту және олардың басқа компанияларға кетуін және компания беделіне нұқсан келтіретін жағдайларды болдырмау мәселелерін қамтиды. Біз осы қатерлерді Қатерлер комитетінің отырыстарында ұдайы қарастырамыз және сол бойынша ықпалдарды азайтуды мақсат етеміз.

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Сондай-ақ жергілікті мамандардың шеберліктерін шыңдау, жергілікті білікті жеткізушілерді іске тарту және аймақтың халқына әлеуметтік жағынан қолдау көрсету де біз үшін басты назардағы мәселе. Тұрақты даму жөніндегі есептерді дайындау соңғы 5 жыл бойынша КПО үшін танымдық тұрғысынан мүмкіндіктер тудырды, өйткені ол компания ішіндегі мамандар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты арттырып, жоғары басшылықтың бизнестің ұзақ мерзімді тұрақты даму мәселелері араласуына жол ашты және Ғаламдық Есеп беру бастамасы (GRI) аясында жетілген есеп беру тәжірибесі бойынша ішкі және сыртқы біліктілікті арттыруға мүмкіндік берді. Жалпы есеп беру процедурасы бизнес үдерістерді ұдайы жетілдіруге үлес қосып, өзіміздің ұйымымыз туралы жан-жақты түсінікке қол жеткізуге көмектеседі.

## САПА КЕПІЛДІГІ

Бұл жүйелер мен саясаттың барлығы аудиттік тексеруге жатады, олар арқылы КПО-ның басшылығы мен мердігерлер компаниялар үшін қатерлерді, оның ішінде тұрақты даму қатерлерін анықтау және басқаруға және бекітілген үдерістердің талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Компания ішінде, талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету шараларын Ішкі корпоративтік аудит тобы орындайды, олар КПО-ның барлық іс-шараларына тексеру жүргізеді. КПО-ның ішкі қатерлерді басқару үдерістері, директорлар талқылауы, басты компаниялардың талаптары мен КПО-ның өңдеу алаңдары туралы жіті мәлімет беретін өзіндік аудит моделі арқылы жыл сайын арнайы тексеру алаңдары мен әрбір алаң бойынша тексеру жиілігі анықталады.

Осы жылы да біздің басқару және сапа кепілдігі бағдарламалары өз жалғасын тапты, шамамен 35 сапаны тексеру жұмыстары, қолдау көрсету жұмыстары және семинарлары, 3 күрделі жобалық форумдары және 10 ішкі аудит өткізілді.

Талаптарға сәйкестікті тексеру бойынша сыртқы тараптар өткізетін аудиттер де белгілі бір жиілікте орын алып отырады. Оның ішінде жылдық басты компания аудиті КПО-ның өзінің саясаттары мен стандарттарын және кәсіпшіліктегі үздік тәжірибелерді қамтамасыз етуді електен өткізсе, Қазақстан Республикасы заңнамалық талаптарының орындалуы қадағалаушы органдар тарапынан тексеріліп отырады. 2013 жылдың қараша айында епі, BG, Лукойл, Шеврон және КМГК бес мердігер компаниялары басты компания аудитін өткізді, аудит барысында заңнамалық сәйкестік, өкілеттілікті тапсыру, Қаржы, КБ, келісімшарттарды басқару, жобаларды басқару, қорларды басқару және ақпараттық технологиялар мәселелері сыннан өтті.



Қарашығанақ ҚӨК көрінісі

## **НОРМАТИВТІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІҢ САҚТАЛУ ЖҮЙЕСІ**

### **Тәртіп кодексі**

Ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету компания ішінде барлық ережелерге бағынудың барлық аспектілері бойынша нұсқау береді және ұйым ішінде оларды жүзеге асыра отырып, КПО-ның іргелі құндылықтары мен негізгі сенімін қалыптастырады.

Ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету негізінің басты түйткілі тәртіп кодексі. Бұл кодекс негізгі әдеп қағидаларын, құндылықтары мен жүріс-тұрыс тәртібін белгілейді және бұл КПО-ның бизнес жүргізудегі даңғыл жолын көрсетеді.

Қайта қарастырудан өткен тәртіп кодексі 2012 жылы қыркүйек айында қолданысқа енгізілген болатын. Тәртіп кодексінде біздің келесідей негізгі құндылықтарымыз белгіленген:

«КПО компаниясы көптеген ұлт пен әр-түрлі мәдени салт-дәстүрлер өкілдері қызмет ететін күрделі құрылымды ұйым болып табылады. КПО беделін сақтау және нығайту бізден компания ішінде және сыртында жұмыстағы және өзара қарым – қатынасымыздағы жоғары стандарттарды сақтауды талап етеді.

Мақсаттарды орындаудағы ұзақ мерзімді бағдарламалар бойынша жоғарғы нәтижелерге жету барлық қызметкерлері жоғары стандарттар ережелері мен моральдық қағидаларын сақтайтын ұйымда мүмкін болады.

Біздің табысымыз біздің іскери қарым-қатынасымыздың адалдығы мен ашықтығының жоғарғы деңгейіне, барлығы және әрқайсысына даму және өсу мүмкіндігі қарастырылған, ашық және ортаның еңбегін тануға негізделген, барлығы және әрқайсысына тең қарайтын сенімді және қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ету бойынша таңдаулы әдістердің қолдануына негізделеді.

КПО компаниясы өз қызметін атқаратын қоғам мақсаттары мен өзінің іскери мақсаттарын белгілей отырып, әрдайым жауапты және құрылымдық рөлін жүргізуге ұмтылады. Әр-түрлі мәдени және әлеуметтік ерекшеліктері құрметтеліп, компания құндылықтарының негізгі бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Біз қоршаған ортаны құрметтейміз және қорғаймыз, біз қызмет ететін қоғамға құрметпен қараймыз және акционерлер, қызмет жеткізушілер және тұтынушылармен іскери қарым – қатынаста тек қана жүйелі және адал тәсілдердің қолдануын қамтамасыз етеміз.»

Ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету негізі заңның сақталуын қамтамасыз ету консулы мен заңның сақталуын

қамтамасыз етуді үйлестіруші менеджер тарапынан басқарылады, олардың екеуі де Заң директорына бағынады.

КПО-да заңның сақталуын қамтамасыз ету комитеті жұмыс істейді, оған Заң директоры төрағалық етеді, ал қалған мүшелері Бас директор мен КПО-ның жоғары басшыларынан құралады. Комитет отырысы әр тоқсан сайын өтіп тұрады және жиналыс кезінде КПО қызметінің заңға сәйкестігі бойынша барлық мәселелер талқыланады.

Аталған комитет заңның сақталуын қамтамасыз ету тобының жұмыстарын қарастырады, заңның сақталуын қамтамасыз ету консулының жұмыстары мен есептерін бекітеді, немесе сұрақты/есепті әрі қарай дамыту үшін кері қайтарады.

Аталған комитет барлық тиісті сұрақтар бойынша Аудит қосалқы комитетін қоса алғанда әр-түрлі комитеттер арқылы Басқарушы және басты компанияларға есеп береді.

Жеткізушілер немесе мердігерлермен келісімге отырған кезде жұмыс қарым-қатынасындағы белгіленген КПО-ның этикалық бизнестің стандарттары туралы хабарлау мақсатында КПО-ның тәртіп кодексі келісімшарттық құжаттар бөлігі ретінде қосымша ретінде беріледі.

### **Оқыту**

2013 жылы тәртіп кодексі мен заңның сақталуын қамтамасыз ету бойынша жаңадан кірген қызметкерлерді қоса есептегенде 307 қызметкер топта оқу курстарынан өтті. Бұл шараның мақсаты КПО-да әдеп мәдениетін қалыптастырып, әрбір қызметкерге оның компания алдындағы міндеттемелерін түсіндіру. Әр топ орташа есеппен 13 қызметкерді құрады, әрбір курсы 1,5 сағат жалғасты.

Сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімі сондай-ақ қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар бойынша оқу курсына ұйымдастырды. Осы оқу курсына келісімшарттар мен сатып алу, қойма және логистика, сапарларды ұйымдастыру бөлімі, виза бөлімі және тасымал департаментінің қызметкерлері қатыстырылды. Бұл бөлімдер мемлекеттік тұлғалармен жиі қарым-қатынаста жұмыс істейді, сондықтан КПО әрбір қызметкердің ауыз майлау және сыбайлас жемқорлық жөніндегі қатерлер туралы хабардар болуына мән береді.

Барлық қызметкерлердің әдеп ережелері бойынша өз міндеттемелерін білуін қадағалау КПО-ның жылдық мақсаттарының бірі. Қызметкерлер үшін компания интранетінде оқып танысуы және танысқандығын растауы үшін компанияның саясаттары берілген. Интранетке кіру мүмкіндігі жоқ қызметкерлер үшін осы саясаттың қағаздағы

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

көшірмелері беріледі және қызметкерлер осы саясаттармен танысқандығы туралы растап қол қояды. 2013 жылғы қараша айының соңында барлық КПО қызметкерлері онлайн режимдегі заңдар мен ережелерге сәйкестікті декларациясымен танысып, осы жөнінде олардың растаулары алынды.

2013 жылдың қыркүйек айында КПО компаниясының атынан барлық жұмыстың шамамен 70% орындайтын 15 басты мердігерлерге КПО этикалық сәйкестікті қамтамасыз ету семинарларын өткізді. Бұл семинарға 34 басты компанияның өкілдері қатысты. КПО-ның тәртіп кодексі бойынша презентациясы орын алған этикалық сәйкестік туралы екі презентация ұсынылды. 2014 жылы оқыту сессияларын жалғастырып, оқытудағы қалған мердігерлер санын барынша көбейту біздің міндетіміз болып табылады. Бұл жұмыс барлық жұмыс қарым-қатынасында негіз болып табылатын, КПО-ның тәртіп кодексінде белгіленген этикалық бизнес қағидалары бойынша КПО-ның адал және тең жұмыс ортасын құруын талап ету себептерін мердігерлерге түсіндіру болып табылады.

## **Сенім желісі және басқа да сәйкестікті қамтамасыз ету шаралары**

Біздің өткен есепте көрсетілгендей 2012 жылы КПО тегін, анонимді және конфиденциалдық сенім желісін іске қосты, бұл шара компанияның заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету бағдарламасын жүзеге асырудағы жасаған тағы бір маңызды қадамы болды. КПО сенім желісі бойынша халықаралық компаниясымен келісімшартқа қол қойды.

Бұл желі тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді және қызметкерлер өздері байқаған немесе тап болған заң немесе әдеп талаптары мен қағидаларының бұзылу жағдайлары, оның ішінде, кемсіту, жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу, мүдделер қайшылығы, ҚТ немесе экологиялық талаптарды бұзу және (немесе) орынсыз қаржы жұмсау немесе сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы ақпарат бере алады. Хабар беруші аталған жағдайлар туралы телефонмен қоңырау шалу немесе жазбаша хабарлама жолдау арқылы мәлімдеуіне болады. КПО компаниясына мұнан кейін шағымдар бойынша есеп беріледі, берілген есеп бойынша заңды сәйкестікті қамтамасыз ету консулы мен сәйкестікті басқару менеджері тиісті шараларды анықтау үшін қарастырады. Мәлімденген жағдай бойынша қандай шаралар қабылданғаны сенім желісін жеткізушіге кері байланыс орнату үшін жеткізіледі.

2013 жылы КПО сенім желісі арқылы 66 хабарлама алды (кейбір қайталама хабарлармен бірге), олар тиісінше қарастырылып, керекті шаралар қабылданды. Шағымдардың басым бөлігі еңбек ресурстар бөлімімен байланысты мәселелер жөнінде болды және олар бой-

ынша жағдайдың түріне байланысты шағымдарды өңдеу процедурасы мен тәртіп процедурасына сәйкес тиісінше шешімдер қабылданды.

Заңсыз әрекеттерге байланысты жағдайлар талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуді тергеу нұсқаулығы жағынан қарастырылды, және бұл жағдайларды жете қарастырып, шараларды келісу үшін есептер сәйкестікті қамтамасыз ету комитетіне тапсырылды. Кейбір істерді қарастыру жұмыстары әлі жүргізілуде.

Сенім желісінің іске қосылуымен бірге КПО компаниясы сыбайлас жемқорлықпен күресуде халықаралық стандарттарға сәйкес шаралардың бірін орындады және адал да қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз етуде КПО қызметкерлері мен мердігерлері үшін жасалған маңызды қадам. КПО-ның тұтастығы мен абыройына теріс әсер тигізетін жағдайларға қатысты қауіпсіз және құпиялы түрде ақпараттың жинауын қамтамасыз ететін халықаралық компания сенім желісін қадағалайды және есеп жүргізеді.

Заң директорында да тіркеулер жиынтығы жүргізіледі, олар бойынша заңдар мен ережелерге сәйкестік мәселелері тіркеліп отырады, мәселен, КПО-дан бөтен компанияның қызметкеріне көрсетілетін қонақжайлылық немесе сапар қызметтері, КПО мүліктерінің ұрлану жағдайлары және оларды іздестіру нәтижелері, КПО қызметкерлеріне берілетін кез келген корпоративтік сыйлықтар мен қонақасылар тіркеуге алынады және сондай-ақ кез келген сыбайлас жемқорлық жағдайлары арнайы тіркеуге енгізіледі.

2013 жылы КПО Саяси кеңесшілер мен делдалдарды қолдану саясаты және өзін-өзі бағалау саясатын енгізді. Бірінші саясат бойынша КПО-ның атынан қандай да бір басқару бөлімдерімен қарым-қатынаста саяси кеңесшілер, агенттер (Тәртіп кодексімен тыйым салынған) немесе делдалдарды қолдануға тыйым салынады. Екінші саясат жыл бойы КПО өз жұмыс кезіндегі кездескен сәйкестікті қамтамасыз ету қатерлерді анықтауының негізінде үдерісті сақтау және қолданыстағы саясаттар мен процедураларының сәйкесті қатерлерді қарастырылуы туралы шешім қабылдау. Қандай да бір қосымша қатер болған кезде заңды сәйкестікті қамтамасыз ету консулы қатерлер санының азайтуын қамтамасыз ету үшін саясатпен процедураларды толықтайды.

## **Сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі кешенді аудит**

КПО акционерлері халықаралық біріккен компаниялар және соған байланысты өздерінің елдерінде қолданылатын халықаралық заңдарға бағынуы керек болғандықтан, КПО компаниясы да төмендегі заңнамаларға бағынуға міндетті:





- ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы бойынша пара алу немесе беру жағдайларында, сондай ақ себеп болған кезде, тұлғаға үш түрлі жауапкершілік жүктейді;
- ҚР Қылмыс кодексінің 231-бабы (коммерциялық пара), 311-бабы (пара алу), 312-бабы (пара беру) және 313-бабы (дәнекер болу);
- ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – 533-бабы (материалдық сыйақы беру), 533-1-бабы (материалдық сыйақы алу);
- АҚШ Шетелдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң;
- Италияның 231-қаулысы; және
- Ұлыбритания Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы, 2010 жыл.

Тиісінше КПО өзімен жұмыс істейтін барлық іскерлік серіктестер, жеткізушілер, өндірушілер, мердігерлер мен қызмет көрсетушілерге да кәсіпкерліктің әдептілік қағидаларына бағынуын талап етеді.

КПО мен оның серіктестері – өндірушілер, жеткізушілер, агенттер, жүк жөнелтушілер, қосалқы мердігерлер және т.б. ҚР аталған заңдары мен мердігер компанияларының өз елінің сәйкес заңнамаларына бағынуға міндетті және осы міндеттемелер КПО-ның үлгілік келісімшарттарына енгізілген.

КПО компаниясы осы талаптар мен шарттарды орындай білуі үшін, біз іскерлік серіктестеріміздің өзара әрекеттесулері мен қолдауларына мұқтажбыз. Корпоративтік басқаруда көңіл аударуды қажет ететін тұстардың бірі – сыбайлас жемқорлықтың, параның және ақшаны заңсыз жұмсаудың алдын алу.

Басқару және тиісті заңнаманың басты сипаты «өзіңіздің іскерлік серіктестеріңізді білу» және олардың атқаратын қызметі мен жұмыстарына қатысты міндеттемелері туралы ақпарат алу. КПО әрбір ұйыммен байланысты қатерлерді азайту және қатер тудыруы ықтимал аспектілерді жою шараларын қолға алу мақсатында Әдеп қағидаларын тексеру бағдарламасын қолданысқа енгізді. Компанияға этикалық бизнес тәжірибесіне қатысты ақпарат алу үшін сауалнамалар жіберіледі, алынған ақпарат қауіп-қатерді бағалау үшін қолданылады. Сонымен қатар, КПО компанияның корпоративтік ақпаратын растау және жұмысты жүргізудегі теріс сипаттамаларының жоқтығын тексеру үшін халықаралық дерекқорды қолданады.

Бүгінгі таңда біршама компания тексеруден өтті және КПО осы үдерістің біздің мердігерлеріміз, жеткізушілеріміз және

өндірушілердің КПО-ның жоғары стандарттары бойынша жұмыс істеулері талпыныс тудырғанына сенімді.

КПО-ның жүзеге асыру бағдарламасының бір бөлігі ретінде КПО жергілікті компанияларға да біздің этикалық талаптарымызға сай болуларына көмек көрсетеді. Келісімшарттар мен сатып алу бөлімі жергілікті компанияларға дайын үлгідегі құжаттарды береді, осы құжаттар арқылы олар өз тәртіп кодексін жасай алады және КПО-ның атынан қосалқы мердігерлік бойынша немесе қызметтер, жабдықтар немесе материалдар сатып алуда келісімшарттық құжаттарды қайта қарастыра алады.



КПО-ның қызметкері Қарашығанақ ҚӨК-те

# ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

КПО-да өндірістік қауіпсіздік мәселесі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қарашығанақ кен орнын пайдалану және өңдеу техникалық күрделілік деңгейінде әр жұмысшы мен мердігерден жұмыстарын орындау кезінде үнемі қауіпсіздікті сақтағанды талап етеді. Барлық мұнай және газ жұмыстарында қауіп қатер мәселесі оның айнымас бөлшегі болып табылады. Қарашығанақта мұндай қауіп түрлері: экстремалды температураның ауытқымалдығы, біз өндіретін және өндейтін көмірсутектердегі күкіртті сутектің өте көп мөлшерде кездесуі, сонымен бірге күкіртсутекті газды айдау.

## ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

2008 жылы алғашқы рет ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесін сертификаттағаннан кейін, 2011 жылы қайта сертификаттау мақсатында аудит жүргізілді және бірнеше қадағалау аудиттері өткізілді, оның ең соңғысы 2013 жылы қазан айында өткізілді. Сертификаттау жөніндегі тәуелсіз ұйымдар өткізген осы аудиттер, КПО-ның ISO 14001 және OHSAS 18001 стандарттарына сәйкес екендігін дәлелдеді.

Өндірістік қауіпсіздік пен активтердің бүтіндігіне бағытталған жаңартылған әдістердің негізінде, 2013 жылы КПО-да барлық ұйым бойынша өндірістік қауіпсіздік пен активтердің бүтіндігіне бағытталған шаралар енгізілуін тоқтатқан жоқ. 2013 жылы, жыл бойы өткізілген жұмыстардың түрі «Өндіріс тұтастығын басқару» тарауында толық берілген.

КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясатына сәйкес, жоғарғы басшылық жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында тікелей басшылардың және қызметкерлердің келесі міндеттемелермен арттырады:

- Әр тікелей менеджер өзінің жұмысында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында көшбасшы ретінде өнеге көрсетеді, ол қоршаған ортаны ластандырудың алдын алу, және мердігерлер мен жұмысшылардың денсаулығын сақтау мақсатында, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы талаптар мен алған білімдерін қолданады және қамтамасыз етеді.
- Барлық жұмысшылар мен мердігерлер өзінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселесіне қатысты екенін және оған жауапты екенін түсінеді, және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатысты өздерін мазалап жүрген кез – келген ойларын ашық жариялай алады. Барлық жұмысшылар, қоршаған ортаны ластайтын қандай да болмасын жағдай туындаған кезде, оның бетін қайтаруға әрекет жасаса, сыйақы алады және қауіп төнген жағдайда олар жұмысты тоқтатуға құқылы.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процесін қамтамасыз ету мақсатында, КПО үнемі өзінің бөлімшелерінде және мердігерлердің жұмыс орындарында қадағалау тексерулерін жүргізіп отырады. Сонымен бірге, пайдалану компаниялары КПО-да ЕҚ,


*Еңбек қорғау саласындағы көрнекті жетістіктер үшін марапатты тапсыру рәсімінде "Биджи Групп" Басқарушымен*

ҚТ және ҚОҚ жүйесі және процесінде өздерінің тексеру жұмыстарын жүргізеді.

## 2013 жылғы қауіпсіздік техникасы саласындағы тексеру нәтижелері.

КПО компаниясындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 2013 жылы және оның алдындағы 5 жыл бойғы тексеру жұмыстарының нәтижесі төмендегі көрсетілген графиктерде берілген. 3-ші графикте КПО компаниясындағы жұмыс уақытын жоғалту апаттар жиіліктері (LTIF) мен жалпы тіркелетін апаттар жиіліктері (TRIF) бойынша көрсеткіштері берілген. 2013 жылы LTIF 0,29 құрады (2013 жылы 0,34), ал TRIF – 0,46 (2012 жылы 0,38).

## 3- график. Жұмыс уақытын жоғалту апаттары (LTI) және жалпы тіркелетін апаттар жиіліктері (TRI) (КПО және мердігерлер)





ГҚДҚ-3 және ҚОТЖ жұымдары ЕҚ саласындағы көрнекті жетістіктер үшін "Би Джи Групп" компаниядан алғыс хат алды

КПО компаниясында жоғарыда көрсетілген жиіліктерді есептеудің келесі әдісі қолданылады:

Жұмыс уақытын жоғалту апаттар жиілігі (LTI) = жұмыс уақытын жоғалтумен жарақат алу саны (жұмыс уақытын жоғалту жағдайлары + қаза болған жағдайлар) x 1 000 000/адамдар-сағаттар

Тіркелген жарақаттанудың жалпы жиілігі (TRI) = тіркелген жарақаттанудың жалпы саны (жұмыс уақытын жоғалтқан жағдайлар + медициналық көмек көрсеткен жағдайлар + басқа жұмысқа ауыстырылған жағдайлар) x 1 000 000/адамдар-сағаттар

Ескерту: медициналық көмек көрсетілген жағдайлар өндірістік жарақаттану есебіне қосылмаған.

3-ші кестеде КПО компаниясындағы LTIF пен мердігерлердегі LTIF көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде берілген.

### 3-кесте. Мердігерлермен салыстырғанда КПО-дағы жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жиілігі

Тиімділік көрсеткіштері	2009	2010	2011	2012	2013
Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жиілігі (КПО)	0,21	0,00	0,71	0,42	0,58
Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану жиілігі (мердігерлер)	0,10	0,23	0,21	0,30	0,17

4-ші кестеде КПО компаниясының TRIF көрсеткіші мен мердігерлердің TRIF көрсеткіштері салыстырмалы түрде берілген.

### 4-кесте. Мердігерлермен салыстырғанда КПО-дағы тіркелген жарақаттардың жалпы жиілігі

Тиімділік көрсеткіштері	2009	2010	2011	2012	2013
Тіркелген жарақаттардың жалпы жиілігі (КПО)	0,43	0,11	1,00	0,42	0,58
Тіркелген жарақаттардың жалпы жиілігі (мердігерлер)	0,69	0,47	0,36	0,36	0,41

КПО-да жұмыс жасау барысындағы барлық болған жағдайлар есепке алынуы және тергеу жүргізілуі тиіс. Бұл тәртіптеме барлық КПО және мердігерлер қызметкерлеріне бірдей қатысты. КПО-ның мердігерлері келісім шартта КПО объектілерінде немесе келісім шарттық міндеттемелер негізінде КПО басшылық жасайтын объектілерде жұмыс жасау барысында болатын барлық жағдайларды көрсетулері тиіс.

КПО-да болған барлық жағдай ақпарат жинау үшін және осы жағдайлардың себебін анықтау үшін, сонымен бірге, жүйедегі кемшіліктерді анықтау мақсатында мұқият тергелінуі тиіс, бұл жазатайым жағдайлардың алдын алуға жағдайлар жасайды. Барлық болған жағдай жөніндегі мәліметтер Synerg мәліметтер базасына тіркелінеді де жүйе аясында түзетілу жұмыстары жүргізіледі.


2013 жылы КПО-да 11 жарақаттану жағдайы тіркелінгенмен (2012 жылы 9 жағдай), айтып өту керек, оның ешқайсысы өндірістік процесске байланысы жоқ. КПО-дағы, 4 жұмыс күнін жоғалтуға алып келген жарақат жағдайлары, тай-

ып құлау, шалынып және құлап қалудан туындаған. Жеті тіркелінген жарақаттану жағдайлары мердігерлер жұмысшыларына қатысты, оның үшеуі жұмыс уақытын жоғалтуға алып келді (оның біреуі жол оқиғасына, ал екі жарақат түрі кеңседе және асханада қызмет көрсету кезінде болған). 2013 жылы кішігірім жаралану саны жақсарды – 2013 жылы төрт кішігірім жарақат алу жағдайы (2012 жылы біреу) медициналық көмек көрсетуді немесе басқа жеңілдірек жұмысқа ауыстыруды қажет етті.


КПО компаниясының, мұнай және газ өндірушілердің (МГӨ) халықаралық ассоциациясына жіберілетін тиімділігінің негізгі көрсеткіштері, бүкіл әлем бойынша көптеген мұнай және газ өндіруші компанияларының статистикалық мәліметтерімен салыстырылады. Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақат алу жиілігінің ұлғайғандығына қарамай, КПО-да кейінгі төрт жылда жалпы LTIF көрсеткіші МГӨ-да орташа деңгейден төмен.

# ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

**4-график. МГӨ – мен салыстырғанда КПО-ның жұмысының нәтижесі**



**5-график. Кәсіби ауру жиілігі (КПО және мердігерлер)**




Кәсіби ауру жиілігі (істелінген миллион адам сағатына) = кәсіби аурулар саны x 1 000 000 / адам-сағаттары.

**5-кесте. Кәсіби ауру жиілігі - КПО және мердігерлер**

Тиімділік көрсеткіштері	2009	2010	2011	2012	2013
Кәсіби аурулар жиілігі (КПО)	0,00	2,46	0,14	0,28	0,00
Кәсіби аурулар жиілігі (мердігерлер)	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00

**6-график. Жұмысқа шықпау жиілігі (КПО)**




Жұмысқа шықпау = жұмысқа шықпау салдарынан жоғалған нақты күндер саны (аурухана парағы) x 100 / жұмысшылар саны. Қызметкерлердің басқа себептермен жұмысқа шықпау күндері туралы мәліметтер жоқ.

Компанияда ауру себептерімен жұмысқа шықпау жағдайлар санының өсуі Қазақстандағы аурулар санының жалпы өсуімен байланысты. Екі жағдайда да негізгі себептер тыныс алу және тіреу-қозғалу аппараты болып табылады. Бұл өсім соңғы жылдардағы Компаниядағы қызметкерлер санының өсуі, сонымен қатар медициналық қызметі сапасының жоғарылауы мен қолжетімділігімен жартылай түсіндірілуі мүмкін.



“Би Джи Групп” компания “Алтын каска” марапаттың жеңімпаздары


**7- график. Қаза болу жағдайларының жиілігі (КПО және мердігерлер)**



■ Адам қазасына алып келген оқиғалар жиілігі

Қаза болу жағдайларының жиілігі (істелінген миллион адам сағаттары) = қаза болу жағдайларының саны x 1 000 000 / істелінген адам сағаттары.

**8- график. Жол оқиғасының жиілігі (КПО және мердігерлер)**



■ Жол-көлік оқиғалар жиілігі

Жүріп өткен миллион километрге жол жүру оқиғасының жиілігі 2012 жылда 0,00-ден 2013 жылы 0,13-ке көбейді. Жол жүру оқиғасының жиілігін есептеу үшін келесі әдіс қолданылды: жол оқиғасы жиілігі = жол оқиғасының саны (тіркелген) x 1 000 000 / жүріп өткен километр.

**6- кесте. Қаза болу жағдайларының жиілігі - КПО және мердігерлер**

Тиімділік көрсеткіштері	2009	2010	2011	2012	2013
Қаза болу жағдайларының жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,14	0,00	0,00
Қаза болу жағдайларының жиілігі (мердігерлер)	0,03	0,00	0,00	0,00	0,00

**7- кесте. Жол оқиғалары (КПО мердігерлермен салыстырғанда)**

Тиімділік көрсеткіштері	2009	2010	2011	2012	2013
Жол оқиғаларының жиілігі (КПО)	0,12	0,13	0,00	0,00	0,00
Жол оқиғаларының жиілігі (мердігерлер)	0,03	0,09	0,02	0,00	0,14

КПО-ның кәсіподағымен мақұлданған және ұжымдық келісімге енгізілген ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша сұрақтар, келесілерді қамтиды:

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша нұсқаулықтар дайындайды және енгізеді;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында проблема пайда болған жағдайда тиісті шараларды қолдану үшін жұмысшыларға курстар ұйымдастырады;
- Алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті жеткілікті құралдармен қамтамасыз етеді;
- Жұмысшылардың жүйелі түрде медициналық тексеруден өтуін ұйымдастырады;

- Өндірістік бөлімшелерде өрт және басқа да төтенше жағдайлардың пайда болу қаупін төмендету мақсатында шаралар қолданады және қауіп туындаған жағдайда өртке қарсы құралдарды қолданудың қол жетімділігін және адамдарды эвакуациялау шараларын жүзеге асырады;
- Жұмысшыларды тегін қорғаушы арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен, тиісті көлеммен және сапада қамтамасыз етеді;
- Жұмыс орындарында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласына байланысты шараларды және жұмысшыларды кәсіби аурулармен өндірістік жарақаттанудан сақтандыру шараларын жүзеге асырады.

# ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында әр түрлі құралдарды қолдану арқылы, жұмыс күшін қызықтыру және осы саладағы мәдениетін арттыру мақсатында, екі бағытта ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі. 2013 жылы қызметкерлер штатының жартысынан астамы (57%) ЕҚ және ҚТ мәселелері бойынша басшылықпен формалдық жиналыстарға қатысты.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша жүйелі түрде әр түрлі деңгейде жиналыстар өткізіліп, жазатайым оқиғалардан алған сабақтарды таратып, оларды болдырмау мәселелерін қарастырады. Біздің мердігерлерді басқару әдісіміз бен саясатымызға сәйкес, біздің мердігерлеріміз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша келіссөздер мен жиналыстарға қатысады.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша күнделікті туындайтын сұрақтар мен мәселелерді талқылау үшін, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы бөлімшелер деңгейінде және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тәлімгерлері мен бөлімшелер мен объектілердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жұмысшыларының қатысуымен екі айда бір рет жиналыс өткізіледі.

Мердігерлердің назарын ақпараттарды ашық таратуға аудармақ мақсатында, біз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша, негізгі мердігерлердегі өкілдері қатысатын, алынған тәжірибелер мен сабақтардың нәтижелерін бөлісу үшін, және ақпараттарды тарату ойымен форумдар өткіземіз.

КПО жұмысшыларының деңгейінде, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін қарастыру үшін, ұйымда пошта жәшігі ұйымдастырылған, бұл оларға ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында туындаған сұрақтар, өтініштер, арыз-талаптар мен ақпараттарды таратуға мүмкіндік береді. 2013 жылы КПО – ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қызметі, КПО жұмысшылары жіберген 202 электрондық хатты тіркеді, қарастырды және оларға жауап берді.

Жоғарғы басшылықтың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша келулері, олардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерінің назар тыс еместігін, және олардың жұмысшылармен тығыз байланыстығын, олардың үнемі жетілдіріліп отыратындығын айқындайды. 2013 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселесі бойынша жоғарғы басшылықтың сапары осы жылға жоспарланған сапардан асып кетті, олар 411 сапар жасады, бұл жылға 350 сапар жоспарланған болатын.

КПО қолданатын орталықтандырылған жүйе, бұл ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша істелінген аудиттерді, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карточкаларын, комитет отырыстарын, болған жағдайларды, инспекцияларды және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша басқа да мәліметтерді тіркейтін, сақтайтын мәліметтер базасы Synergi. Synergi барлық

бөлімшелер мен компания дирекцияларымен қолданылады, және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жасалынған жұмыстарға оңай қол жеткізуді мердігерлерде де қамтамасыз етеді. Synergi – бұл жәй ғана ақпараттарды тіркеу және талдау құралы емес, ол сонымен бірге, жоспарланған түзету әрекеттерін бақылау, және барлық тиісті құжаттар мен отчеттарды сақтау құралы. Барлық енгізілген мәліметтер ұйымның әр түрлі деңгейінде қолданылатын түрлі статистикалық есептерді жасауға оңай мүмкіндік береді.

## ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточка бағдарламасы – бұл КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында тәртіп пен ұсыныстарға негізделген қауіпсіздік пен қауіп-қатерлер үшін бірегей есеп беру жүйесі. Ол КПО-да қолданылатын қауіпсіздік саласында қауіп-қатерді басқаруға бағытталған негізгі элемент болып табылады. Қауіп-қатерді уақтылы бақылау мен қауіпсіз және қауіптілікті дер кезінде анықтау, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша, өндірістік қауіп-қатерді дер кезінде бақылауда, еңбекті қорғауды жақсартуда және қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік жұмыстарын дұрыс жүргізуде негізгі рөл атқарады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар персоналға ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында мәдениетті жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалардың негізгі принциптері, КПО-ның әр жұмысшысы, мердігері немесе компания объектісінің қонағының жұмыс орнында қауіпті жүріс-тұрыстың алдын алу және қауіп-қатерді бақылау мүмкіншілігі, дереу еспеке алу мен анықтауға деген жауапкершілігі болып табылады.

Алынған ақпарат дереу жұмыс ортасында таратылады, ол өз кезегінде, КПО жүзеге асыратын қауіп-қатерді төмендету шаралары бойынша, төніп тұрған қауіп-қатерді түсініп, дер кезінде қимылдауға мүмкіншілік береді. Осы бағдарламаның тағы бір маңызды басымдылығы – бұл компанияның әр дербес жұмысшысы мен мердігерінің күнделікті жұмыс

*“Би Джи Групп” компания “Алтын каска” марапаттың жеңімпазы, Виктор Блинов әріптестермен марапаттау рәсімінде*






КПО-ның ЕҚ бойынша Форум шеңберінде КПО-ның Директорлары және ЕҚ саласындағы жетістіктер конкурсында жеңген "РаунНалко" мердігер компанияның өкілдері

барысында кездесетін қауіп-қатерді түсініп, оны тану білуі. Өздерінің жұмыс орнындағы қауіп-қатерді түсіне білген жұмысшылар өзінің жеке басының және жан-жағындағы адамдардың қауіпсіздігі үшін жауапты екенін ұғына біледі.

2013 жылы 11 858 карточка (2012 жылы 9 461) толтырылды, соның ішінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша 650 (2012 жылы 190) электронды түрде толтырылды. Жылдық статистика төменде берілген:

### 9- график. Бақылау түрі бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар



ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалардың санының 2012 жылға қарағанда ұлғайғанының себебі, үнемі оқыту мен сенімділік пен ынталандыруды нығайтуға бағытталған жұмыстың арқасында, бағдарламаға деген ұғынушылық белгісі, соның нәтижесінде аяқталған әрекеттердің нәтижелерін бақылау және ашық сыйақы схемасының нәтижесінде алында. Сонымен бірге, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалардың онлайн нұсқалары, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалардың ұлғаюына себепші болды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасы жалпы жүзеге асыру процесінде бірнеше аспектілерді баса айтып кету қажет:

- 2013 жылы жыл бойы 5 445 түзету әрекеті жоспарланды, оның 5 293 ойдағыдай жүзеге асырылды.
- 30 дан артық мердігерлік компания ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасына қатысты және шамамен 5 000 бақылауларын енгізді.
- 2013 жылы 674 жаңа бақылаушылар оқытылып, соның ішінде 358 КПО жұмысшылары онлайн оқытуды ойдағыдай өтті;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалар бағдарламасы бойынша, КПО-ның негізгі бөлімшелері: ҚӨК, 2-ГҚДҚ, 3-ГҚДҚ, Атырау Терминалы, Эко-орталығы, техникалық қызмет, қойма бөлімшелерін қамтыған және басқа 15 оқыту семинары өткізілді.

- Жұмысшыларға жұмыс орнында қауіп-қатерді, қауіпті жүріс-тұрысты анықтау барысында ынталандыру сый схемасы жөнінде хабарламалар таратылды, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша осы бағдарламаға белсенді қатысып және айтарлықтай бақылау жасаған 300 марапатталған КПО жұмысшылары мен мердігерлерді қамтыды.

- 40 – қа тарта жұмысшы тоқсан сайын бақылау үшін берілетін ақшалай сыйақыға ие болды.

- Ұңғылау операциялары бөлімшесінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалармен жұмыс істеу комиссиясы, 2012 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша карточкалары бағдарламасымен жұмыс істеу бойынша 2013 жылы жыл сайынғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында марапаттау рәсімінде ең жақсы жұмыс істеу комиссиясы ретінде марапатталды.

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 6 жеңімпаз BG-Group желісінде белгіленіп, қауіпсіздік пен үздік жүріс-тұрыс пен идеялары үшін Алтын каскаға ие болды.

### Төтенше жағдайларды басқару

КПО, төтенше жағдай болған жағдайда тиімді бизнес жоспарды жүзеге асыру және қысқа- және ұзақ мерзімді салдарымен мүмкін болатын төтенше жағдайға әрекет ету үшін компанияны ресурстармен қамтамасыз етеді. Төтенше жағдай кезінде шұғыл әрекет етудің үш деңгейлі құрылымы қолданылады және оның әр деңгейі шұғыл әрекет етудің, жауапкершіліктің және төтенше жағдайдың ушықтау тәуелділігіне сәйкес деңгейді көрсетеді.

Қарашығанақтағы төтенше жағдайларды бақылау мен басқаруды жақсарту мақсатында дағдарысты ахуалдарды басқару топтары (ИМТ) мен оқиғаларды басқару топтарының (СМТ) мүшелеріне бір қатар оқыту семинарлары өткізілді, және корпоративті деңгейде ақпараттарды таратуға жауапты болуға тағайындалаған дағдарысты ахуал кезінде ақпараттарды таратушы жұмысшыларға да оқыту жүргізілді.

II-III деңгейдегі төтенше жағдайларға шұғыл әрекет ету бойынша оқыту және 2013 жылға арналған әрекет ету жоспары бойынша оқыту процесінің бөлігі ретінде, бірнеше командалық штабтық жаттығулар өткізілді:

- Қазақстанның Төтенше жағдайлар министрлігі жоғары бағалаған және қолдаған, БҚО Төтенше жағдайлар департаментімен бірлесе отырып, төтенше жағдайларға шұғыл әрекет ету бойынша біріктірілген жаттығулар өткізілді;
- Басты компаниялардың СМТ мен КПО-дағы төтенше жағдайларға шұғыл әрекет ету бойынша ұйымның барлық деңгейін қамтыған біріктірілген жаттығулар («ТАЙФУН» жаттығулары);

# ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

- I және II деңгейлер арасындағы біріктірілген жаттығулар («БИЗОН» жаттығуы); және;
- түздік пен Ақсай ИМТ әр түрлі сценарийді талқылауға арналған апта сайынғы командалық штабтық жаттығулар.

Қолданыстағы оқыту бағдарламасын демеу мақсатында, төтенше жағдайда шұғыл әрекет етуге қатысты барлық тиісті ақпараттарды қамтитын ИМТ кезекші мүшелеріне арналған анықтамалық жасалды, сонымен бірге ИМТ шегінде шешім қабылдайтын жұмысшылардың біліктілігін бағалау бағдарламасын жасау басталды.

## Өмірлерді құтқаруға бағытталған кампания

Қауіпсіздік саласында мақсатқа жету барысында, жұмысты қауіпсіз жасау әдістерін қолдана отырып, КПО адамдардың өмірін құтқаруға бағытталған Бағдарлама жасап шығарды. Адамдар өмірін құтқаруға бағытталған Бағдарламаны жүзеге асыру мақсаты, КПО-да жұмыс істейтін барлық персоналдың қауіптілік деңгейі жоғары КПО әрекетінің 8 түріне байланысты, қауіп-қатердің алдын алу болып табылады.

2013 жылы КПО адам өмірін құтқаруға бағытталған, 2011 жылы басталған, 2012 жылы жыл бойы жүзеге асырылған қалған бір бағдарламаны жүзеге асырды.

Барлық бөлімшелер мен мердігерлік ұйымдардың басшылары өздерінің мердігерлері арасында адам өмірін құтқаруға арналған бағдарламаны жүзеге асыруда және постерлік көрсетулерді жасаған жағдайда сыйақы алады.

Адамдар өмірін құтқаруға бағытталған талаптарды бақылау жыл сайынғы негізде орындалатын объектілер үшін бақылау сұрақтарының тізіміне қосылды.

## 2013 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекеттер жоспары

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 2013 жылға арналған әрекеттер жоспары КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқарманы үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету үшін, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында КПО-да төрт жылдық стратегиялық жоспармен бекітілген ұзақ мерзімдік тапсырмаларды арық қарай жалғастырып алдыға қойған мақсаттарды жүзеге асыру көзделіп отыр. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқаруды жетілдіру, персоналдың жарақаттануын, қосымша қауіп-қатердің алдын алу және, 2013 жылы жыл бойы SMART әрекеттерін енгізу арқылы қоршаған ортаға тигізлетін әрекеттерді азайтуды қамтиды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекет жоспарлары, алдыңғы жылдары жүзеге асырылған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жоспарлардың тиімді нәтижелерін, өткен жағдайлардан

алынған тәжірибелер мен сабақтардың негізінде, сонымен бірге ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жалпы жетілдіру мақсатындағы жұмыс процесіндегі компанияның әр түрлі әрекеттегі бөлімшелерінің әр түрлі қажеттіліктері мен маңызды мәселелерін ескере отырып жасалды.

2013 жылғы КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жоспары, барлық компания бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша басқару жүйесін үнемі жетілдіруге бағытталған және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын бақылаудан тұрады, содан кейін бұл жоспар әр бөлімшелерге таратылады. Мұндай әдіс, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіпсіздікке бағытталған бағдарламаларды жұмыс процесіне ойдағыдай енгізіп, жүзеге асыруға мүмкіншілік береді. Сонымен бірге, бұл жоспарға, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жетілдіруді көздеген корпоративтік әрекеттер де қосылған.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 2013 жылға арналған әрекеттер жоспары 2012 жылғы КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіпсіздік жоспарына негізделіп орындалған, және ол 6 элементтен тұрады:

- 1 - ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесі талаптарына сәйкестік,
- 2 – ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық пен бақылау,
- 3 – ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында мердігерлерді басқару,
- 4 – Қауіп-қатерді басқару,
- 5 – активтердің бүтіндігін басқару және өндірістік қауіпсіздік бағдарламасы,
- 6 – Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстар нәтижесі.

2013 жылы 87% жоспарланған әрекеттер жүзеге асырылды, олардың кейбіреулері, бюджеттік шектеулерге байланысты 2014 жылдың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекеттер жоспарына енгізілді. 2013 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жүзеге асырылған әрекеттер жоспарының қорытындысы төменде берілген.

## 1. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік

Бұл элемент КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінде жетілдіруді үнемі демеуге және тұрақты етуге бағытталған.

2012 жылы объектілерде төтенше жағдай кезінде H<sub>2</sub>S-ның әсерін анықтауға арналған зерттеу кезінде, КПО-ның өндірістік күшінен тыс және ҚМГКК учаскелерінің барлығында, H<sub>2</sub>S әсерін бақылау және әрекет ету бағдарламасын дайындауға КПО міндеттенді. Келесі шаралар жүзеге асырылды:





ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ апталық жиналыста

- Қауіпсіздікті басқару жүйесін жаңалау бөлігі ретінде даладағы қорғаныс қақпаларына электрондық бақылау жүйесі РОВ ендіру бойынша жұмыстар – бұл жүйе кен орнындағы барлық жұмысшылар мен мердігерлердің санын бақылауды қамтамасыз етеді;
- H<sub>2</sub>S әсеріне байланысты, қауіп-қатерге аз ұшырайтын, басқа объектіге ауысуы мүмкін негізді емес персоналды анықтайды. КПО ҚМГКК аясында «персоналмен минималды жарақтандыру» философиясын қабылдайды;
- Бөлімшелер арасында қолдану үшін Тетра радиосының саны ұлғайтылды;
- Төтенше жағдай кезінде және төтенше жағдай кезінде тасымалдау мақсатында, және кен орнында тез әрекет етуді қамтамасыз ету үшін, төтенше жағдай жөнінде Ақапараттарды тарату Орталығы операторлары дереу мәліметтер беру мақсатында (“SMS-click”) ұялы телефонының қызметтік пакеті қолданыла басталды;
- Ұңғыма объектілерінің маңына H<sub>2</sub>S деңгейін анықтайтын баламалы детекторлар, жарықпен дабыл беру, және сиреналар орнатылды;
- Төтенше жағдайлар кезінде шұғыл тасымалдау және уақыт пен маршрутты жақсарту мақсатында тікұшақпен құтқару қызметін іздеу жұмыстары басталды.

Мердігерлер үшін, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелеріне арналған, мердігерлердің қауіпсіздікке деген қатынасын арттыратын, және олардың процедураларға сәйкестігіне, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы КПО – ның әрекетіне, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылыққа, және желілік басшылар мен шыққан қоқыстарды басқаруға деген қатынастары жөнінде екі форум өткізілді. Мердігерлерге КПО қолданатын процедуралар жөнінде ақпараттар талқыланып, таратылды. Бұл форумдар жеке бөлімшелер үшін ұйымдастырылған кішірек көлемдегі жұмыс семинарларымен бірге жүзеге асырылды.

КПО-ның 0-4 деңгейіндегі басшыларының арасындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ процедураларына деген түсінікті қатынасты ұлғайту жобасы жүзеге асырыла бастады. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы құжаттарды басқару жүйесінің процесі қайта қарастырылды. Құжаттарды шығару алдында адекваттықты қамтамасыз ету үшін RACIE (жауапкершілікті бөлу жөніндегі әдіс) әдісі қолданыла бастады.

## 2. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында көшбасшылық пен бақылау

КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы желілік басшылықтың біліктілігін жоғарылату бағдарламасын жүзеге асыру жалғастырылды. 2013 жылы КПО-да желілік басшылық үшін STEP (Қауіпсіздік саласындағы оқыту және жетілдіру бағдарламасы) бағдарламасы жүзеге асырылды, ол 2012

жылы бағаланып, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында олардың білімдерінде кемшіліктер бар екені анықталды. КПО-ның ойы бойынша, тиімді бақылау мен жазатайым оқиғалардың алдын алу төменгі деңгейдегі желілік басшылардың біліктілігіне сүйенеді, және осы мақсатта STEP бағдарламасы арқылы оқыту осы мақсаттың алғашқы қадамы болып табылады, осы аяда бірінші рет ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басты мәселелер, жұмысты қауіпсіз орындау, болған жағдайларды тіркеу және оларды тексеру, олардың алдын алу, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер мен аудиттер және адамдар өмірін құтқаруға арналған бағдарламалар мен басқа да элементтер қарастырылды.

Қауіпсіз жүргізу курстары өткізілген талдаулар мен оқытудың нәтижелерін есепке ала отырып жаңартылды.

## 3. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында мердігерлерді басқару

2013 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында мердігерлер жұмысының нәтижесін басқару стратегиясы аясында, 2014 жылы қолданылатын барлық қауіп-қатер деңгейі жоғары мердігерлерге қатысты ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында мердігерлер жұмысының нәтижесінде болатын оң және теріс нәтижелерді бақылауға және шараларды қолдану мақсатында, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мердігерлердің жұмысының нәтижесін Бағалау қағаздары толтырылды, осылайша, мердігерлердің жұмыс нәтижелерінің деңгейін көтеріп және оқиғалардың санын азайтуға болады.

## 4. Қауіп-қатерді басқару

2013 жылы 2014 жылы енгізу мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару жүйесі дайындалып жарыққа шықты. Осы жағдайларға қатысты құжат, қауіп-қатердің жарамдылығының критерілерінің бірізділігін анықтап, қауіп-қатерді аңқытайтын құралдарды сәйкестендіру тәсілін алдыңғы қатарға шығарады, сонымен бірге қауіп-қатерлердің жарамдылығының критерілерін қолдануды реттейді.

## 5. Активтердің бүтіндігін басқару және өндірістік қауіпсіздік бағдарламалары

Активтердің бүтіндігін басқару және өндірістік қауіпсіздік бағдарламасы (PSIM) ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында КПО-ның әрекет ету жоспарының құрамына біздің активтерді қауіпсіз және дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуге енгізілді. Осы жұмыстың бөлігі ретінде, КПО-ның PSIM стандартына сәйкес активтердің бүтіндігін басқару және өндірістік қауіпсіздік бағдарламасының әр элементтерін енгізу талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізілді. 2012 жылы, Ұлыбританияда КПО-ның жоғарғы басшылығы үшін Spadeadam компаниясының сынақ объектінде, негізгі қауіп-қатерді жете түсіну үшін жұмысшы семинар өткізілді. Содан кейін 2013 жылы Ақсайда,

# ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

тағы да осындай CryWolf семинары өткізілді, бұл семинарға екінші деңгейдегі басшылар қатысты. 2014 жылыда негізгі қауіп-қатерді жете түсіну жұмыстары жалғастырылады.

## 6. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстар нәтижесі

2012 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекет жоспарының аясында, КПО-да өндірістік бөлімшелердегі негізгі жұмысшылар арасында қоршаған ортаны қорғауға деген түсінушілікті арттыру мақсатында және кен орнындағы қоршаған ортаны қорғау мәдениетін арттыру мақсатында семинарлар өткізілді.

## 2014 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекеттер жоспары

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 2014 жылға арналған әрекеттер жоспары, алдыңғы жоспарлардың негізін қалайтын, принциптер мен мәселелер негізінде дайындалған. Жоспар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында 2013 жылы өткізілген жоспарлардың нәтижесінде, сыртқы және ішкі аудиттердің қорытындыларына, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласына енгізілген бағдарламалардың нәтижелеріне, жетістіктер мен сәтсіздіктерге сүйене отырып жасалынды. Жоспардың құрамына ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында 4 жылға бекітілген стратегиялық жоспар әрекеттері кіреді.

2013 жылғы КПО-ның, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекет ету жоспары сияқты, 2014 жылға арналған жоспарда, барлық компания бойынша жүзеге асырылатын жобаға қосатын үлесі мен күнделікті істелінетін жұмыстар түрі және онда әр нақты жұмысты жасауға қандай Дирекция қолданылу керек екені анық жазылағн. КПО-да жүзеге асырылатын инициативаның ұзақмерзімді табиғатына байланысты, жоспардың құрылым айтарлықтай өзгерген жоқ, сонымен оның құрамына келесі негізгі элементтер кіреді:

- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару жүйесінің талаптарына сәйкестік,
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық пен басқару,
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында мердігерлерді басқару,
- Қауіп қатер мен өндірістік қауіпсіздікті басқару талаптарына сәйкестік,
- Еңбекті қорғау саласындағы жұмыстардың нәтижелері,
- ҚОҚ нәтижелері

КПО саласында жүзеге асырылатын, еңбекті қорғау саласындағы инициатива маңыздылығын арттыру мақсатында, 2014 жылға арналған әрекет ету жоспарына еңбекті қорғау саласындағы жұмыстар нәтижесін жақсарту тарауы қосылды. Өндірістік қауіпсіздік пен активтер бүтіндігін басқаруға арналған элемент, осы екі бағыттағы бірлескен күшті көрсету мақсатында, қауіп – қатерді басқару тарауымен біріктірілді.

10 – график. КПО-ның 2014 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекеттер жоспары





Қауіпті өндіріс факторлар туралы хабардар болу жөніндегі КПО-ның орта буынның менеджерлерге арналған Cry Wolf семинары

2013 жылға арналған КПО-дағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы әрекет ету жоспары сияқты, компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы негізгі мақсаттарға баса назар аудару үшін, 2014 жылға арналған жоспардың орындалу процесі бақыланады және ай сайынғы негізде КПО-ның жоғарғы басшылығы мен пайдаланушы ұйымдарына есеп беріледі.

### ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

КПО компания өнімдері мен әрекетіне байланысты, мұнай және газ өндірісінде жұмыс жасау персоналдың денсаулығына зиянды әсер ететінін мойындайды. Компания, қауіп қатерді басқару саласында, осы істерді тек заңнамалық нормаларға сай орындап қана қоймай, жақсы жетістіктерге қол жеткізуге бет бұрды. OHSAS 18001 стандартына сәйкес, КПО-да орнатылған еңбекті қорғауды басқару жүйесі келесі мақсаттарды қамтиды:

- Жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Жұмысты орындауға байланысты аурулардың алдын алу;
- Медициналық көмек көрсетуді бақылау;
- Жұмысшылардың денсаулығын сақтау;
- Абырой мен бизнес жұмыстарының нәтижелерін оңтайландыру;
- Заңнамалық талаптарды орындау;
- Шығындар бойынша тиімділікті қамтамасыз ету.

Еңбекті қорғау саласындағы жұмыстар көрсеткіштері, еңбекті қорғау бойынша жұмыстар нәтижелері саласындағы жетілдіруді дамыту және еңбекті қорғауды тиімді басқарудың қажетті бөлігі болып табылады. Денсаулыққа қауіпті байланыс пен аурудың өршуінің арасында едәуір уақыт өтуі мүмкін. Ауру туындағанға дейін немесе оқиға болғанға дейін жұмыстар нәтижелері бойынша ақпаратты тез айырбастауды қамтамасыз ететін бақылау жүйесі қажет екені анық. Осылайша, ескерту жүйелері мен озық көрсеткіштерді қолдану төтенше маңызды.

### Денсаулық үшін қауіп-қатерді бағалау (ДҚҚБ)

Кәсіби аурулардың жүйесін басқарудың басқа элементтері үшін қауіп-қатерді бағалау еңбекті қорғау саласында негіз болып табылады. Барлық мамандықтар мен бөлімшелердегі еңбекті қорғау саласындағы ДҚҚБ, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы төрт жылдық әрекет ету стратегиялық жоспардың бөлігі болып табылады. 2013 жылы еңбекті қорғау саласындағы ДҚҚБ бойынша топтар Ақсайдағы KSS

кеңсесінде, 2-ГКДҚ, 3-ГКДҚ бағалаулар жүргізді. Еңбекті қорғау саласындағы ДҚҚБ нәтижелері, желілік басшылар мен жұмысшыларға берілді және қорытынды бойынша жұмыстар жасау үшін әрекет ету жоспары жасалынды.

### Жұмыс орнындардың санитарлық –гигиеналық бақылау.

Жұмыс орнындағы нормативті бақылау лицензияланған және жақсы жабдықталған санитарлық зертханамен жүргізіледі. Өлшеудің нәтижелері өндірістік гигиена нормаларына сәйкесіздіктерді анықтау үшін және түзету әрекеттерін жүргізу үшін қолданылады. КПО-да жұмыс орнындағы қауіп қатерді бақылау саласындағы жоғарғы стандарттар талаптарын орындауға бейім екенін байқауға болады, ал санитарлық зертхананы үздіксіз жетілдіру еңбекті қорғау қызметіндегі басты жұмыс болып табылады.

### Медициналық төтенше жағдайларды басқару.

КПО-ның медициналық төтенше жағдайға шұғыл әрекет ету жоспары жазатайым оқиғалар мен оқиғалармен жұмыс істеу үшін құрылымдық әрекет етуге мүмкіндік береді. Ақсайдағы және объектілерде толығымен жабдықталған бес клиникада, 7 күн 24 сағат бойы ең озық жедел жәрдем машиналармен, жоғары білікті және тәжірибелі дәрігерлер мен фельдшерлер тобы жұмыс жасайды. Толығымен жабдықталған жедел жәрдем машиналары, көп жарақат алуға әкеп соққан оқиғаға шұғыл әрекет ету үшін күту режимінде дайын тұрады. 2013 жылы пилоттық лагерьде жаңа клиника ашылды. Төтенше жағдайларға дайындық жүйелі түрде өткізілетін жаттығулар арқылы жүзеге асырылады.

### Жұмыс орнында сырқаттарды басқару.

«Мұнай және газ кен орындарында операциялар кезінде еңбекті қорғауды басқару» бабына сәйкес, төтенше жағдайлар болғанда медициналық көмек пен бірінші және екінші медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін жүйені орнату қажет, сонымен бірге медициналық көмек көрсету аясындағы көрсетілетін көмектің сапасын арттыру мен қолдау бойынша жүйелі түрде әдістер қолданылатын, қажеттілігіне қарай еңбекті қорғау саласындағы экспертизаға орнату керек. КПО-дағы төтенше жағдай кезіндегі медициналық көмек көрсету, аурудың белігеріне байланысты емдеуді тәжірибелі білікті маманмен емдеуді қамтамасыз етеді, және емдеу уақтылы оқиға болған жерде көрсетіледі және науқастарды Ақсайдағы, Оралдағы және басқа қалалардағы екінші медициналық объектілерге тасымалдауды жүзеге асырады. Біздің компания жұмысшылары үшін арнайы емдеу мен медициналық эвакуация және Отанына кері қайту сияқты процедуралар бар. Қазіргі таңда чех лагеріндегі 7 блокта медициналық

# ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

пункті ұйымдастыру көзделіп отыр. Ол жұмысшылардың денсаулығын клиникалық бақылау үшін, жұмысқа түсер алдында тексеру өткізу үшін және персоналды басқару саласында процедуралар мен саясатты қолдау үшін жабдықталады.

Осы құжатты дайындаған күнге дейін, компанияда кәсіби аурумен сырқаттанған 22 жағдай тіркелді. Оның ішіндегі 20, жұмыстағы шуылған байланысты құлақ естімеу ауру жағдайы. 2013 жылы кәсіби ауруға байланысты жағдайлар тіркелген жоқ (36. беттегі 5-графикті қараңыз). КПО-да, құлақ есту қызметін сақтау мақсатында, қауіп қатер факторы ретінде шуылды бақылау бағдарламасы жасалынып, енгізілуде. Кәсіби аурулары бар жұмысшылар үшін профилактикалық емдеу өткізілді.

## **Денсаулық жағдайын бақылау және жұмысты орындауға жарамдылықты бағалау.**

Жұмысты орындауға жарамдылықты бақылаудың мақсаты, жұмысшыларды олар үшін және олардың жанында жұмыс істеушілерге қатерсіз мүмкіндікке сәйкес жұмысты орындауға дұрыс бөлу болып табылады. Бұл процесс жергілікті заңнамаға сәйкес реттеледі және КПО-ға Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмысты орындауға жарамдылық саласында, денсаулық жағдайын бақылауға әсіресе көңіл аудара отырып, жұмысты орындаудың озық қағидаттарын қолдану қажеттілігін мойындай отырып, өзінің саясатын енгізе алды. Кен орындарында жұмыс істейтін персоналға, жүйелі түрде жұмыс орындауға жарамдылықты тексеруден басқа, КПО, жалпы денсаулық жағдайына баға беру үшін, кеңседе жұмыс жасайтын қызметкерлерді де медициналық тексеруден өткізеді.

## **Еңбекті қорғау бойынша құжаттарды басқару және есепке алу.**

Денсаулық жағдайының дұрыс және сапалы тіркеу, кәсіби аурудың ұзақ уақыт жасырын түрде дамидынын ескере отырып, оларды ертерек анықтауға мүмкіндік береді. КПО-дағы құжаттарды қадағалау, медициналық көмек көрсету процедурасы мен жағдайларды басқару, денсаулыққа байланысты, заңнамалық нормалардың талаптарына сәйкес жазбаларды сақтау, толық әрі мұқият сыртқы және ішкі есепті қамтамасыз етеді. КПО медициналық мәліметтердің құпиялығын, пациенттерді емдеуді негізгі қағидаттары ретінде қарастырады.

## **Медициналық көмек көрсету инфрақұрылымы және салауатты өмір салты.**

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, жергілікті мәдениетке құрмет көрсету және кеңес негізінде қызығушылық танытқан жақтармен тұрақты серіктес болуды талап етеді және сақтандыру медициналық қызметімен байланысты.

КПО салауатты өмір салтын жүргізуде белсенді жұмыс атқарады және кәсіби ауруларға қатысты мәселелерді көтереді, сақтандыру шараларының мәселелерін, мысалы, вакцинация, мед тексеру, физкультура, ішімдік пен есірткі және т.б. пайдаланудың зияндығы жөнінде жергілікті орталықтармен кеңеседі. Жас өспірімдер, қауіп-қатер тобына енгендіктен, Ақсай мектептерінде, еңбекті қорғау бөлімі, денсаулыққа байланысты әр түрлі презентациялар өткізіледі. Бұл жұмыс 2014 жылы да жалғасын табады.

## **Тамақтану, ауыз сумен қамтамасыз ету және санитарлық өңдеу мәселелері бойынша қадағалау.**

Қауіпсіз азық-түлікпен сапалы ауыз суды қадағалау бағдарламасы КПО-да бірнеше жылдар бойы жүзеге асып келеді. Тамақтану улану және су арқылы жұғатын ауру түрлері еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік саласы мен компанияның абыройына айтарлықтай қауіп төндірді. Бұл қауіп әсіресе, объектілер тоқтап тұрған кезде, және айтарлықтай жұмысшылар жиналып қалған кезде аса қауіпті. Еңбекті қорғау және гигиенамен қамтамасыз ету командасы, қоғамдық тамақтану қызметін адекватты түрде жүзеге асырады және тамақтану немесе ауыз судан болатын ауру түрлерінің алдын алады.

## **ҚАУІПСІЗДІК**

Қазақстандағы экстремисттік әрекетке қатысты өткен жылы Қауіпсіздік қызметі, сонымен қатар, жергілікті және аймақтық құқық қорғау органдары мақсаттарды жаңадан көріп, бірлесіп түсіне бастады. КПО-ның құқық қорғау органдарымен бірге жұмыс жасауы заңсыз әрекеттерді болдырмау және оларға алдын-ала дайын болу мақсатында маңызды болып келеді. Қандай да бір күдікті әрекеттерге қатысты барлық қызметкерлердің дайын болуы және қырағылық көрсетуі, сонымен қатар, дереу хабарлауы өте маңызды болып келеді.

Өткен жылы заңсыз кірістердің болмауына қарамастан бақылауды нашарлатпауымыз керек. Зейін салып және мұқият патрульдеу, экспорттық құбыр бойында орналасқан жергілікті округтер мен ауыл тұрғындарымен үздіксіз қарым – қатынас сақтау заңсыз кіріс қауіптерін төмендетуге бағытталған.

Осылайша, 2013 жылы мұнай конденсатын өңдеу және тасымалдау саласындағы КПО-ның жұмысымен таныстыру мақсатында келесідей іс шаралар жүргізілді:

2013 жылғы 21 мамыр – ҚӨК-нен Орал қаласына дейінгі экспорттық құбыр бойында тұратын әкімшіліктер мен елді мекен тұрғындарымен кездесу.



КПО-ның кен орнындағы медициналық орталығы

Бұл сапар барысында Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының елді мекендерінде кездесулер болды.

2013 жылғы 22 - 24 мамыр – БҚО Орал қаласы – Атамекен ауылы аймағындағы экспорттық құбыр бойында орналасқан аудандық және ауылдық әкімдігінің басшылары, мектеп әкімшілігі мен ұжымы, ТЖ аудандық бөлімдерінің басшылары мен елді мекен тұрғындарымен кездесулер жүргізу.

2013 жылғы 29 - 31 қазан - Экспорттық құбыр бойында орналасқан Атырау облысының елді мекен әкімшіліктері мен тұрғындарымен кездесу. Сапар барысында Атырау облысының Махамбет және Индер ауданының елді мекендеріне бару.

КПО-да Қауіпсіздікті басқару жүйесін іске асыру процесі сәуірдің соңында қаражаттың бөлінуі туралы белгілі болғанда бір қадамға алға жылжыды. Интегралды басқару құралы ретінде қауіпсіздікті басқару жүйесі Еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қауіптерге әрекет ету тиімділігін айтарлықтай жоғарылатады. Сонымен қатар, ескірген және қақталған қоршауларды ауыстыру мақсатында кенорын негізгі нысандарының айна-

ласында жаңа қорғаныс қоршауын қондыру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Қауіпсіздікті басқару жүйесі және жаңа қорғаныс кенорындағы терроризм, вандализм және ұрлық қауіптер деңгейін төмендетуге ықпал тигізеді.

Қауіпсіздік қызметі нысандар мен кенорында төтенше жағдай болған кезде қызметкерлерді эвакуациялау кезінде РОВ әзірлеуде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша корпоративтік бөлімге өз көмегін көрсетуде.

Қауіпсіздік қызметі тиісті белгілерді көрсете отырып, Қарашығанақ кенорынның дәлдірек картасын әзірлеу және енгізуді аяқтады. Бұл карта апаттық-құтқару қызметтеріне қажетті мобилизация орнын тез және дәл анықтауға, сонымен қатар, есеп беру кезінде қандай және оқиғаның қайда болуы туралы, және қосымша апаттық күш пен құралдарды қайда жіберуге қажет екенін дәл анықтауға мүмкіндік береді.



КПО-ның денсаулық қорғау бөлімінің қызметкерлері Ақсай қаласының оқушыларға салуатты өмір салтын насихаттайды

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Техникалық тұрғыдан күрделі Қарашығанақ кен орнында ҚОҚ шараларын жүзеге асыру – күрделі міндет болып табылады. Климаттың өзгеруіне қатысты мәселелерді шешуге бағытталған жалпы күш-жігерімізді қолдау үшін біз өзіміз жұмыс істейтін аймақтың ортасын қорғау мақсатында әлемдік дәрежеге сай әдістер мен инновациялық технологияларды қолданамыз.

## **2013 жылы қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарын орындау.**

Орнықты даму қағидаларын сақтау КПО үшін өзінің өндірістік қызметінде басым міндет болып табылады. Мекеменің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатындағы басты міндеттемелері қоршаған ортаға кері әсерді азайту, қоршаған ортаға тасталатын шығарындылар деңгейін азайту, қоршаған ортаны қорғау және қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Қолда бар ең жақсы технологияларды қолдана отырып компания қоршаған ортаны қорғау құндылықтарын қамтамасыз ету, парникті газ шығарындыларын азайту және табиғи ресурстарды сақтау үшін мақсатты әрекеттер атқарады. Осы мақсатты орындау үшін КПО Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 10-бөліміне сәйкес қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарын жетілдіруде.

2011-2013 жылдарға арналған КПО-ның қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарын әзірлеу процесі «2011-2013 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарын дайындау» процедурасына негізделген. Компания дамыту шаралары, жоспарлау және орындау шараларына арналған шығындарды үлестіруге және олардың жүзеге асуын ары қарай бақылауына жауапты бөлімдердің өкілдерінен тұратын арнайы Басқару комитетін құрды. Қоршаған ортаны қорғау корпоративтік бөлімі қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары қорытынды нұсқасының әзірленуін бақылады. Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарының орындалу барысы ай сайын тексеріледі.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары бойынша 2013 жылы іс жүзінде қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын жүзеге асыру аясында шамамен 5,5 млрд. теңге немесе 35,8 млн. АҚШ доллары жұмсалды.

2013 жылы қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарын орындау нәтижесінде:

- 28 қолданылған шара жүзеге асырылды;
- Үш шара аяқталу шағында;
- Бір шара 2014 жылы жүзеге асырылады, тағы біреуі ол шара аяқталғанда жүзеге асады.

Тұрмыстық, өндіріс ағынды суын және мұнаймен ластанған ағын суды өңдеу қондырғыларын жаңарту жұмыстары аяқталу үстінде (жұмыс 2014 жылғы 3 тоқсанда толық аяқталады деп күтілуде), сонымен қатар әйнек, пластик, қағаз, ағаш және метал қалдықтарының бөлуін қамсыздандыратын қатты тұрмыстық қалдықтарды іріктеу қондырғысын орнату және іске қосу жұмыстарының аяқталуы жақын: инженерлік желілер және кеңсе ғимаратын құру, автоматты түрде өрт сөндіру және өрт сигналын беру жүйелерін, техникалық, ауыз су және өрт сөндіруге арналған сумен қамсыздандыру жүйелерін орнату жұмыстары аяқталу үстінде.

Қатты қалдықтар және бұрғылау ерітінділерінің 3 және 4 секцияларына қатысты қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары бойынша қалдықтарды өңдеу шаралары 2014 жылы іске асырылғаннан соң, қатты қалдықтарды қалпына келтіру және бұрғылау ерітінділерінің көму полигоны (2, 3 және 4 секциялар) бойынша шаралары орындалады.

Жоғарыда аталған қоршаған ортаны қорғау шараларын орындау барысында КПО жобаның іске асыру уақытын ұзартуына әкелген бірнеше іштен және сырттан шыққан қиындықтарға тап болды.

8-кестеде қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары секциялар бойынша шығындар туралы толық ақпарат көрсетілген.

2013 жылы ҚОҚ бойынша іс-шараларының орындалуы төмендегі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- Ұңғымалардағы көмірсутекті алау қондырғыларымен жағу кезінде «Супержасыл жанарғы» (СЖЖ) қолдану арқылы атмосфераға шығарылатын құрым деңгейін 77,7 тоннаға қысқартылды; Әр жағылған 1 тонна көмірсутектің 0,002 тонна құрым қысқартылды;
- Ұңғымаларды тазарту барысында ішінара мұнай өндірісі нәтижесінде атмосфераға тасталатын шығарындылар деңгейі 2,210 тоннаға қысқартылды;
- Өндірістік қажеттерге өңделген қалдық суды қайта қолдану нәтижесінде табиғи резервуарлардағы су тұтыну деңгейі жылына 64,343 м<sup>3</sup> қысқартылды;
- Ұңғыма және құрылыс жұмыстары нәтижесінде бүлінген 60-тан астам гектар жер қайта қалпына келтірілді;
- 59,21 га жерде механикалық терек егу аяқталды;



**8-кесте. Қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарын орындау барысындағы шығындар туралы толық ақпарат**

ҚОҚ бойынша іс-шаралар тобы	2013 жылғы іс жүз. шығындар, млн. теңге
Ауаны қорғау	1 305
Су ресурстарын қорғау және тиімді қолдану	2 062
Жер ресурстарын қорғау	246
Жер қойнауын қорғау және тиімді қолдану	67,5
Өсімдіктер мен хайуанаттар әлемін қорғау	167
Өндіріс және тұрмыс қалдықтарының айналымы	1 307
Басқару жүйелерін және ең жетік қауіпсіз технологияларын енгізу	24,6
Қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми-зерттеу және жоба-ізвестіру жұмыстарын орындау	288
Радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	2,7
Экологиялық хабардарлық	27,9
<b>Барлығы</b>	<b>5 498</b>

■ Қатты қалдықтар және бұрғылау ерітінділер құрамында болған шамамен 7,17 мың тонна қалдықтар Эко орталық нысандарында өңделді.

Компания мамандардың қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіби оқуына үлкен назар аударады. 2013 жылы қызметкерлерге арналған экология бойынша семинарлар мен курстарға 17,1 миллион теңге (111,3 мың АҚШ доллары) жұмсалды. 150-ден астам қызметкер оқытылды.

2013 жылы 2014 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары әзірленді. 2013 жылы маусым айында Ақсай және Зеленов ауданы Көшім ауылдық округіндегі Үлкен Шағанда 2014 жылға арналған қоршаған ортаны қорғау шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

**АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛҒАН ШЫҒАРЫНДЫЛАР**

Қарашығанақ кен орнын игерумен және инфрақұрылым нысандарындағы операцияларымен байланысты қажетті операцияларды жүргізу міндетті түрде қоршаған ортаға өз әсерін тигізеді, соның ішінде атмосфералық ауа.

2013 жылы КПО операциялары нәтижесінде атмосфераға 11,3 тонна қалдық шығарылған, оның көбісі күкірт диоксиді SO<sub>2</sub> (50%). Сонымен қатар ең көп шығарындылар қатарында азот тотықтары NO<sub>x</sub> (18%), көміртек тотығы CO (14%) және ұшпа органикалық заттар – метан көмірсутектері C<sub>n</sub>H<sub>m</sub> (15%).

Күкірт диоксидінің басты бөлігі алауда жағылған ілеспе газ және пайдаланылған ауаны пеште жағу кезінде шығады, азот тотығы және көміртек тотығы газ турбиналардың, қазандықтардың, технологиялық пештер және компрессорлардың операцияларына отынды жағу кезінде шығады.

КПО атмосфераға тасталатын шығарындыларды басқару жұмысын қоршаған ортаға шығарындылар тастау рұқсатында көрсетілген шектеулер негізінде атқарады. Соңғы жылдары КПО осы шектеулерден шықпай жұмыс атқарып келді. 2011-2013 жылдары атмосфераға тасталатын шығарындылардың рұқсат етілген және іс жүзіндегі көрсеткіштері 9-кестеде көрсетілген. Атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көлемі келесі себептер бойынша алдыңғы жылдармен салыстырғанда 11% көбейді:

1. Өндірістік нысандарды босатумен және тазартумен байланысты болған өндірістік нысандардың 2013 жылғы жоспарлы алдын алу жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарына тоқтатылуы;
2. Ұнғыма жұмыстары санының көбеюі, оның ішінде көп деңгейлі гидравликалық ажыратудан кейінгі ұнғымаларды тазарту жұмыстары.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## 9-кесте. Рұқсат етілген және іс жүзіндегі ластаушы заттардың көлемі

Ластаушы заттардың көлемі, тоннада:	2011	2012	2013
Рұқсат етілген:	16 186	15 290	15 321
Іс жүзінде, оның ішінде:	8 512	10 215	11 320
Азот тотықтары	1 803	1 956	2 068
Күкірт диоксиді	3 635	4 957	5 703
Көміртек тотығы	1 199	1 464	1 637
ҰОЗ (Ұшпа органикалық заттар)	1 744	1 645	1 700
Күкіртті сутек	27	29	29
Қатты бөлшектер	50	88	110
Басқалары	52,8	76,8	73


Ескерту: Көрсеткіштер 2-ТР статистикалық ауа шығарындылары есебіне сәйкес берілді.

КПО-дағы ластаушы заттардың шығарындылар көлемі жанармайды пайдалану және құрамының бастапқы деректері негізінде, сонымен қатар қондырғының жұмыс істеу уақытын есептеу әдісі арқылы анықталады. КПО-да есептеу әдісі Қазақстан Республикасында сертифицикатталған шығарындылар көздерін үздіксіз бақылау құрылғылары болмағандықтан еңгізілді.

Алауда жағылатын мұнай, шикізат және жанармай газ шығысы үздіксіз өлшеу және отын теңгерімі әдісі арқылы табылады, дизель отыны есептеу әдісі арқылы табылады, ал қондырғының жұмыс істеу уақыты операторлардың күн сайынғы есептеріне негізделген. Газ және мұнай құрамын ішкі сертифицикатталған зертхана анықтайды.

Қазақстан Республикасында ұсынылған процедураларды қолданып, әр компоненттің есептері әрбір заттың және әр ластаушы заттардың көз түрінің деректеріне негізделген.

11-график. Негізгі атмосфераны ластаушы көздер бойынша 2013 жылғы КПО-дағы атмосфераны ластаушы шығарындылар








“Қоршаған ортаны қорғауына менің жеке үлесім” КПО-ның экологиялық конкурстің жеңімпаздары

12-график. 2010-2013 ж.ж. көмірсутек өндірісі және атмосфераны ластаушы шығарындылар көлемі



2013 жылғы әр өндіріс қондырғысына келетін үлесті шығарындылар көлемі әрбір мың тонна өндірілген көмірсутекке шаққанда 0,44 тонна болды.

2012 жылмен салыстырғандағы 2013 жылғы үлесті шығарындылар көлемінің артуы жоспарлы алдын алу жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарына байланысты болды, сонымен қатар көп деңгейлі гидравликалық ажырату жұмыстарына байланысты белсенді жұмыс туғызған ұнғымалардағы ілеспе газ бен сұйық көмірсутектерді жағу (тиісінше 22% және 66%) көлемінің едәуір өсуімен байланысты болды.

### ГАЗДЫ АЛАУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНДА ЖАҒУ

Өндірістік нысандар мен ұнғымалар алау қондырғыларында жағу нәтижесінде бөлінетін көмірсутек қоспаларының шығарындылары КПО-да ауаға тасталатын шығарындылар жалпы көлемінің басты үлесін құрайды (46%). 2013 жылы алауда жағылған газ көлемі КПО-да өндірілген газдың жалпы көлемінің тек 0,16%-ын немесе мың тоннаға шаққанда 0,94 тоннаны ғана құрады


(2012 жылғы мұнайгаз өндірушілер есебіне сәйкес осы көрсеткіш бойынша дүниежүзілік орташа деңгей мың тоннаға шаққанда 13,9 тоннаны, Еуропалық орташа көрсеткіш – мың тоннаға шаққанда 3,46 тоннаны құрады). Бұл КПО-ның осы көрсеткіш бойынша әлем және Еуропалық мұнай және газ өндіретін кәсіпорындар арасында өте жақсы деңгейге жеткенін растайды.

Алайда КПО шығарындыларды қысқартудың қосымша технологияларын, әсіресе ұнғымаларды сынау және тазарту саласында енгізуді жалғастырып келеді.


2012 жылғы нәтижелерімен салыстырғанда газ жағудың іс жүзіндегі және үлесті көлемдері 17 және сәйкесінше 21%-ға артуы ұнғыма жұмыстары санының көбеюімен, соның ішінде көп деңгейлі гидравликалық ажыратудан кейінгі 3 ұнғыманы тазарту жұмыстарымен байланысты. Іс жүзіндегі және үлесті газды жағу көлемінің өсуіндегі айырмашылыққа ҚМГКК нысандарының жоспарлы алдын алу жөндеу жұмыстарына тоқтатылуы әсерінен 2013 жылы өндіріс көлемінің қысқаруы себеп болды.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

**13-график. Ілеспе және табиғи газды жағу, млн. м<sup>3</sup>**



**14-график. 2013 жылы газды пайдаға асыру және жағу**



2013 жылы компания 2012 жылғы 2-ші тоқсанда ұсынылған ұңғымаларды тазалау барысында ішінара мұнай өндірісіне арналған жаңа қондырғыны қолданумен бірге ұңғымаларды тазалау арналған Megaflow қондырғысын қолданды. Осы бастамаларды еңгізу нәтижесінде сұйық көмірсутектерді жағу көлемі жылына жоспарланған 40 000 тоннаға жуық қысқарды. Бұл тазалау барысында өндірілген көлемнің 64%-ын құрап, ал жоспарланған көлем жылына 10 000 тонна болған. Megaflow жүйесін қолдану арқылы ұңғымаларды тазалау барысында газды алау қондырғыларында жағу көлемі 20 млн. м<sup>3</sup> құрады, ал рұқсат етілген көлем 40,6 млн. м<sup>3</sup> еді.

### 2013 ЖЫЛҒЫ ГАЗДЫ ПАЙДАҒА АСЫРУ

«Ілеспе газды пайдаға асыру» бағдарламасында бақылаушы органдар бекіткен 99,47% мақсатты еске алып, 2013 жылы КПО газды пайдаға асыру көрсеткішін әлем деңгейіндегі 99,84%-ға (2012 жылы 99,87%) дейін жеткізді. Ауа сапасының мониторингі бойынша шаралар «Жергілікті қауымдастықтармен байланыс» бөлімінде көрсетілген.

### ТУРА ПАРНИКТІ ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Киото протоколы мен Қазақстан Республикасы экологиялық кодексінің шарттарына сәйкес тіркелуге тиіс көмірсутектерді өндіру және өндеу процесі парникті газды шығаратындықтан КПО үшін парникті газ шығарындыларды бақылау мәселелері маңыздылығы басым міндет болып табылады.

2013 жылы парникті газды бақылау бойынша ҚР экологиялық заңнамасына маңызды өзгерістер ұсынылды. 2013 жылғы КПО есеп беру талаптары парникті газ квотасын үлестіру, парникті газ шығарындылар мониторингі, нормативті техникалық құжаттаманы жасау, парникті газ шығарындыларын тексеру бойынша жаңа заң талаптарын орындауға бағытталған. Осы жұмыс нәтижесінде КПО 2013 жылғы Қазақстандағы парникті газ шығарындылар сертификатын алған алғаш кәсіпорындардың бірі болды.

2013 жылғы КПО-ға берілген көмір қышқыл газ квотасы 1 755 954 тонна болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 655 Қаулысына сай CO<sub>2</sub> – көміртегі диоксиді және CH<sub>4</sub> – метан мемлекеттік тексеруден өту қажет болғандықтан, жыл сайын КПО тура парникті әсері бар парникті газ шығарындыларына мониторинг жүргізеді. 2013 жылы Қазақстанда шығарындылар квотасы тек қана көміртегі (CO<sub>2</sub>) диоксидіне берілді.



КПО қызметкерлері КазЭнерджи қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктер үшін сыйлармен марапатталды

2013 жылғы парникті газ шығарындылар мониторингі КПО-ның барлық парникті газ шығарындылар көздері есепке алынған 2013 жылғы бекітілген мониторинг жоспарына толықтай сай өткізілді.

Шығарындыларды бағалау процесі кәсіпорын іс-әрекеттер деректерінің негізінде есептеу әдісі және Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау органы бекіткен 2010 жылғы 5 қарашадағы № 280 методологиялық нұсқаулығын қолдану арқылы жүргізілді.

Отынды жағу (отын газ, тазартылмаған газ және сұйық көмірсутектер) кезінде тасталған шығарындылар көздеріндегі парникті газ шығарындыларын есептеу кезінде, есептеу-өлшеу құралдарын қолдану арқылы теңгерімдік әдіс арқылы табылған кәсіпорынның жанармай тұтыну деректері алынды.

\* парникті газ шығарындылары өлшенбейді, олар өндірістік қызмет нәтижесі мен жанармайды пайдалану деректері негізінде, шығарынды факторларын немесе отынның компоненттік құрылымы бойынша дерекке негізделген айырбастау коэффициентін пайдалану арқылы есептелінеді.

Көміртегі шығарындылар факторын және басқа да жанармайды жағу (отын газ, тазартылмаған газ және сұйық көмірсутектер) кезінде алынған қосымша параметрлерді есептеу үшін КПО әр нысанның отын құрамы сипаттамаларының тоқсан/жыл сайынғы орташа көрсеткіштері мен химиялық зертхананың апта сайынғы сынақ алу арқылы есептелінген отын түрін қолданды.

Метан (CH<sub>4</sub>) парникті газ шығарындыларын есептеу кезінде жоғарыда көрсетілген методологиялық нұсқаулықта берілген шартты факторлар қолданылды.

2013 мониторинг нәтижелерінің негізінде парникті газ шығарындылар көлемі 1 758 070 тонна CO<sub>2</sub> эквивалентінде болды – оның 1 615 098 тоннасы (92%) көміртек және 142 972 тоннасы (8%) метан. Сондықтан 2013 жылғы КПО-ның парникті газ шығарындылар көлемі квота бойынша рұқсат етілген деңгейден асқан жоқ.

Парникті газ шығарындылар көміртек диоксиді (CO<sub>2</sub>) эквивалентіне айналдыру үшін 1995 жылы қабылдаған климат өзгерістерін қарастыратын үкіметаралық сарапшылар тобының 100 жыл ішіндегі парникті газдың климатқа әсеріне негізделген ғаламдық жылыну потенциалы қолданылды. Метан үшін ғаламдық жылыну потенциалы – 21; ал көміртегі диоксиді үшін ғаламдық жылыну потенциалы 1-ге тең.

Жыл соңында есепті кезеңнің мониторинг нәтижелері кәсіпорын іс-әрекеттері мен парникті газ шығарындыларын есептеу әдісін дұрыс қолдану бойынша алынған деректер жарамдылығының сәйкестігіне байланысты тәуелсіз аккредиттелген ұйыммен тексеріледі.

ҚМГКК-дағы парникті газ шығаруға жетелейтін негізгі технологиялық процес бұл тұрақты жағу көзі ретінде отын жағу болып табылады (80,4%). Отынды алау қондырғылары мен пештерді жағудан шығатын парникті газ шығарындылар мен ұшпалы шығарындылар 11,5%-ды және тиісінше 8,1%-ды құрайды.

#### 10-кесте. КПО өндірісі нәтижесінде шығатын парникті газ шығарындылар динамикасы

Парникті газ жалпы көлемі (CO <sub>2</sub> эквивалентінде, тонна)					
Отынды алауларда және пештерде жағудан	Отынды тұрақты жағу көздерінде жағудан	Ұшпалы шығарындылар	2013 жылғы парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі	2012 жылғы парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі	2011 жылғы парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі
196 387	1 421 330	140 353	1 758 070	1 769 768	2 263 554 (1 670 764)

Ескерту:

- 2012 және 2013 жылғы парникті газ шығарындылар деректері тәуелсіз аккредиттелген ұйыммен тексерілді.
- Тырнақша ішіндегі сандар 2012-2013 жылғы көрсеткіштермен салыстыру үшін 2012 жылы қолданылған әдістеменің көмегімен есептелген мағынаны білдіреді.

Көрсетілген парникті газ шығарындылар тастау динамикасына сәйкес 2013 жылғы жоспарлы алдын алу жөндеу жұмыстарына байланысты 2013 жылғы парникті газ шығарындылар көлемінің 2012 жылғы көлеммен салыстырғанда сәл ғана азаюы көрінеді.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## ЖАНАМА ПАРНИКТІ ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

ҚМГКК-да аймақтық БҚО электр жүйелерінен электр қуатын пайдалану нәтижесінде пайда болатын жанама парникті газдар шығарындылары КПО шығаратын парникті газдың жалпы көлемінің шағын бөлігін (0,004%) ғана құрайды. Бұған себеп компания меншігіндегі кен орнындағы бүкіл өндірістік нысандарын және маңындағы елді мекендерді электр қуатымен қамсыздандыратын газтурбиналық электр станциясы.

Осы шығарындылар Қазақстан Республикасының ішкі парникті газ шығарындылар квоталық жүйесінің есептеріне енгізілмейді, бұл ақпарат тек қана құрушы компанияларға берілетін есептерде көрсетіледі. 2013 жыл ішінде КПО-дағы жанама парникті газ шығарындылар көлемі CO<sub>2</sub> эквивалентінде 177 тоннаға тең болды.


Жанама шығарындылар көлемі іс жүзіндегі сатып алған электр қуатының көлемін (мегаватт/сағат) Қазақстанға берілген халықаралық шығарындылар коэффициентіне көбейту (0,684 тонна/мегаватт/сағат) арқылы есептелінеді.

## ҮЛЕСТІ ПАРНИКТІ ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

2013 жылғы әр көмірсутекті өндіру қондырғысына келетін үлесті парникті газ шығарындылар көлемі әрбір өндірілген көмірсутектің мың тоннасына шаққанда 68 тоннаны құрады. Үлесті парникті газ шығарындыларының алдыңғы кезеңдермен салыстырғандағы өсуі келесі себептермен байланысты:

- өндірістік нысандарды жоспарлы алдын алу жөндеу жұмыстарына тоқтатылу себебіне байланысты тік алау мұнараларында табиғи және ілеспе газды жағу көлемінің өсуі;
- ҚМГКК-ның дамыту жобаларын дайындауымен байланысты ұнғыма операциялары көлемінің өсуі.
- КПО электр станциясындағы қосымша тоын жағу қажеттілігіне әкелген «БатысЭнергоРесурсы» ЖШС-ның БҚО тұтынушыларын қамсыздандыру туралы сұранымы бойынша сыртқы жүйелерді электр қуатымен қамсыздандыру көлемінің артуы.

## 15-график. Әрбір көмірсутек өндіру қондырғысына шаққандағы үлесті парникті газ шығарындылар динамикасы



- КПО деректері – өндірілген көмірсутектің мың тонн. шаққанда CO<sub>2</sub> экв. парникті газ
- Мұнайгаз өндірушілер деректері (Барлық мемл.) - өндірілген көмірсутектің мың тонн. шаққанда CO<sub>2</sub> экв. парникті газ көлемі, тонна

Орынды өсуге қарамастан КПО-дағы әрбір көмірсутек өндіру қондырғысына шаққандағы парникті газ үлесті шығарындылар Еуропалық деректердің деңгейімен тең, ал мұнай өндіру саласы бойынша халықаралық орташа көрсеткіштерден 45-56%-ға кем.



**11-кесте. Әрбір көмірсутек өндіру қондырғысына шаққандағы үлесті парникті газ шығарындылары бойынша салыстырмалы талдау**

Қоршаған орта ахуалы көрсеткішінің санаттары	КПО деректері			Мұнайгаз өндірушілер дер-і (Еуропа)	Мұнайгаз өндірушілер дер-і (жалпы)
	2011	2012	2013	2012	2012
$CO_2+CH_4 (CO_2e)$					
Көмірсутекті өндіру мың тонн. шаққандағы тонна	66	66	68	94	160
$CO_2$					
Көмірсутекті өндіру мың тонн. шаққандағы тонна	59	59	62	83	132

**ПАРНИКТІ ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ**

2008 жылдан 2012 жылға дейін Компания өз еркімен парникті газ басқару стратегиясы негізінде парникті газ шығарындыларын қысқартып келді.

Аталмыш стратегия шеңберіндегі шараларды орындау нәтижесінде 2007-2012 ж.ж. парникті газ шығарындылары 450 мыңнан астам тоннаға қысқарды.

2013 жылдан бастап парникті газ шығарындыларын қысқартуға мүмкіншілік беретін заңнаманың күшіне енуіне байланысты КПО осы салада тәуелсіз ұйыммен дәлелденген 2014-2015 жылдарға арналған парникті газ шығарындыларын азайту бағдарламасы негізінде жұмыс істейді.

Осы бағдарлама 2013 жылға парникті газ шығарындыларын ( $CO_2$ ) бірнеше жобаларды іске асыру арқылы 73 345 тоннаға қысқартуды мақсат қойды.

**12-кесте. Парниктік газ шығарындыларын азайту мүмкіндіктері**

№	Мүмкіндіктер	Шығарындыларды азайту, тонна жылына	
		Жоспар	Іс жүзінде
1.	2-ГҚДҚ В және С технологиялық желілерінің компрессорларын қайтадан жабдықтау	17 378	19 572
2.	ҚӨК-тегі алау коллекторындағы жіберіп тұрған клапандарды жөндеу	10 329	23 727
3.	Ұнғымаларды тазалауға арналған сұйықтықтарды қалпына келтіру жүйесін іске қосу	29 600	117 075
4.	4-технологиялық желідегі бу өлшеуішін іске бейімдеу	15 538	7 344
5.	4-технологиялық желідегі конденсатты тұрақтандыру бағанасы сепараторындағы 2 сорғының орнына 1-ін қосу	356	247
6.	Жаз кезінде 2-ГҚДҚ кері айдау желілеріндегі ауа салқындатқыштарын жуу	144	144
	<b>Барлығы:</b>	<b>73 345</b>	<b>168 109</b>

Шын мәнісінде, компания екінші және үшінші мүмкіндіктерді белсенді қолданып, есепті жылдың 12 айға қойылған мақсаттан екі есе асып кетті.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## ҚУАТ ТҰТЫНУ

### Энергияны үнемдеу бағдарламасы

2012 жылы энергияны үнемдеуге, өндіріс қуаты тиімділігін арттыруға және қуат қорларын тиімді пайдалануға бағытталған Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» заңы шықты.

КПО жылына 1 500 немесе оданда көп тонна көміртек эквиваленті көлемінде қуат көздерін тұтынатын экономикалық кәсіпорын ретінде мемлекеттік қуат тұтыну тізіліміне енгізілді.

Қазақстан Республикасының энергияны сақтау саласындағы заң талаптарына сәйкес КПО «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ және «Казахэнергоэкспертиза» АҚ-ның Батыс Қазақстан филиалдарының өкілдерін сараптамалық бағалау жүргізуге шақырды. Шақырылған аудиторлар КПО-ның қуат тұтынатын бөлімдерінің өкілдерімен кездесті; сараптау және тиісті қорытынды шығару үшін тұтыну және КПО-дағы қуатты есептеу жағдайы туралы ақпарат жинады. Қуат тұтыну мен өлшеуді бақылаумен жұмыс істейтін бірнеше қызметкерлер үшін қауат басқару бойынша кіріспе оқыту курсы өткізілді. Болашақта осы тақырыппен таныстыру үшін және соңынан қуатты үнемдеу бойынша ұсыныстарды іске асыруға мүмкіндік беру үшін аталмыш оқыту курстары компанияның барлық қызметкерлері үшін өткізу жоспарланып отыр.

Сарапшының қорытындысы қуатты үнемдеу аймақтарын анықтауға және компанияда қуат басқару жүйесін енгізу үшін келесі қадамдарды дамытуға мүмкіндік береді. Алайда есеп дайындалып жатқан кезде сараптамалық бағалаудың қорытынды нәтижелері әлі беймәлім еді.

### Электр қуатын тұтыну

В 2012 жылдағыдай 2013 жылы да Қарашығанақ кен орны нысандарында электр қуатын тұтыну деңгейі өсті. Эко орталықтағы жаңа қазандық секілді қосымша көлемдердің іске қосылуы өсу динамикасының себебі болды.

Оған қоса ҚӨК-дегі электр қуатын тұтынудың өсуіне өндіріс тұрақтылығын жақсарту мен бақылау икемділігін қамсыздандыру үшін қуатты компрессордың іске қосылуы себеп болды.

## 13-кесте. Бастапқы энергия ресурстарын тұтыну, 10<sup>15</sup> Дж

	2011	2012	2013
Жаңартылмайтын көздер, ең алдымен табиғи газ	6,24	6,37	6,78

14-кестеде соңғы үш жылдағы кен орнындағы өндірістік қондырғылармен қуатты сатып алу динамикасы көрсетілген.

КПО және қызмет көрсетушілер арасындағы келісім-шартқа өзгерістер енгізгендіктен Қарашығанақ-Атырау құбыр жүйесі сатып алынатын қуат деңгейін азайтты; қазір ҚАТЖ 2-26 клапан торабының нысандары қуатты сатып алудың орнына өздері ҚӨК ГТЭС-дағы өндірген және Батыс Қазақстан облысындағы желілер арқылы тасымалданатын қуатты пайдаланады. КПО-ның технологиялық қондырғылардың жоспарлы алдын алу жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарына тоқтатылуына байланысты 2013 жылы КПО-ның Үлкен Шағандағы мұнай айдау станциясы мен өндірістік нысандары үшін сатып алынатын қуат деңгейі 2012 жылғы деңгеймен салыстырғанда жоғары болатын. ҚӨК ГТЭС-сы 6 күнге тоқтатылды, сол себепті үшінші тарапты жабдықтаушыдан қажетті қуатты қосымша сатып алу қажет болды.

## 14-кесте. Электр қуатын сатып алу, мегаватт/сағ

	2011	2012	2013
ҚАТЖ (Атырау, 1-35 клапан торабы)	1 779	1 959	1 667
Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы	62	0	16,46
Кен орнындағы өндірістік нысандар (оның ішінде ҚӨК, 2-ГҚДҚ, 3-ГҚДҚ, Эко орталық, жинақтау жүйесі мен ҚОТЖ)	5 317	179	2 434




## СУ РЕСУРСТАРЫ

Су қорларын қорғау және оларды орынды қолдану барлық адамзаттың алдында тұрған басты және маңызды міндет, себебі су бағалы өнеркәсіптік шикізат қана емес, ол одан да маңызды тіршілік көзі.

2013 жылғы КПО-дағы су тұтынудың жалпы көлемі 485 641 м<sup>3</sup> болды, оның ішінде 396 353 м<sup>3</sup> техникалық су және 89 288 м<sup>3</sup> ауыз су болды.

16-график. КПО-дағы су тұтыну мөлшері



15-кесте. КПО-дағы су көздері, м<sup>3</sup>

Су тұтыну	2011	Шектеу*, 2011	2012	Шектеу*, 2012	2013	Шектеу*, 2013
Жарсуат су жинағыш нысаны	132 446	-	117 843	-	86 820	-
Серебряково су жинағыш нысаны	1 564,5	-	1 644	-	2 468	-
Кигач су жинағыш нысаны	2 139	-	3 032	-	4 601	-
Кончубай су тоған жырасы	390 912	528 280	414 008	578 904	391 752	578 904
Қайта пайдалану	142 889	-	98 778	-	64 343	-
Бұрғылау ерітіндісін дайындау	13 392	-	19 190	-	33 579	-
Суару және гидросынақ жасау	122 357	-	68 698	-	13 335	-
Шаң басу	7 140	-	10 890	-	17 429	-

\* ҚР-нда өнеркәсіптің мұқтаждықтары үшін сужинаққа арнайы су пайдалануға рұқсатқа сәйкес

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## Техникалық су

Кигач су жинағыш нысаны Атырау терминалы МАС-ын тұрмыстық және техникалық мақсатпен қолданатын техникалық сумен Астрахан-Атырау су желісі арқылы қамсыздандырады. Су «КазТрансОйл» АҚ және КПО арасындағы келісімшарт негізінде жеткізіледі.

Өрт сөндіруге арналған су резервуарларын инспекция мен техникалық сынақтан өткізуге байланысты Атырау терминалы нысандарының техникалық мұқтаждықтарына су алу көлемі 2013 жылы 4 601 м<sup>3</sup> құрап, 2012 жылғы 3 032 м<sup>3</sup> көлемінен 50% көп болды.

Қарашығанақ кен орнында техникалық мұқтаждықтар үшін сумен жабдықтаудың негізгі көзі Кончубай жырасындағы №1 су жинақтаушы тоғаны. КПО жылдық су алу көлемі шектеулі 578 904 м<sup>3</sup> құрайтын Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі өнеркәсіптік мұқтаждықтарға арналған арнайы су пайдалану рұқсатының бірінші қолданушысы.

Қысқы жауын-шашын көлемінің азаюы жағдайында ҚМГКК мұқтаждықтары үшін қажетті су деңгейінің төмендеу қаупі бар. Сондықтан компанияда техникалық сумен қамсыздандыратын №9 және №4 екі резервті ұңғыма бар.

Батыс Қазақстан облысының әділет бөлімінде 2013 жылғы 14 қантарда №3147 тіркелген Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 269 Қаулысына сәйкес Кончубай жырасы жергілікті маңыздылығы бар балық шаруашылығы су нысаны тізіміне кіргізілмеген.

2013 жылы КПО-да техникалық мұқтаждықтар үшін қолданылған су көлемі 391 752 м<sup>3</sup> құрады, бұл арнайы су пайдалануға рұқсатында көрсетілген 578 904 м<sup>3</sup> деңгейіндегі шектеудің 68%-ын құрайды. Бұрғылау ерітінділерін дайындау, ағаштарды суару, ұңғыма операциялары кезінде жолдар мен құрылыс нысандарындағы шаңды басуға арналған тұщы су көлемін азайтуға және қабатаралық күйзелістерді болдырмау мақсатында компания өңделген тұрмыстық, қалдық сулар мен ағынды суларды пайдаланады. 2013 жылы КПО техникалық мұқтаждықтар үшін 64 343 м<sup>3</sup> өңделген қалдық суды пайдаланды. Суды пайдаланудың толық деректері 15-кестеде көрсетілген.

## Ауыз су

Қарашығанақ кен орнына ауыз су жеткізудің негізгі көзі Жарсуат су жинау нысаны. Үлкен Шаған мұнай айдау станциясының су мұқтаждығы Серебряково су жинау

нысаны, ал Атырау терминалы мұнай айдау станциясы Кигач су жинау нысаны арқылы қамсызданады. Компания мердігер су тұтынушы; нысандарды сумен қамсыздандыру келісімшарттар арқылы жасалады.

Басқа көздер болмағандықтан өрт сөндіруге арналған резервуарларды сумен қайта толтырылатын Үлкен Шаған мұнай айдау станциясынан басқа нысандарда ауыз су тек тұрмыстық қажеттіліктерге қолданылады.

2013 жылы КПО-ның тұрмыстық қажеттіліктеріне қолданылған су көлемі 89 288 м<sup>3</sup> құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 25%-ға кем (119 487 м<sup>3</sup>). Мұндай көрсеткішке қол жеткізу компанияның келесі іс-әрекеттерді қамтыған суды тиімді қолдануға бағытталған шаралары зор үлес қосты:

- суды тиімді пайдалану;
- Қазақстан Республикасының бақылаушы органымен белгілеген және бекіткен суды пайдалану шектеулері мен режимдерін қадағалау және сақтау;
- су шаруашылығы нысандары мен техникалық құрылғыларын жарамды күйде ұстау, ағып кету түрінде су жоғалтуға жол бермеу мақсатында су желісі мен бекіткіш арматураларына жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу;
- су ресурстарын пайдалану жөнінде жазбаларды тіркеу және ауқытылы есеп беру.

Атырау терминалында тұрмыстық қажеттіліктерге техникалық су қолданылады. 2013 жылы тұтынылған су алу көлемі 1 044 м<sup>3</sup> құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 10 %-ға көп (948 м<sup>3</sup>).

Нысандардағы ауыз су есептеу су өлшейтін аспаптар арқылы жүргізіліп, Қазақстан Республикасының бастапқы есеп ережелеріне сәйкес бақылау журналына тіркеледі.

## Өңделген ағынды су

КПО су ресурстарын сақтау және мүмкіндігінше өңделген суды қайта пайдалану бойынша шараларды жүзеге асыру арқылы таза суды қолдануды оңтайландыруға мақсат қойып келеді.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін компания өңделген ағын суларды жер бетіндегі су қорларына төкпейді, оның орнына өңделген тұрмыстық пен өндірістік ағынды суларды және ағын суларды арнайы құрылған оқшауланған жинақтаушы тоғандарға ағызады.





Қарашығанақ кен орнындағы Кончубай сайы

Бұл нысандар ластаушы заттардың жер асты сулары мен топыраққа ағуын болдырмаумен қатар өңделген ағынды суларды техникалық қажеттіліктер үшін жинауға, сол арқылы тұщы суды пайдалануды азайтуға мүмкіндік береді.

2013 жылы төгілген ағын судың рұқсат етілген көлемі 921 994 м<sup>3</sup> болды. Төгілген қалдық судың іс жүзіндегі көлемі 426 470 м<sup>3</sup> болды, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 15% жоғары.

Ағынды судың келесі компоненттері мониторингтен өтті:

- тұрмыстық ағынды су: рН, ерітілген қатты заттар, мұнай, аммиакты азот, нитраттар, нитриттер және BOD<sub>20</sub> және BOD<sub>5</sub>, темір, синтетикалық сурфактанттар, сульфаттар, хлоридтер, фосфаттар, құрғақ қалдықтар, ерітілген оттегі;
- өндірістік пен нөсер ағынды сулар және еріген, жаңбыр сулар: рН, ерітілген қатты заттар, мұнай өнімдері, құрғақ қалдықтар;
- технологиялық және илеспе ағынды су: ерітілген қатты заттар, мұнай өнімдері, сульфидтер, сульфаттар, хлоридтер, күкіртті сутек, метанол, темір, мыс, цинк, алюминий.

2013 жылы ағынды судағы ластаушы заттардың шектеуі 18 395 тонна болды. 2013 жылы барлығы 10 150,9 тонна ластаушы зат төгілген, бұл 2012 жылғы көрсеткіштерден екі есеге жуық көп. Осы көрсеткіштің 5 318 тоннасы стандартты шектеуге сәйкес келеді, ал 4 832,9 тоннасы шектеуден асып кетті. Ластаушы заттардың артық концентрациясы негізінен хлоридтер, мұнай өнімдері мен аммоний азот компоненттерінде тіркелген.

Суды төгу және ластаушы заттар көлемінің өсуіне құрамында көп көлемде ерітілген тұздар және технологиялық және илеспе ағынды сулардың айдауы себеп болды.

Көмірсутек шикізатымен және техникалық сумен бірге өндірілетін илеспе су өнделіп, жер қабатына кері айдалады. Шектеуден асу көбінесе жер қабатына айдалатын ағынды судағы ерігіш тұз мөлшерінің құрамы жоғары болуына байланысты. Жер асты суы жоғары деңгейлі минералды және оны тұрмыстық, ішу, бальнеологиялық қажеттіліктерге, сонымен қатар жер мен малды суару үшін техникалық мұқтаждықтарға қолдану мүмкін емес. Жерге кері айдау топырақ, өсімдік және жануарлар сияқты қоршаған орта компоненттеріне ешқандай әсер етпейді.

Ағынды суды дайындау және кері айдауға өте қолайлы болып келетін су жабудың сенімді жүйесі мен топырақ қасиеттерінің арқасында судың жоғарғы су қабаттарына көшуіне жол берілмеді. Сақынды суларды кері айдау – жоғары деңгейлі минералды ағынды суларды өңдеу кезінде құрамында тұзы бар қалдықтардың түзілуінсіз пайдаға жарату мәселесін шешуге бағытталған халықаралық тәсіл.

Азот мөлшерінің шектеуден асуы (аммоний азоты, нитрит немесе нитрат-иондар) жинақтаушы тоғандарға ағызылған тұрмыстық ағынды сулардан шықты. КПО-да ағынды сулардағы мұнай өнімдері мен ерітілген қатты заттар бойынша көрсеткіш шегінен шығу фактісі тіркелмеді. Жинақтаушы тоғандардағы су суландыру мақсатында пайдаланды, ондағы рұқсат етілген азот қосылыстары мөлшері су ағызу мөлшерінен әлдеқайда жоғары.

КПО нысандарында келесі ағынды су түрлері бар: тұрмыстық, өнеркәсіптік, еріген және жаңбыр суы, техникалық және илеспе ағын сулары. Өңделген суды төгу су мен жер қабаттарына ағынды сумен бірге ластаушы заттарды төгу жөніндегі шекті рұқсат етілген деңгей жобасына сәйкес өткізіледі. Қазіргі күні 2014-2015 жылдарға арналған шекті рұқсат етілген деңгей жобасы мен ағынды су сапасын бақылау кестесі дайындалып, бақылау органдарымен бекітілуде. Компания «Қарашығанақ кен орны өнеркәсіптік ағынды суларын жерге кері айдау» атты барлау және өндіру жұмыстарына жатпайтын жер асты нысандарын құру мен пайдалану рұқсатын алды. ӨБТК-ге сәйкес рұқсат қосымша 2037 жылға дейін жарамды.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

**16-кесте. Ағынды сулар мен белгіленген орын категориялары бойынша шығудың жалпы көлемі, м<sup>3</sup>**

	2011	2012	2013
Өңделген тұрмыстық ағынды суды ағызу, төмендегілермен қоса	112 909	93 772	78 383
Жер асты полигонымен қосқандағы технологиялық және ілеспе жер қабаты суларын кері айдау	266 250	265 118	342 458
Жер бетімен қоса жаңбыр және еріген ағынды суды ағызу	18 014	9 402	5 629
Су ағызудың жалпы көлемі	397 173	368 292	426 470

Ағынды суларды тазарту сапасын жақсарту мақсатында КПО 2013 жылы «КПО-ның өндірістік нысандарында тұрмыстық және мұнайлы ағынды суларды тазартатын құрылыстарды жаңарту» жобасының 2-сатысы бойынша жұмыстар жалғасты. Жұмыс жобаларына мемлекеттік сараптама қорытындылары алынды, және жобалық шешімдерді іске асыру үшін қажетті жабдықтарды сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

ҚӨК-тегі тұрмыстық ағынды суды тазарту нысандары істен алынды, тазартылмаған ағынды су қысымды коллектор арқылы Пилот қалашығының өңдеу нысандарына жіберілді.

2013 жылы Атырау терминалы МАС, Үлкен Шаған МАС және 3-ГҚДҚ нысандарында су өлшейтін аспаптар орнатылды. Өңдірілген ағынды суды есептеу бастапқы есептеу ережелеріне сәйкес өткізілді. 2013 жылы жабдықтаушылармен келісілген барлық су тұтыну шектеулері орындалды. Қоршаған ортаға шығарындылар тастау рұқсатында бекітілген төгу көлемдері шектеулерден асқан жоқ.

2013 жылы эйхорнияны (су сүмбілгүлі) пайдаланумен ҚМГКК ағынды суларын биологиялық қорытынды өңдеу тиімділігіне арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне және бақылаушы органдарының қорытындыларына сәйкес келесі шаралар әзірленеді.

2013 жылы ағынды судың қайта қолдану деңгейін арттыруға, яғни жер үстіндегі көздерден алынған таза судың тұтынуын азайтуға және бекітілген шектеулермен және суды пайдалану кестесімен сәйкес болуға мүмкіншілік беретін өңделген ағынды суды қайта қолдану өндірістік процедурасы жаңартылды. 2014 жылдан бастап шекті рұқсат етілген деңгей жобасынан ҚМГКК аймағында су ағызу шаралары алынып тасталды.

Өндіріс нысандарының әсерін бағалау және жер үсті мен жер асты су ресурстары сапасына тиетін әсердің алдын алу, азайту және жою шараларын уақытылы қолдану үшін әрдайым осы ресурстарға мониторинг жүргізіледі; суағарлар мен ықтимал ластанушы заттардың жылжуы бақыланып, құжаттарға тіркеледі, сондай-ақ қолданыстағы санитарлық және гигиеналық стандарттар сәйкестігіне тексеріліп отырады.

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

Қалдықтарды басқару бойынша қауіпсіз әрі тиімді жүйені қалыптастырып, пайда болған қалдықтар мен өндіріс нысандарына негізделген адамзат пен қоршаған ортаға әсер ететін қазіргі кездегі және ықтимал қауіпті іс-әрекетті азайту үшін компания келесі негізгі қалдықтарды басқару тәсілдерін қабылдады:

- қалдықтарды КПО-ның қалдық тастайтын алаңдарында орналастыру;
- қалдықтарды Эко орталық нысандарында өңдеу;
- қалдықтарды технологиялық желіге қалпына келтіру; және
- қалдықтарды кейінгі пайдаға жарату үшін арнайы мердігер ұйымдарға жіберу. Өз кезегінде арнайы мердігер ұйымдар қабылдайтын ұйымдармен қалдықты орналастыру, өңдеу және жою жөнінде келісімшартқа отырады.

Қалдықтар КПО меншігіндегі қалдықтарды өңдеу нысандарында орналастырылып, қалдықтар полигоны мен алаңдар құрылыстық жобасы негізінде әзірленген құжаттамаға сәйкес өңделеді. Қалдықтар полигоны ұяшықтары толтырылып жатқан кезде ағын судың ағып кетуін болдырмайтын оқшау қабаттары орнатылады.



Қоршаған ортаға жасайтын ықтимал әсерді азайтатын саз қабаты мен тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған геомембранадан тұратын іріктеуге қарсы қалқан полигон ұяшықтарының түбіне орнатылады.

Қалдықтарды полигонда орналастырмастан бұрын олар түрлі өңдірілген қалдықтардың саны мен зиянды қасиеттерді азайту үшін Эко орталық нысандарында өңделеді.

Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында сұйық қалдықтарды тазарту бұрғылау ерітіндісі мен тұзды ерітінділерді дайындау үшін өңделген өнімдердің 74,13%-ын қайта қолдануға мүмкіндік берді.

Жалпы қоқыстарды өртеуге арналған пешті іске қосу КПО-ның қалалық қоқыс лақтыратын жерге тасталған тұрмыстық қалдықтар санын 95%-ға қысқартуға мүмкіндік береді.

Қалдықтарды өндіріс желісіне қайта пайдаға асыру қалдықтарды қайта қолданудың ең жақсы қол жетімді жолы.

Негізінде арнайы мердігер ұйымдар КПО-ның қалдықтарын қалай өңдейтінін тәуелсіз түрде өздері шешеді және әр тоқсан сайын үшінші тараптарға қалдықтарды тасымалдау жөнінде есеп тапсырады.

2013 жылы макулатураны бөліп жинау КПО-ның қалалық қоқыс лақтыратын жерге тасталған тұрмыстық қалдықтардың санын 27,9 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді. 2013 жылы жоғарыда айтылған Ақсай қалашығындағы КПО-ның бес офисінен макулатураны жинау және бөлу бойынша пилоттық жоба шеңберінде жиналған макулатура қайта өңдеуге жіберілді. Жоба 2010 жылы басталғаннан бері 62,1 тонна көлемінде жиналған макулатура БҚО жергілікті дәретхана қағазын шығаратын кәсіпорнына қайта өңдеуге тапсырылды. 2014 жылы Қарашығанақ кен орнында орналасқан үш ғимараттан макулатураны бөліп жинау жоспарлануда.

КПО-дағы қалдықтарды өңдеу нысандарындағы өңделген қалдықтар санын азайту келесі жолдар арқылы қол жеткізілді:

- Термомеханикалық өңдеу қондырғысында мұнай негізіндегі қалдық бұрғылау ерітіндісінен базалық майды және суды бөліп алу мүмкіндігі. 2013 жылы 8879,6 тонна қалдық өңделді; 732,68 тонна базалық май бөліп алынып, 7665,24 тонна қалдық термомеханикалық

өңдеуден кейін қалдықтар полигонында орналастырылды. Нәтижесінде КПО-да өңделген қалдықтар саны 13,7%-ға азайды;


- Сұйық қалдықтар мен ағын суды сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында өңдеу мүмкіндігі. 2013 жылы 6843,68 тонна сұйық қалдықтар өңделді, оның ішінде 4778 тонна өңделген су қайта пайдаланды.

Қалдықтар қозғалысын тіркеу КПО-ның қалдықтарды басқару процедурасына сәйкес бекітіліп қолдануда. Бастапқы қалдықтарды тіркеу процесі бақылау купондары арқылы жүргізілді. Купондарға нысандағы қалдықтарды басқаруға жауапты қызметкерлер, қалдықтарды тасымалдауға жауапты қызметкерлер, салмағын өлшейтін оператор мен нысанның/ұйымның қалдықты соңғы жоюға/өңдеуге қабылдайтын өкілі қолдарын қояды.

Барлық КПО нысандарындағы/бөлімдеріндегі қалдықтарды басқаруға жауапты қызметкерлер тіркеу журналдарын жүргізеді.

Төмендегі графикте қалдықтардың пайда болу динамикасы көрсетілген. 2013 жылғы КПО нысандарындағы пайда болған қалдықтардың жалпы көлемі 30 037 тонна құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда сәл ғана төмен.

**17-график. Қалдықтардың пайда болу динамикасы**



# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

17-кестеде зиянды және зиянсыз қалдықтар мен КПО-да қабылданған қалдықтарды өңдеу әдістері туралы дерек берілген.

**17-кесте. Пайда болған, тазартылған, өңделген және қайта қолданылған қалдықтар көлемі, тонна**

	2013 жылы КПО-да өңделген қалдықтар										
	1. Пеште жағу					2. Қайта өңдеу					
	Пеште өртеуге жіберілген	оның ішінде				Өңдеуге жіберілген	оның ішінде				
		өртелген	мердігер компаниясына жіберілген	өртелгеннен кейін полигонда көмілген	өңдеуден кейін уақытша сақтау		Өңдеуден кейін қайта қолданылған	Кейінгі өңдеу	Кейінгі өртеу	Өңделгеннен кейін полигонда көмілген	Ластанған
Есеп беру мерзімінде түзілген зиянды қалдық	990	148	14	822	5	13 820	5 354	990	137	6 158	1 181
Есеп беру мерзімінде түзілген зиянсыз қалдық	7	0,77	0,107	6	0	0					
Өткен жылдары өндірістік алаңда жиналған зиянды қалдық	6 912	770	107	6 035	0	1 280	106	67	2	1 105	
Өткен жылдары өндірістік алаңда жиналған зиянсыз қалдық	0	0	0	0	0	0					
Өңделген өнімдер (қайталама қалдықтар)	141	16	2	123	0	624	51,4	33	1	538	



КПО-ның Эко-орталығындағы шламды термомеханикалық өндеу қондырғысы

2013 жылы КПО-да өңделген қалдықтар			2013 ж. үшінші тарапқа кейінгі өндеуге, пайдалануға, өртеуге және орналастыруға берілген қалдықтар					2013 жылы пайда болған қалдықтар	2012 жылы пайда болған қалдықтар	2011 жылы пайда болған қалдықтар
3. Қайта пайдалану	4. Полигонда көмілген	5. Алаңда жиналған	өңдеуге жіберілген	өртеуге жіберілген	қоқыс алаңына тастауға	қайта пайдалануға	уақытша сақтау			
104	1 603	9,621	314	684	2 023	36	95	29 166	22 328	31 811
		201	37	39	499	4	84	871	8 869	17 588
50		40	4,4	117	27					
			0,623	0,007	207					

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## ТӨГІЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

2013 жылы Қарашығанақ кен орнында КПО екі мердігері көлектерінің қатысуымен болған жол-көлік оқиғасы нәтижесінде төгілудің бір жағдайы<sup>1</sup> тіркелді. Төгілген дизель отынының көлемі 2700 литр болды. КПО-ның жауапты мердігері төгілу жерін жинады; ал ластанған топырақ тиісті түрде тазартылды. Оқиға бойынша Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарына хабар берілді және түпкілікті себептерін анықтау үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта осындай оқиғаларды болдырмау үшін түзету және алдын алу шаралары орындалды.

## ГРИФОНДЫ АЙМАҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

ҚМГКК аумағында ластанған жер жоқ. 2012 жылға дейін ластанған жер Грифонды аймақта болды. Грифонды аймақтағы ластанған жерлерді биологиялық қалпына келтіру жұмыстары 2011 жылдың соңында аяқталды. КПО 49,1 гектар қалпына келтірілген жерді мемлекет меншігіне тапсырды.

2013 жылдың қазанында VIII ҚазЭнерджи форумы аясында өткізілген ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ жетістіктері байқауында КПО марапатталған болатын. ҚМГКК-дағы Грифонды аймақты қалпына келтіру КПО жобасы соңғы кезеңде болған барлық жобалар тізімінен таңдалды. Осы марапат КПО-ның еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы толассыз күш жігерін мойындау болып табылады.

## БИОТҮРЛІЛІК

В 2011 жылы КПО биологиялық түрлілікті сақтау шаралар жоспарын дайындады. Жоспардың ең басты мақсаты түрлер мен олардың ҚМГКК-дағы мекендерін КПО өндірістік жұмыстарымен және басқа мүдделі тараптармен пайдаланып жатқан жермен өзара жарамдылық сипатында сақтау.

Жоспар КПО өндірістік қызметтері жүргізілетін аймақ айналасындағы биологиялық түрлілікті бақылау және есеп беру шараларын қамтиды. 2012 жылға жоспарланған I кезең ҚМГКК аймағындағы сирек кездесетін жануарлар түрлерін тіркеу бойынша дала зерттеу жұмыстарын қамтиды.

Ал II кезең 2013 жылға жоспарланған келесі шараларды қамтиды:

- төрт факторға (қоршаған ортаға тасталатын шығарындылар, физикалық әсер, су тұтыну, жайлаулар) әсер ететін ҚМГКК аймағындағы өсімдіктерге мониторинг жүргізу;
- экожүйелердегі өзгерістерді анықтау мақсатында үш кезең кезіндегі экожүйелердегі өзгерістерді анықтау үшін спутниктік суреттерді талдау. ҚМГКК аймағы кен орнын дамыту жұмыстарына дейін ауыл шаруашылығы

мақсатында пайдаланылғаны бәріне мәлім. Қазіргі кезде аймақтың көптеген бөлігінде арамшөп түрлері мен жусан өседі;

- ҚМГКК-де су қоймалары жағалық экожүйелерін картаға түсіру (Березовка өзені, Кончубай жырасы);
- шіл аймақтайтын жер туралы зерттеулер Қазақстан Республикасының Қызыл кітабында көрсетілген. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу жұмыстарының негізінде шіл 4 жерде тіркелген. 2013 жылы құрлар аймақтайтын тағы бір орын табылды. 2013 жылдағы 2010 жылмен салыстырғандағы шілдің жалпы санының өсуіне осы түрге қолайлы ауа-райы жағдайы себеп болды. Құрлардың аймақтайтын орындарын әрі қарай қадағалау 2016 жылға жоспарланған.

18-кестеде ҚМГКК аумағында тіркелген қоршаған ортаны қорғау үшін өте маңызды түрлер тізімі көрсетілген. Аймақта өндіріс қызметтерін жоспарлау және іске асыру кезінде осы түрлердің барлығын ескеру КПО үшін маңызды, бірақ олардың барлығын немесе санын компаниямен жүргізілетін қоршаған ортаны қорғау жұмыстарының көрсеткіші ретінде қарастыру дұрыс емес. Себебі құстар мен жануарлар санының өзгеруі КПО-ға қатысы жоқ ғаламдық және түгел жер көлемінде істейтін күштермен байланысты. Осы түрлер санындағы ауытқуларды түрлер санындағы үрдістерінің кең шеңберінде қарастыруды талап етеді. Өндіріс операциялары түрлер санына тікелей немесе жанама әсер болмайтындай етіп іске асырылады.

18-кестеде келесі санаттар қолданылды:

- ҚҚ: Қауіп-қатерде – әдетте жоғары қауіпті санатқа жатқызылуы мүмкін саны азайып бара жатқан түрлер.
- О: осал – жабайы табиғатта түгелдей жоғалып кету жоғары қауіпі бар түрлер.
- Қазақстан Қызыл Кітап – Қазақстан Қызыл кітабына енген ел аймағында сирек кездесетін түрлер: рим цифрлары түрлі сиректік санаттарын көрсетеді, I – ең сирек, ал V – жиелеу кездесетіндер.
- ЖС: Жергілікті сирек – жергілікті аймақта сирек кездесетін; Қазақстанда бар, бірақ ҚМГКК-да сирек кездесетін түрлер, дегенмен ел ішінде немесе әлем бойынша жие кездесуі мүмкін. Қосымша санатқа ҚМГКК-да саны аз, арнайы мекендеу жағдайын талап ететін, сондықтан жергілікті аймақта жоғалу қауіпі бар түрлер енгізілген.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде ҚМГКК жұмысынан биотүрлілікке әкелетін ешқандай әсер анықталмады. Зерттеліп жатқан аймақтағы биотүрліліктегі өзгерістерді бақылау мақсатында өсімдіктер мен жануарларды бақылау келесі жылдары да жалғастырылады.

<sup>1</sup>«Айтарлықтай төгіліп кету» анықтамасы жерге немесе су беткейіне төгіліп кету көлемі 1000 литрдан асатын көмірсутек / химиялық реагенттердің төгіліп кетуі арқылы қоршаған ортаның ластануына әкелетін жағдайларға қолданылады (КПО-ның жағдайлар классификациясына сәйкес).



### 18-кесте. ҚМГКК аймағында тіркелген қоршаған ортаны сақтау үшін өте маңызды түрлер

№	Түрлер	ХҚОҚО санаты	Қызыл кітап	(ҚМГКК аймағында) сирек кездесетін
<b>Өсімдіктер</b>				
1.	Андреевский қалампыры ( <i>Dianthus andrzejowskianus</i> )	-	-	✓
2.	Биберштейн қызғалдығы ( <i>Tulipa biebersteiniana</i> )	-	ҚҚКІ	✓
3.	Ашық құндызшөп ( <i>Pulsatilla patens</i> )	-	ҚҚКІ	✓
4.	Орыс шілі ( <i>Fritillaria ruthenica</i> )	-	-	✓
5.	Шренк қызғалдағы ( <i>Tulipa shrenkii</i> )	-	ҚҚКІ	✓
<b>Жануарлар</b>				
<b>Жәндіктер</b>				
6.	Әмірші инелік ( <i>Anax imperator</i> )	-	ҚҚК	-
7.	Жусанды боливария (дәуіт) ( <i>Bolivaria brachyptera</i> )	-	ҚҚК	-
<b>Құстар</b>				
8.	Ақбас тырна ( <i>Anthropoides virgo</i> )	-	ҚҚКІ	✓
9.	Кәдімгі үкі ( <i>Bubo bubo</i> )	ЖС	ҚҚКІІ	-
10.	Қарақұс ( <i>Aquila heliaca</i> )	О	ҚҚКІІ	✓
11.	Көкқарға ( <i>Coracias garrulus</i> )	ҚҚ	-	✓
12.	Дала күйкентайы ( <i>Falco naumanni</i> )	О	-	✓
13.	Безгелдек ( <i>Tetrax tetrax</i> )	ҚҚ	ҚҚКІІІ	✓
14.	Сыбырлақ аққу ( <i>Cygnus olor</i> )	-	-	✓
15.	Балықшы түйғын ( <i>Pandion Haliaeetus</i> )	ЖС	ҚҚКІ	-
16.	Дала құладыны ( <i>Circus macrourus</i> )	ҚҚ	-	✓
17.	Бөктергі ( <i>Falco vespertinus</i> )	ҚҚ	-	✓
18.	Дала қыраны ( <i>Aquila nipalensis</i> )	-	ҚҚКІ	-
19.	Аққұйрықты субүркіт ( <i>Haliaeetus albicilla</i> )	-	ҚҚКІІІ	✓
<b>Бауырымен жорғалаушылар</b>				
20.	Дала сұр жыланы ( <i>Vipera ursinii renardi</i> )	О	-	✓
<b>Сүтқоректілер</b>				
21.	Құндыз ( <i>Castor fiber</i> )	-	-	-

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ – БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

ОΡΙТО дипломдарды марапаттау рәсiмiнде

Қарашығанақ кен орнын өңдеу және пайдалану, өзінің жұмысына берілген, инженер мұнайшылар мен техниктардан бастап, бухгалтерлер мен логистика бойынша мамандардан аяқталатын, кең спектрлі мамандандырылған, білікті жұмысшыларды қажет етеді. Біздің жұмысшылар жетістікке жетудің қайнар көзі болып табылады. Біз, біріккен кәсіпорынымызда біздің серіктестеріміздің шетелдік тәжірибесін пайдалана отырып, ұлттық жұмыс күшіне атақты білім беру мекемелерінде оқыта отырып, айтарлықтай инвестиция саламыз.


2013 жылғы КПО жұмысшыларының жалпы саны (негізгі ұйым және уақытша жобалар) 4 149 жұмысшыны құрады, оның 3 853 – Қазақстан азаматтары, ал 296 – шетелдік азаматтар.

**18 - график. КПО жұмыс күші**




19-шы графикте, адам саны жынысына қарай бөлінген, 2013 жылы КПО-да 2 958 ер адам және 1 191 әйел адам жұмыс істеді.

**19 - график. КПО жұмыс күшінің гендерлік белгілері бойынша белгіленуі**



20-шы графикте, 2013 жылы және оның алдындағы жылдары келісім – шарт бойы қабылданған персоналдың жалпы саны берілген.

**20 - график. КПО-ның жұмыс келісім шарты бойынша жалпы жұмыс күші**



Еңбек шарттары шектелген жұмысшылар уақытша жұмысшылар болып саналады.






Төменде көрсетілген картада КПО жұмыс күшінің жұмысты орындау аймағы бойынша пайыздық арақатынасы көрсетілген.



# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ – БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ


КПО-да жұмыстан шыққан және жаңадан алынған, тікелей жұмыс істейтін жұмысшылардың есепті кезеңдегі жас ерекшелік топтары бойынша жалпы саны 21- графикте берілген. Бұл графикте тұрақты және уақытша шарт бойынша жұмыс жасайтын жұмысшыларды қосқандағы жалпы саны берілген.

**21 - график. Жасы бойынша кадрлардың тұрақтамауы**



22 - графикте, 2013 жылы жұмыстан шыққан және жаңадан алынған, жыныстық белгісіне қарай бөлінген, жұмысшылардың жалпы саны берілген.

**22 - график. Гендерлік белгілері бойынша кадрлардың тұрақтамауы**



КПО өзінің жұмысшыларын үнемі әр түрлі шараларға, формулар мен жиналыстарға тартады. Осындай бір шаралардың бірі, 2013 жылы қараша айында өткен Ашық есік күні. Бұл оқиға былтырғы жылы компанияға жұмысқа орналасқан жұмысшыларға арналған болатын. Бұл шараның негізгі мақсаты жаңадан алынған жұмысшыларға КПО жөнінде ақпарат беру және оларға сұрақ қою мүмкіндігін туғызу еді. КПО бөлімдері өзінің негізгі қызмет түрлері мен функциялары жөнінде презентациялар жасады, қызмет бойынша көтерілу, білім беру бағдарламалары мен КПО-ның шәкірақылары туралы ақпараттармен бөлісті. Ашық есік күні – бұл компаниямен жақынырақ танысып, оның процесіндегі әрекет етіп жатқан функциялары жөнінде мәлімет алуға жақсы мүмкіндік береді.

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Біз өзіміздің жұмысшыларымыздың өсуі мен дамуына, олардың білімдері мен қажеттіліктерінде туындаған мәселелерін шеше отырып, демеу көрсетеміз. Оқыту және дамыту департаменті ұсынатын стандартты дамыту бағыттары:

- Халықаралық сертификаттау;
- Тілдерді үйрену, компьютерлік сауаттылық пен бизнес дағдыларға үйрету;
- Кәсіби оқыту;
- Көшбасшылық саласындағы тәлімгерлік;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқытулар.

Мұндай көзқарас компанияға мүмкіндік береді:

- Жұмысшылар өздерінің біліктілік қажеттіліктеріне (дағдылары, білімдері) сай болу үшін, бекітілген корпоративтік бизнес мақсаттардың тиімділігін жақсартуға;
- Ұйымның шегінде жұмысшылар өздеріне маңызды ролдерді алу үшін, сонымен бірге мақсаты бар және талантты жұмысшыларды маңызды лауазымдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.



КПО қызметкерлері Ақсай қаласындағы Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне арналған парадта

Мұндай әдіс, барлық компанияның жалпы дамуының қажеттілігін бағалау беруге және нақты компания бөлімшелеріндегі нақты жұмысшылардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби дамудың жоспарын жасауға, осылайша тиімді нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Компаниядағы ең дамыған әдіс – бұл жұмысшылардың жұмыстарын орындауға қажетті кәсіби бағыттағы қысқа мерзімді оқыту курстары.

2013 жылдың ақпан айында КПО-ның 38 жұмысшысы, Көшбасшылық және басқару институтының (Ұлыбритания) мамандары өткізген сертификатталған басқару бағдарламасы бойынша курстан өтті. Оқытудың нәтижесінде, оның 9-ы диплом алды, ал 29-ы басқару бойынша халықаралық сертификат алды.


Сонымен бірге, Мұнай және Газ академиясының OPIТО стандартына сәйкес техникалық қызмет көрсету және өндіріс саласындағы инженерлерге арналған оқу бағдарламасы бойынша оқытылған 32 жас түлектер компанияға әр түрлі инженерлік орындарға жұмысқа алынды.

КПО-ның оқыту және дамуындағы тағы бір элемент – бұл халықаралық сертификатталған бағдарламаларға қатысу мүмкіндігі. КПО-ның жалпы стратегиясы халықаралық тәжірибелер мен технологияларды енгізуге тәуелді. Жұмысшылар тек жаңа қондырғыларды жүргізу мүмкіндігіне ғана ие болмай, сонымен бірге олар өнеркәсіп саласында қажетті білімдерді халықаралық деңгейде игерулері тиіс. Бағдарламалар өнеркәсіпке байланысты біліктіліктен басқа, жұмысшылардың жеке басының дамуына, олардың жан-жақты болуына жағдайлар жасайды.

2013 жылы жалпы 430 051 оқыту сағаттары өтті, оның 282 568 сағаты компания жұмысшыларына арналды. Бір адамға кеткен уақыттың орташа саны төменде көрсетілген графикте беріледі. 2013 жылы бір оқушыны оқытуға орташа алғанда 603 АҚШ доллары шығындалды.

2013 жылдың жалпы оқыту уақытының 146 017 сағаты, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында Қарашығанақ жобасында жұмыс істейтін мердігер компанияларының жұмысшыларына арналды.

23 - график. Оқу түрлер сағаттың орташа саны



19-кесте. Қызметкерді санат бойынша оқыту

Басшылар	310 адам (бір жұмысшы үшін 64,5 сағат)
Кәсіби жұмысшылар мен супервайзерлер	1 988 адам (бір жұмысшы үшін 66,6 сағат)
Техникалық персонал	956 адам (бір жұмысшы үшін 115,3 сағат)
Әкімшілік және кеңселік персонал	599 адам (бір жұмысшы үшін 15,4 сағат)

2013 жылы компания жұмысшылары үшін өткізілген оқытуды, 19 - кестеде көрсетілген.

2012 жылдың наурыз айында КПО-да «өмірді құтқаратын бағыттар» бағдарламасы аясында онлайн оқыту іске қосылды. 2013 жылы жыл бойы міндетті онлайн оқыту бағдарламасы бойынша, мердігер ұйымдардың жұмысшыларын қоса алғанда, 3 820 адам оқытылды.

2013 жылы барлығы 41 934 курс, соның ішінде 25 591-і мердігер компанияларының қызметкерлері үшін өткізілді.

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ – БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

## Біліктілікті басқару жүйесін дамыту

Біліктілікті басқару жүйесі жеке басты дамыту процесін басқаруға арналған, және ол дамыту мақсатына қол жеткізудің және оқу өткізудің маңызды кезеңдері ретінде жасалған.

КПО өткен жылдар бойы ОРІТО (мұнай және газ компанияларында дамыту және оқыту бойынша халықаралық ұйым) сәйкес біліктілікті басқару жүйесіне аккредитация алу үшін көптеген жұмыстар жасады, ал 2013 жылы КПО ОРІТО желісі бойынша біліктілікті басқару жүйесінен сертификациядан өтті. Сонымен, КПО Орталық Азиядағы ең бірінші ОРІТО желісі бойынша сертификациядан өткен, алғашқы мұнай және газ компаниясы болып табылады.

Біліктілікті басқару жүйесін тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін, КПО, үнемі ұлттық персоналды ОРІТО-ны халықаралық деңгейде бағалаушы квалификациясына сәйкес аккредитациялау үшін оқытады. 2013 жылы мақұлданған ОРІТО желісі бойынша, осы бағдарламаны, техникалық қызмет көрсету және қолдану бағдарламасымен біліктілікті бағалау мақсатында 10 қосымша жұмысшы оқытудан өтті. Біліктілікті басқару бағдарламасы бойынша біліктілікті бағалауды өткізетін ұйымдарға ОРІТО желісі бойынша біліктілікті бағалаушы мандығы қажет.

Біз шамамен 24 800 бағалауды, соның ішінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында, техникалық қызмет көрсету және пайдалану бойынша бөлімшелердегі төменгі деңгейдегі персонал арасында өткізуді жоспарлап отырмыз.

## ҰЛТТЫҚ ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

Жұмыс күшін ұлттандыру – бұл КПО-ның экономикалық мұрасын жасау процесіндегі құрылыс кірпіші және жергілікті персонал үшін тамаша мүмкіндік пен қазақ жұмыс күшіне инвестиция болып табылады.

КПО-ны ұлттандыру стратегиясы компанияның негізгі стратегиясымен тығыз байланысты. Ұлттандыру және бір уақытты ұйымдастыру мүмкіншіліктерін, соның ішінде басқару саласын жақсарту мақсатында, стратегия тек білім мен техникалық әдістерді, дамытуға ғана сүйенбей, ол жалпы басқару мүмкіншілігі мен оқыту қатысушыларының тәжірибесіне де сүйенеді.

Ұлттандыру бағдарламасының аясы тек КПО-ның негізгі ұйымына ғана қатысты. Бұл қысқа және ұзақ

мерзімді жобалардан басқа, барлық функционалды бөлімшелер. Бағдарламадан жобаларды алып тастаудың себебі, олардың орындалу мерзімінің шектеулігі мен тұрақсыздығы. Жобаның персоналы, яғни ол ұлттық не шетелдік азамат болса да, ол шектелеген уақытта шектелген көлемдегі жұмысты орындайтын, жоба аяқталғанша ғана жұмыс жасайтын уақытта жұмысшы болып қарастырылады. Жоба аяқталғаннан соң, персонал КПО ұйымының шегінде басқа да орындарға, мүмкін болған жағдайда ауысуы мүмкін деп күтілуде немесе қайтадан жұмыс нарығына жіберіледі.

Кадрлар қызметінің ұлттандыру процесіне стратегиялық әдісі, тиімді жоспарлау процесі мен оқыту және дамытуға негізделеді, олар шетелдік персоналды қазақ персоналына ауыстыру деген сөз емес. Мұндай әдіс, КПО-дағы барлық процестерді жоғарғы сапалы және халықаралық стандартқа сай деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ұлттандыру процесі тек лауазымдарды ұлттандыру ғана емес, құрылымдық ұйымның шегінде жаңа ұлттық позицияны құру болып та табылады.

2013 жылдың аяғына таман ұлттандыру пайызы 1 категорияда 68%, 2 категорияда 94% құрады. Жоғарғы және ортаңғы қатардағы басшылық лауазымдығының ұлттандырылуы 8, және орта кәсіби жұмысшылар мен супервайзерлер 9 позицияны құрайды. КПО-дағы жалпы ұлттандыру пайызы 2012 жылдан бері өзгерген жоқ, және 93% құрайды.

Жергілікті персоналды ұлттандыру динамикасы бизнес қажеттіліктің барлық өзгерістерін қамтиды және Қарашығанақтың болашақ дамуына бағытталған компанияның бастамасынан тәуелді болады. 2013 жылы компанияның бизнес қажеттілігі шетелдік мамандардың назарын аудару болды, қазіргі күнде ондай мамандар, жергілікті жұмыс нарығында табылмайды, бұл жағдай 1 және 2 категория жұмысшыларында шетелдік жұмысшылардың санын 1% көтерді. Сонымен бірге, КПО-ның негізгі ұйымының құрылымында жоғарғы және орташа басшылар позициясының саны үнемі ұлғайып отыруда. 1 категориядағы ұлттық жұмысшылар саны – жоғарғы және орта басқару тобы – 2010 жылы - 247, 2011 жылы – 259, 2012 жылы – 287, 2013 жылы – 303 адамға жетті.

Бұған қарамай, бірнеше жылдар бойы 1 категориясына 70% жеткізу мақсатында КПО ұлттандыру стратегиясын ары қарай жалғастыруды көздеп отыр.




STEP бағдарлама шеңберінде халықаралық үлгінің сертификаттарды алған КПО қызметкерлері

### 20-кесте. Категория бойынша ұлттандыру жоспары

Категория	Сипаты	2012	2013
1	Басшылар	69%	68%
2	Кәсіби жұмысшылар мен супервайзерлер	95%	94%
3	Техникалық персонал	100%	100%
4	Әкімшілік және кеңсе персоналы	100%	100%

24 - графикте негізгі ұйымдағы шетелдік жұмысшылардың жалпы саны көрсетілген.


### 24 - график. 2011-2013 ж. шетелдік қызметкерлер саны



■ Шетелдік қызметкерлер саны

25 - графикте негізгі ұйымдағы ұлттық және шетелдік жұмысшылардың жалпы саны жөнінде мәлімет берілген.


### 25-график. Шетел және қазақстандық қызметкерлер саны 2011-2013 ж.



■ Шетелдік қызметкерлер ■ Қазақстандық қызметкерлер

26 - графикте, КПО-ның жалпы құрылымындағы жоғарғы және орта топтағы басшыларының саны, негізгі ұйым мен уақытша жобаларды қоса алғанда, шетелдік және жергілікті жұмысшылардың жынысына, жас ерекшелігіне қарай бөлінген.

### 26 - график. КПО-ның шетелдік және қазақстандық менеджерлер жастық және гендерлік категория бойынша



■ Ер адамдар (шетел) ■ Ер адамдар (қазақстандық)  
■ Әйел адамдар (шетел) ■ Әйел адамдар (қазақстандық)

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ – БІЗДІҢ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

## ЖҰМЫСШЫЛАРМЕН АРА ҚАТЫНАС

КПО жұмысшыларының біріккен және ұжымдық келіссөздерге қатысу құқытары толығымен жақталады. Жұмысшылардың біріккен және ұжымдық келіссөздерге құқығын демеу ісінде кәсіподақ кеңесі маңызды роль атқарады.

КПО-ның жұмысшыларының мүддесін қорғайтын, екі кәсіподақ кеңесі ұйымдары бар. Кәсіподақ кеңесі, еңбек қатынасындағы әр түрлі аспектілерге қатысы бар ұжымдық шарттармен жұмыс жасайды. Ұжымдық келісімшарттар, кәсіподақ мүшелігінен тәуелсіз, КПО жұмысқа тікелей қабылдаған барлық жұмысшыларға қатысты. Келісімшарттар екі жыл сайын қайта қаралып отырады.

2012 жылы мақұлданған ұжымдық шартқа сәйкес, жұмыс беруші (КПО) жұмысшыларды қысқартуға әкеп соғатын, түрдің өзгеруіне, сомманы төлеу және төлеу жүйесінің өзгертуіне әкеп соғатын, және жұмысшылардың жағдайын нашарлатуды тудыратын, компанияның жоюылуы жөнінде мәлімдемені, ең болмағанда 2 ай (8 апта) бұрын мәлімдеуге міндетті.

Жұмысшылармен қарым-қатынас департаменті, арыз-талаптарды беру процедурасына сәйкес қабылданған, даулар мен арыз-талаптармен айналысады. Есепті кезең бойынша қабылданған еңбек тәрибесіне қатысты қабылданған арыз – талаптардың жалпы саны 33 және олар келесі тәртіп бойынша жіктеледі: еңбек даулары – 2; «анонимдік желі» арқылы берілген анонимді есептер – 23; кадрлар қызметіне тікелей қабылданған арыз-талаптар – 8. Барлық арыз-шағымдар шешілді.

Бірқатар заңнамалық талаптарын сақталуына жеткіліксіз назарына байланысты кейбір мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарда мәжбүрleme еңбекті және жиналыстармен ұжымдық келіссөздерді жүргізуге қызметкерлердің құқықтың бузылуы қолдануының тәуекелі бар.

КПО бас тапсырысшы ретінде, тұрақты түрде, барлық мердігерлерге заң талаптары мен ішкі нұсқаулықтар/саясатты түсіндірумен айналысады. Мысалы, 14 мердігерлердің жұмысшылары, КПО б.в.-ң Қарашығанақтағы, «Құрылыс, транспорт және газ өндірісінің жұмысшыларының кәсі-подағының» аймақтық бөлімшесі болып табылатын, кәсі-подағының мүшелері.

Сонымен қатар, КПО, Қазақстан Республикасының заңдарын орындау мәселесіне қатысты мұнай және газ компанияларымен және өкімет органдарымен әрекеттесу мақсатында, әр түрлі жиналыстарда, дөңгелек үстелдерде, бірлестіктерде және т.б. шараларға қатысады.

Ұжымдық шарттың аясында, зейнетке шығу жоспарын, ер адамдарға 58-63 жас, әйел адамдарға 53-58 жас аралығында еңбек шартын өз еркімен бұзу бағдарламасын, сыйақы ұсыну арқылы қарастырады. Еңбек қатынасын өз еркімен бұзу бағдарламасы, салық төлеуге дейін (басқа да бөтен төлемақыны қоспай (сыйақы немесе мерзімінен тыс жалақы т.б.)), жұмысшының жасына қарай, бір айлық ақшалай түрдегі және 36 (отыз алты) айдан кем емес соманы қамтиды. Еңбек қатынасын өз еркімен бұзу, бұл КПО – да 10 жыл еңбек өтілі бар, және еңбек келісім-шарты мерзімсіз КПО-ның жұмысшыларына қатысты ғана жүзеге асады.

Және КПО, жыл сайын КПО-ның зейнеткерлеріне 75 000 теңге көлемінде зейнетақы төлейді. Бұл төлем ұжымдық келісімде көрсетілген. Осыған қосымша, КПО зейнетке шыққан жұмысшыларына 3-5 жыл аралығында медициналық сақтандыруды ұсынады.

## СЫЙАҚЫ МЕН ТӨЛЕМАҚЫЛАР

КПО тікелей қабылдаған жұмысшыларының барлығына әлеуметтік төлемдер пакетін ұсынады.

2013 жылы КПО, ұлттық персоналды жұмысқа қабылдауды жақсарту, оларды жұмысқа тұрақтандыру мақсатында сыйақы беру саласында жұмысын жалғастыра берді.

КПО өзінің жұмысшыларының еңбекақысын жыл сайын қайта қарап отырады. 2013 жылы еңбек ақыны қайта қарау процесі, келесі элементтерді қоса қарады:

- 2013 жылғы қаңтар айынан бастап, мекен ету шығынын өтеу үшін 8% көбейтті;
- Категориялар мен еңбек ақыны дербес көтеру;
- Жұмысшылардың жұмысының жылдық нәтижесіне негізделген жыл сайынғы сыйақы;
- Ақшадан тыс тұратын және вахталық әдіспен жұмыс жасайтын жұмысшылардың барлығына, тұрғын үй шығыны үшін компенсация.

Сонымен бірге, қараша айында 154 330 KZT көлемінде өндіріс сыйақы төленді.

Ақшалай емес төлемдер жұмысқа қабылдану кезіндегі әлеуметтік пакеттің ең маңызды бөлігі болып табылады және қаржылық және қаржылық емес элементтерден тұрады. 2013 жылы олар келесі элементтерден тұрады:

Қаржылық төлемдер:

- Жыл нәтижесі бойынша сыйақы (100% негізгі еңбек ақы);
- Денсаулықты жақсартуға арналған ірі сомма (100% негізгі еңбек ақы);



КПО-ның кәсіподақ қызметкерлер қатысқан Ақсай-Оренбург демалушылық веложарысында

- ҚР мұнай және газ жұмысшылары күні үшін сыйақы;
- Баланы бағып күтуге байланысты төлемақы - 240 мың теңге;
- Жас мамандарға 120 мың теңге көлеміндегі бастапқы еңбек ақы;
- Афган соғысына қатысқан ардагерлер үшін қосымша 18 мың теңге (ай сайын);
- Юбилейлерді құттықтау – 25 мың теңге;
- Әйел адамдарға 8 наурыз мерекесіне байланысты сыйақы 10 мың теңге;
- Қайтыс болған жұмысшының жанұясына қаржылай көмек (12 ай негізгі айлық және жерлеуге материалдық көмек);
- Жұмысшы жанұясының мүшесі қаза болған жағдайда қаржылай көмек;
- КПО зейнеткері қайтыс болғанда қаржылай көмек;
- КПО зейнеткерлеріне әлеуметтік төлемақы;
- Шипажайда емделуге 200 мың теңге;
- Компания жұмысшыларына әлеуметтік мақсатта, компанияның саясатына сәйкес 4 (төрт) айлық еңбек ақыдан кем емес аванстық төлемақы;
- Ер адамдар үшін 58 жасқа жеткен, әйел адамдар үшін 53 жасқа жеткен жұмысшылар үшін, компенсациясын төлеу арқылы, еңбек шартын ерікті бұзу бағдарламасы.
- КПО жұмысшыларының еңбек өтіліне сәйкес, ай сайынғы негізде, белгілі еңбек өтілі үшін қосымша ақы.

Қаржылай емес төлемдер:

- Жұмысшылар мен олардың жанұясы үшін медициналық сақтандыру;
- КПО жұмысшылары үшін оқуға грант;
- 14 жасқа дейінгі балалары бар жұмысшылардың балаларына жаңа жылдық сыйлықтар;
- Дала персоналдары, спортсмендер үшін, ауру, жерлеу және үйлену тойына байланысты қосымша демалысқа қосымша күндер;
- Кен орнында жұмыс жасайтын жұмысшыларға жұмыс орнына дейін ақысыз жету, және тегін тамақтандыру.

КПО-да компанияның әрекеттерінің барлық аспектілері бойынша үнемі жетілдіру жұмыстарының нәтижелерін қамтамасыз ету үшін даму және жылдық жұмыстар нәтижелеріне баға беретін процедура бар. Жұмыстардың нәтижесін бағалау процедурасы, КПО 1 шілдеге дейін тікелей қабылдаған, ең болмағанда алдыңғы бағалаудан кейін жыл бойы алты күнтізбелік ай жұмыс істеген, барлық жұмысшыларды қамтиды.

КПО-ға агенствалар арқылы қабылданған жұмысшыларға, осындай агенттердің ұжымдық келісімдері тарайды. Жеке жоспарланған төлемақылар, соның ішінде КПО мен агенствалар арасында келісіледі.

#### **КПО ШӘКІРТАҚЫСЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТТЕРМЕН ҚЫЗМЕТТЕСТІК**

2002 жылдан бері КПО өзінің жұмысшылары мен олардың балалары жоғары білім алу үшін, оларға шәкірт ақы беру арқылы демеу көрсетеді.

2013 жылы, 28 жұмысшы және 35 жұмысшылардың балалары 220 500 АҚШ доллары көлемінде шәкіртақы алды. 2002 жылдан бастап, осы бағдарлама бойынша 160 жұмысшы мен 341 жұмысшы балалары жалпы көлемі 1 517 523 АҚШ долларды құрайтын шәкірт ақыға ие болды.

КПО көптеген жергілікті университеттермен бірігіп қызмет істейді және олардың студенттері мен түлектерімен жұмыс істейді. Осы бағдарламаның аясында резервуар және мұнай жобасы департаментінің делегациясы Ақсайдағы техникалық колледжде және Батыс Қазақстандық аграрлық және техникалық университетте мұнай және газ өндірушілері күні мерекесінде презентация өткізді, бұл кезде студенттер мен оқытушылар мұнай және газ өндірісіндегі ерекшеліктер жөнінде мәліметтер ала алды және сұрақтар қою мүмкіндігіне ие болды.

Осы жылы, біздің компанияның бөлімшелеріне, КПО-ға студенттерді қабылдау бағдарламасынан кейін, 26 білім беру мекемелерінің 385 студенті, 21 мамандық бойынша қабылданды.

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

КПО қоғамдастықтардың дамуын көздейтін жергілікті билік органдарына жәрдемдесе отырып, компанияның жұмыс аясы төңірегіндегі жергілікті тұрғындарға жақсы көрші болуға тырысады. Сондықтан біз компанияның қызметтерімен байланысты жағымсыз әсерлерді болдырмау немесе оларды барынша азайту, және пайданы барынша арттыру, мүдделі тараптармен тиімді байланыс әрі жақсы қарым-қатынас орнату, сонымен қатар әлеуметке тиісілі пайданы ұлғайту мүмкіндіктерін жасау мақсатында жұмыс жасап келеміз.

## ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН ҚАТЫНАСТАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Бұл саладағы КПО әрекеттеріне сипаттама негізі Халықаралық қаржы корпорациясының өнімділік стандарттарымен қуатталған және 2009 жылы енгізілген бірнеше пайдалану бойынша процедурасымен жанасқан әлеуметтік өнімділік саясатымен және стандарттарымен бекітілген. Басты назар КПО-ның операцияларына жақындығымен анықталатын тікелей әсер ету салаларға бөлінеді. 2013 жылғы наурыз айында КПО өзінің іскери міндеттерін қауымдастық пен үкімет мақсаттарына сәйкестендіре отырып, және тиісті операциялық және жобалық қауіп-қатерлерді басқара отырып жеткізуді қолдау мақсатында өзінің 2013 жылғы әлеуметтік өнімділік жоспарын әзірлеп шығарды. Осының арқасында КПО көршілес қоғам мен Қазақстан Республикасының кеңірек орнықты даму тәртібінің әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне өз үлесін қосуға ұмтылады.

## ЗЕРДЕЛІ СҰХБАТ ОРНАТУ

Кеңес беру – КПО әлеуметтік өнімділік саласындағы жұмыстарының іргетасы. Осы мақсатта жергілікті басқару органдарымен, Үкіметтік емес ұйымдармен және басқа да негізгі мүдделі тараптармен ресми кеңес беру органдарынан (Консультативтік кеңес) бастап, қоғамдық тыңдаулар және арнаулы жиналыстар сияқты әртүрлі әдістер қабылданған.

Кен орнына ең жақын сегіз ауылдардан тұратын Консультативтік кеңестер Қарашығанақ кен орнының айналасындағы төрт ауылдық аймақта 2005 жылы КПО, Бөрлі ауданы мәслихаты мен әкімдігі арасындағы үш-жақты өзара түсіністік туралы меморандум бойынша құрылды. 2013 жылғы қоғамдастықты дамыту бағдарламаларын қарастыратын өзара түсіністік туралы меморандумға 2013 жылдың 19 наурызында қайта қол қойылды.

Консультативтік кеңестерге жергілікті сенімге ие тұрғындар, жергілікті билік органдары мен бастама топтары өкілдері, сондай-ақ КПО сарапшылары қатысады. Консультативтік кеңестер жүйелі түрде және арнайы негізінде алаңдатушылық немесе қызығушылық тудыратын мәселелерді көтеру және КПО-ның ағымдағы және жоспарланған жұмыстары туралы жаңалықтармен алмасу

*Ақсай аудандық емханаға жедел жәрдемнің машиналар КПО-дан сый ретінде берілді*

үшін кездесіп отырады. Сонымен қатар консультативтік кеңес КПО-ның ауылдарға берілетін әлеуметтік және экономикалық инвестициялардың басымдылықтарын анықтауға көмектеседі.

Бұл диалог КПО-ға пайда болған мәселелерге жауап беруге, ұсыныстар мен бастамаларды талқылауға және КПО-ға да, көршілес қауымдастықтарға да пайдасын тигізетін мүмкіндіктерді дамытуға мүмкіндік береді.

2013 жылы Консультативтік кеңес жалпы алғанда 21 кездесу өткізді. Кездесулер барысында Консультативтік кеңес мүшелері мен КПО қоғаммен байланыс қызметкерлері КПО тарапынан қолдаумен іске асырылатын бағдарламаларды талқылады. Атап айтқанда, 2013 жылдың басында КПО мамандары жергілікті қауымдастықтарға 2012 жылғы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жоспарын ұсынды, және әр төрт ауылдық аймақ бойынша жоспардың іске асырылуы туралы талқылады. 2013 жылы жазда КПО-ның қоғаммен байланыс тобы қоғамдастық мүшелеріне 2012 жылғы орнықты даму туралы есебін ұсынып, таратты.

Консультативтік кеңестер кезінде жергілікті қоғамдастықтардың көтерген мәселелері бойынша КПО жауапты мердігер компаниясын қатыстыра отырып, Березов ауылында жүргізілген экологиялық зерттеулер мен геоэкономикалық бақылаулардың нәтижелері бойынша презентациялар ұйымдастырды.







“2014 жылға КПО-ның табиғат қорғау шаралар жоспары” тақырыбына Бөрлі Әкімдікте өткен қоғамдық тыңдаулар

2011 жылы Березов ауылында көкөніс, жер мен су сапасын, сонымен қатар жануарлардың физиологиялық жағдайын тексеру мақсатында басталған зертеу жұмыстары 2013 жылы да жалғасты. 2011–2014 ж.ж.арасында жүргізілген зерттеу жұмысы экологиялық компоненттер мен ауылшаруашылық өнімдердегі ластаушы заттар концентрациясын бақылауға бағытталған болатын. Осы зерттеу нәтижелері бойынша Березов ауылының жағдайы КПО операцияларынан 80 км алшақта орналасқан және негіз ретінде таңдалған Долинный ауылы жағдайынан айырмашылығы жоқ екенін көреміз. Ұзақ мерзімді бақылау негізінде ҚМГКК–на жақын орналасқан ауылдардағы экожүйелердің динамикалық жағдайларын бағалау үшін қажетті мәлімет ала аламыз.

Сонымен қатар, КПО Березов ауылының айналасында ойылып, түсіп кеткен жер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жергілікті қауымдастықпен кездесулер кезінде нәтижелерін хабарлады. КПО-ның ұзақ мерзімді геодинамикалық бақылау жұмыстары бойынша жердегі шұңқырдың құрылуына себеп болатын жер асты факторлары зерттелді. Бақылау бағдарламасы бойынша Қарашығанақ кен орнында төрт ұңғыма бұрғыланды: біреуі 2013 жылы және үшеуі 2012 жылы. Литологиялық және стратиграфикалық негізгі зерттеулер мен үш ұңғымадағы геофизикалық зерттеулердің нәтижесінде сульфатты тастар тұздың құрылу бөлігінен 200-250 метр жоғары тереңдікте құрылатыны байқалды. КПО мамандарының болжамдауына жерасты суы өткізгіш қабат арқылы еніп, уақыт өте келе сульфатты тастарды ерітіп, нәтижесінде тұзды шөкпелер тартылыс күшімен бойылып, жер бедері бұзылып, соның салдарынан жер бетінде шұңқыр пайда болды.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

2013 жылдың маусым айында КПО Бөрлі ауданы мәслихаты мен әкімдігінің қолдауымен Ақсай және Үлкен Шаған ауылында 2014 жылғы қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдау өткізді. Бұл қоғамдық тыңдауға 104 қатысушы, мүдделі топ Қарашығанақ–Үлкен Шаған–Атырау экспорттық құбыр мүшелерімен бірге Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдар мен Үлкен Шаған өкілдері, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Қатысушылар 2014 жылғы қоршаған ортаны қорғау шаралар жоспары жайында ақпаратпен танысты.

КПО-ның қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі басымдықтары – су ресурстарын сақтау, қалдықтарды басқару және пайдаға асыру, сонымен қатар атмосфералық ауаны қорғау.

Жалғасқан талқылау кезінде қауым-дастық, мемлекеттік органдар және БАҚ өкілдерінің ауа сапасы, ағаш отырғызу шаралары, қолданылған су ресурстарын өңдеу туралы сұрақтарды қоюға мүмкіндіктері болды.

2013 жылдың қазан айында КПО Ақсай қаласындағы «Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнындағы белгіленген санитарлық қорғау аймағы» жобасының бөлігі болып табылатын «Көгалдандыру және ағаш отырғызу» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізді

Аталған жоба технологиялық нысандарға арналған санитарлық қорғау аймағын бекіту бойынша қолданыстағы санитарлық және гигиеналық заңнамасы талаптарының негізінде әзірленді.

Көгалдандыру және ағаш отырғызу жобасы жөніндегі презентация кезінде Қазақстан қолданбалы экология қауымдастығының өкілдері белгіленген санитарлық қорғау аймағы мен б жанасқан қауымдастықта түгел жобаны іске асыру кезінде 495,49 га жер бөлігін көгалдандыру мақсат етіліп отырғанын, және оның ішінде 198,32 га жерде жаңа ағаштар отырғызу бойынша жұмыс көлемі жоспарланғанын хабарлады. Қайта қалпына келтіру жұмыстары 297,17 гектар жер аумағында жүзеге асырылады.

133 қатысушыда, оның ішінде жалпы қоғам, жергілікті қауымдастық және өкілетті органдар өкілдерінде аталған жобаға қатысты сұрақтар мен мәселерді көтеруге, Ақсай қаласы айналасын көгалдандыру мен ағаш отырғызу, көршілес аймақтарда тұрақ орнын құру, Қарашығанақ кен орны айналасындағы жолдарды жөндеу, көршілес қауымдастық мүшелерін көгалдандыру мен қызмет көрсету шараларына қатыстыру бойынша ескерту мен ұсыныстар жасауға мүмкіндіктері болды. Барлық аталған ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдау хаттамасына енгізілді, бұл хаттаманы жергілікті басқару органдары қоғамға жеті күн ішінде ұсынды.

## ШАҒЫМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ҚАРАСТЫРУ

КПО-ның шағымдар мен ұсыныстарды қарастырудың ресми саясаты бар. Көршілес ауылдарың кез келген тұрғыны КПО қоғаммен байланыс жөніндегі қызметкеріне ауызша түрде, немесе арнаулы үлгілерді жазбаша толтыру мен кен орнына көрші жатқан барлық сегіз ауылдардың қоғамдық орындарында орнатылған жәшіктерді қолдана отырып шағым/ұсыныс бере алады. Содан соң компания шағымды немесе ұсынысты қарастырып, оны шешу немесе қолдану ұсыныстарын жасайды.

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

2013 жылы қолданыстағы ресми шағымдарды қарастыру процедура бойынша жергілікті қоғам мүшелерінен төрт шағым түсті. Екі шағым көршілес жердегі газ иісіне, біреуі жазда Березов ауылындағы таза сумен қамтамасыз ету жүйесінің уақытша істен шығуына, ал біреуі жергілікті тұрғынның өмір сүру жағдайын жақсартуға қатысты болды. Барлық аталған шағымдар КПО компаниясымен қарастырылды және шағымданушылармен телефон немесе бетпе-бет кездесу арқылы жабылды.

## **Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына түскен шағым**

2013 жылы КПО-ның Біріккен Корольдік, Италия мен АҚШ-тағы құрушы компаниялары Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының көпұлтты кәсіпорындарға арналған нұсқаулығына сәйкес шағым алды. Бұл шағым КПО операциялары қоршаған орта мен тұрғындардың денсаулығына деген әсеріне негізделген Березов ауылын көшіру бойынша мәселені шешуде қолдау сұраған ұлттық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдарынан түскен болатын. КПО (құрушы компания-

лар атынан) бұл шағымды мұқият қарастырып, Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарға сәйкес жүргізіліп отырған жұмыс туралы мәліметтерді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының нұсқаулығына сәйкес Біріккен Корольдік Ұлттық байланыс тобына ұсынды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының нұсқаулығына сәйкес Біріккен Корольдік Ұлттық байланыс тобы тараптар дәлелдерін қарастырып, бастапқы бағалау бойынша КПО және оның басты компанияларының дәлелдеріне қарағанда үкіметтік емес ұйымдардың дәлелдеріне негізделе отырып Березов ауылын көшіру мәселесі негізсіз деген қорытынды шығарды. Біріккен Корольдік Ұлттық байланыс тобы тараптарға КПО-ның санитарлық қорғау аймағындағы екі үйді көшіру мәселесін қарастыру бойынша келісу үрдісін ұсынды. КПО-ның құрушы компаниялары қазіргі таңда бұл ұсынысты қарастыруда.



*Березовка ауылындағы Консультативтік кеңесі*

## **Жергілікті қауымдастықтарға тиетін ықпалды бақылау және алдын алу**

Санитарлық қорғау аймағы өндірістік нысан мен жергілікті елді мекен арасындағы аралық аймақ болып табылады және ол Қарашығанақ мұнай-газ және конденсат кен орны периметрінің бойын жағалай орналасқан. Санитарлық қорғау аймағы - үрдістің қалыпты режимінде өндірістік нысандардың жұмыс жасауы кезінде тұрғындарға қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін қорғаныш тосқауылы.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бекітілген КПО-ның 2011-2013 ж.ж. қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарына сәйкес және 2011 жылы 4-конденсатты тұрақтандыру технологиялық желісінің іске қосылуына байланысты КПО санитарлық қорғау аймағы жобасын қайта қарастырды. Санитарлық қорғау аймағы жобасы екі кезеңде әзірленді:

Бірінші кезең – жобаға негізделген немесе есептелген санитарлық қорғау аймағы жобасын әзірлеу (2011 жыл);

Жобалауға негізделген санитарлық қорғау аймағы шекарасында жыл сайынғы тексерулер жүргізу (2012 жыл);

Екінші кезең – жылдық тексерулер нәтижелеріне негізде отырып, Қарашығанақ кен орны үшін белгіленген (түпкілікті) санитарлық қорғау аймағын әзірлеу (2013 жыл).

2012 жылы КПО есептелген санитарлық қорғау аймағы жобасына ҚР Денсаулық сақтау министрлігінен 04.04.2012 жылғы №46 шешім бойынша келісім алды және компания кен орнын бақылау бойынша бір жылдық бағдарламасын бастады. Бағдарламаға есептелінген санитарлық қорғау аймағының дұрыстығын дәлелдеу мақсатында атмосфералық ауадағы ластағыш заттардың шоғырлануын анықтау кіреді. Ауа сынақтарын алу мен сынақтар жүргізу санитарлық қорғау аймағының 4 компас бағыттарында (солтүстік, шығыс, батыс, оңтүстік) мемлекеттік санитарлық және эпидемиологиялық бақылау органдарының (МСЭБ) қатысуымен және мердігердің аккредиттелген зертханасы көмегімен өтті. Кен орнын бақылау бағдарламасы аяқталғаннан соң КПО бекітілген санитарлық қорғау аймағы жобасын дамытуға кіріседі.

2013 жылы белгіленген санитарлық қорғау аймағы жобасы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 04.10.2013 жылғы №27 қорытындысымен бекітілді. Қоғамдық тыңдаудағы тиісті мәлімет осы бөлімнің 73-бетінде көрсетілген.

КПО қадағалауды өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес жүргізеді, және бұл бағдарлама үш қызметті қамтыған: өндірісті, эмиссияларды және ықпалды қадағалау.

Экологиялық бақылау келесідей тексерулерді қарастырады: санитарлық қорғау аймағы шекарасы мен көршілес елді мекендердегі жер үсті су қоймаларын, жер асты суларын, топырақ пен атмосфералық ауа сапасын күн сайын тексеруді қамтамасыз ететін экологиялық компоненттер күйін тексеру, сонымен қатар өндірістік шығарындылар, ағынды сулармен өндірістік қалдықтарды тексеру. Бақылау жүйесіне ҚӨК - Үлкен Шаған – Атырау экспорттық құбырын бойлай, Қарашығанақ кен орын аймағы, санитарлық қорғау аймағы шекарасы мен кен орынға көршілес елді мекендерді тексеру кіреді.

Атмосфералық ауаны бақылау жүйесіне келесілер кіреді:

■ **Стационарлық автоматты экологиялық бақылау станциялары арқылы ауаны үздіксіз бақылау.** Березов елді мекенінде орнатылған екі автоматты экологиялық бақылау станциясы мен 2013 жылдың қараша айында санитарлық қорғау аймағы шекарасының солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс жағында орнатылған екі станцияны (ЭБС 016 және ЭБС 017) қоса алғанда ҚМГКК мен санитарлық қорғау аймағы периметрі бойында 18 автоматты экологиялық бақылау станциясы қондырылған. Экологиялық бақылау станциялары үздіксіз жұмыс жасайды және экологиялық бақылаудың автоматтандырылған жүйесімен біріктірілген. Автоматтандырылған экологиялық бақылау жүйесі ҚМГКК аймағындағы ауа сапасы туралы ақпарат жинау жүйесі мен ескерту жүйесі ретінде қолданылады.

Ескерту жүйесі кен орны өндірістік нысандардағы өндіріс шаралары нәтижесінде ауаға тасталатын ластаушы заттар рауалы деңгейден асқан кезде дабылды іске қосады. Экологиялық бақылау станциялары күкіртті сутек ( $H_2S$ ), күкірт диоксиді ( $SO_2$ ), азот диоксиді ( $NO_2$ ) және көміртек тотығы ( $CO$ ) сияқты басты ластаушы заттардың көлемі мен ауа сапасы жайлы нақты уақыттағы ақпарат жинауға мүмкіндік береді.

Бақыланған компоненттердің тіркелген концентрациялары санитарлық стандарттармен салыстырылады және экологиялық ластану деңгейін анықтау үшін шекті рұқсат етілген концентрациясы бөлігі ретінде көрсетіледі.

Шекті рұқсат етілген концентрация ластаушы заттардың шекті концентрациясы болып табылады.

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

Егер бақыланып отырған ластаушы зат шекті рұқсат етілген концентрациядан төмен болса, бұл келесіні білдіреді:

- Пайдалану уақыты кезінде қазіргі немесе болашақ ұрпақтарға тікелей немесе тікелей емес ықпалы жоқ;
- Адамның жұмысқа деген мүмкіндіктерін азайтпайды;
- Адамның денсаулығын, санитарлық немесе өмір сүру жағдайларын нашарлатпайды.

ҚМГКК санитарлық қорғау аймағы шекарасында орналасқан автоматты ЭБС-ның мәліметтеріне сәйкес бақыланып отырған компоненттердің 2013 жылғы орташа жылдық концентрациясы төмендегі 21-кестеде көрсетілгендей шекті рұқсат етілген концентрация деңгейінен асқан жоқ.

## 21-кесте. 2013 жылы ЭБС-мен бақыланған компоненттердің жылдық орташа концентрациясы.

Бақыланған компоненттер	Іс жүзіндегі орташа концентрация, мг/м <sup>3</sup>	Күн сайынғы орташа ШРК, мг/м <sup>3</sup>	ШРК коэффициенті **	ШРК-нан асып кету, жиілік
H <sub>2</sub> S	0,001	0,008*	0,13	-
SO <sub>2</sub>	0,006	0,125	0,05	-
NO <sub>2</sub>	0,005	0,04	0,13	-
CO	0,6	3,0	0,2	-

\* бір уақытты ШРК Күкіртті сутек бойынша күн сайынғы орташа ШРК белгіленген жоқ, сондықтан бір уақытты ШРК салыстыру үшін қолданылады.

\*\* ШРК коэффициенті = іс жүзіндегі концентрация: ШРК

Березов ауылында орнатылған автоматты 013 және 014 ЭБС-ның деректеріне сәйкес бақыланған компоненттер концентрациялары ШРК-нан асқан жоқ, және олардың жылдық орташа көрсеткіштері келесідей.


## 22-кесте. 2013 жылы Березов ауылындағы автоматты 013 және 014 ЭБС-мен бақыланған компоненттердің жылдық орташа концентрациясы

Бақыланған компоненттер	Іс жүзіндегі орташа концентрация, мг/м <sup>3</sup>	Күн сайынғы орташа ШРК, мг/м <sup>3</sup>	ШРК коэффициенті**	ШРК-нан асып кету, жиілік
H <sub>2</sub> S	0,001	0,008*	0,13	-
SO <sub>2</sub>	0,004	0,125	0,03	-
NO <sub>2</sub>	0,017	0,04	0,43	-
CO	0,09	3,0	0,03	-

\* бір уақытты ШРК Күкіртті сутек бойынша күн сайынғы орташа ШРК белгіленген жоқ, сондықтан бір уақытты ШРК салыстыру үшін қолданылады.

\*\* ШРК коэффициенті = іс жүзіндегі концентрация: ШРК

**Қарашығанақ кен орны аймағында, санитарлық қорғау аймағында және ҚМГКК шекарасымен көршілес елді мекендердегі экологиялық бақылау станциялары мен ауа сынақтарын алу орындары көрсетілген сызба.**



■ **Қолданыстағы санитарлық қорғау аймағы шекарасындағы ауа сынақтарын алу және сынау.** 2011-2013 жылғы экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес ҚМГКК санитарлық қорғау аймағы шекарасындағы ауа сынақтарын алу белгіленген ережелер мен мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүргізілуде. Ластау заттарының атмосфералық ауадағы құрамын бақылау күніне төрт рет 01.00, 07.00, 13.00 пен 19.00-де 8 румб-

та (бағыт) тексеріледі, яғни картада көрсетілгендей ҚМГКК-ғы компас 8 нүктесінің бағыттары бойынша (Солт., Оңт., Бат., Шығ., Солт – Бат., Солт – Шығ., Оңт – Бат., Оңт - Шығ.) Осылайша, жалпы алғанда бақылау бағдарламасы ластауыш заттардың бір уақыттық және күні бойғы орташа концентрациясы туралы ақпарат беріп отырады. Сынақтар мердігердің аккредиттелген зертханасымен жүргізіледі.

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

Күкіртті сутек, күкіртті газ, азот диоксиді, көміртек тотығы, метан, метилмеркаптан сияқты алты басты компонент бақыланады. 2013 жылғы ауаны бақылау нәтижелеріне сәйкес бақыланған компоненттердің жылдық орташа концентрациясы 23-кестеде көрсетілген.

## 23-кесте. ҚМГКК санитарлық қорғау аймағы шекарасындағы 2013 жылғы ауаны бақылау орташа жылдық көрсеткіші

Бақыланған компоненттер	Іс жүзіндегі орташа концентрация, мг/м <sup>3</sup>	Бір уақыттағы ШРК, мг/м <sup>3</sup>	ШРК коэффициенттері	ШРК-нан асып кету, жиілік
H <sub>2</sub> S	0,002	0,008	0,25	-
SO <sub>2</sub>	0,011	0,125*	0,09	-
NO <sub>2</sub>	0,026	0,2	0,13	-
CO	0,41	5,0	0,8	-
CH <sub>3</sub> SH (метилмеркаптан)	ауа құрамында кездесу деңгейінен төмен көрсеткіш	0,0001	ауа құрамында кездесу деңгейінен төмен көрсеткіш	-
CH <sub>4</sub> (метан)	0,982	50**	0,02	-

\* Күн сайынғы орташа ШРК. Қышқыл газ бойынша бір уақыттағы ШРК белгіленбеген, сондықтан күн сайынғы орташа ШРК санитарлық қорғау аймағы шекарасындағы концентрацияларды салыстыру үшін қолданылады.

\*\* Белгіленген шамаланған қауіпсіз деңгей; Метан бойынша ШРК белгіленбеген.

Санитарлық қорғау аймағы шекарасындағы ауаны бақылаудың екі бірлескен көмекші бағдарламалар нәтижелері: мерзімді сынақ алу және үздіксіз автоматты өлшеу, ұқсас тенденцияларды жүргізу және ластаушы заттар концентрациясының рұқсат етілген деңгей шегінде болуын растау.

■ **Барлық қажетті құралдармен жабдықталған орнатылған стационарлы станциялар арқылы он елді мекенде, атап айтқанда:** Ақсай, Березовка, Ба-стау, Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Қаракемір, Приуральное, Успеновкада жоспарлы ауа бақылауы жүзеге асырылады.

Үшінші тараптардың меншігіндегі нысандарды жаңарту жұмыстарын жүргізу себебімен Қаракемір және Тұңғыш фермаларындағы тұрғындарды ескерту жүйелері уақытша ажыратылды, оларды 2014 жылы қайта қосады. Аталған екі фермада КПО апаттық нөмірлерімен

қамтамасыз етілген екі күзетшіден басқа тұрақты тұрғын жоқ. КПО 2014 жылы ескерту жабдығын қайта орнату мақсатында өз құрылысын құруды көздеп отыр.

Ауа сапасы туралы ай сайынғы есептер жергілікті БАҚ-та жарық көреді және ауылдарға ақпарат тақталарына ілу үшін жіберіледі. Сондай-ақ станциялар тұрғындардан иіске шағым түскен жағдайда дереу ауа сынақтарын алу үшін қолданылады.

ҚМГКК төңірегіндегі ауылдар ауасындағы 7 компонент бақыланады: күкіртті сутек, күкіртті газ, азот диоксиді, көміртек тотығы, бензол, толуол және ксилол.



ҚМГКК-тағы белгіленген ТСА шекарасы бойынша “Абаттандыру және жасылдандыру” жобасы жөніндегі қоғамдық тыңдаулар

2013 жылғы алынған ауа бақылау нәтижелеріне сәйкес, бақыланған компоненттердің жылдық орташа концентрация көрсеткіші 24-кестеде берілген.

**24-кесте. ҚМГКК айналасы ауылдардағы 2013 жылғы ауаны бақылау бойынша жылдық орташа көрсеткіштер.**

Бақыланған компоненттер	Іс жүзіндегі (орташа) концентрация, мг/м <sup>3</sup>	Күн сайынғы орташа ШРК / бір уақыттағы ШРК, мг/м <sup>3</sup>	ШРК коэффициенттері	Күн сайынғы орташа ШРК асып кету (жағдайлар саны), жиілігі
H <sub>2</sub> S	0,001	0,008*	0,13	-
SO <sub>2</sub>	0,010	0,125	0,08	-
NO <sub>2</sub>	0,025	0,04	0,63	-
CO	0,446	3,0	0,15	-
бензол	0,125	0,3*	0,42	-
толуол	0,018	0,6*	0,03	-
ксилол	0,015	0,2*	0,08	-

\* бір уақытты ШРК Күкіртті сутек бойынша күн сайынғы орташа ШРК белгіленген жоқ, сондықтан іс жүзіндегі концентрациямен салыстыру үшін бір уақытты ШРК қолданылады. Бір уақытты ШРК бензол, толуол және ксилол өлшенген концентрацияларды белгілеу үшін қолданылады, бұл компоненттерінің сынақтары он күн ішінде бір рет алынып, талданады.

■ **КПО-дағы екі мобильді экологиялық бақылау станциялары**, қосымша ауа сапасын бақылау шараларын жүргізуге қолданылады. Сонымен қатар тұрғындардан газ иісі туралы шағымдар келіп түскенде станциялар дереу мекенге барып, ауа сынақтарын алады.

Нәтижелі бақылау жүйесінің арқасында КПО ықтимал шекті рұқсат етілген концентрациядан асу жағдайын ерте анықтау және оған тез арада әрекет ету үшін дәл және уақытылы ақпаратқа ие.

**Экологиялық ақпарат орталығы**

2013 жылы КПО компанияның экологиялық бақылау станцияларынан тұратын экологиялық ақпарат орталығын құру бойынша жобаны аяқтады. Бұл жобаның мақсаты Березов елді мекенінде қондырылған (ЭБС-013 және

ЭБС-014) екі экологиялық бақылау станцияларынан келетін ақпаратты Батыс Қазақстан облысындағы Казгидромет кәсіпорнына жіберу бойынша онлайн ақпараттық жүйе құру болып табылады. Бұл жергілікті басқару органдарына Березов елді мекеніндегі ауа сапасын бақылау үрдісін өздігімен қарауға мүмкіндік береді деп күтілуде. Қазіргі уақытта Казгидромет ұлттық компаниясы Березов ауылындағы бақыланып отырған ауа ластаушылары туралы мәліметті кез келген уақытта тексере алады. Бұл жоба КПО-ның 2011-2013 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жоспарының құрамына енгізілді және 2010 жылы Березов тұрғындарының мәселелерін қарастыру бойынша құрылған жұмыс тобын бастап келген ҚР Премьер-министрінің нұсқауларына сәйкес жүзеге асты.

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

## ҚАУЫМДАСТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

КПО қауымдастықтар мен билік органдарымен төтенше жағдай болғанда үйлестіру және тиімді әрекет етуді қамтамасыз ету үшін белсенді араласуды жалғастыруда. Байланыс және қоғамдық ақпараттандыру жүйелері жалпы алғанда 6 000-нан астам тұрғыны бар 11 ауылда орнатылды. Жүйелерді басқару КПО-мен тәулік бойы жүзеге асырылады. КПО аталмыш жабдықты қайта орнату мақсатында өз құрылыстарын құруды көздеп отыр.

Төтенше жағдайларда әрекет ету мәселелері бойынша КПО жергілікті басқару органдарымен (Әкімдіктер) тығыз байланыста. Қарашығанақ кен орнындағы төтенше жағдай кезінде тұрғындарды эвакуациялау жоспары КПО және Бөрлі ауданының әкімдігімен бірлесе әзірленді.

Төтенше жағдай кезінде әрекет ету және қауымдастық дайындығы бойынша КПО тобының қолдауымен жергілікті әкімдер жыл сайын төтенше жағдай кезінде тұрғындарды эвакуациялау бойынша жоспарларды дайындап, қарастырады. Бекітілген жоспарға сәйкес 2013

жылы дабылдарды қолдану арқылы тұрғындарды төтенше жағдай туралы ескерту станциялары мен жабдықтарды сынау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жергілікті елді мекендер әкімдеріне, белгіленген тұрғындар мүшелеріне, фермерлерге және жергілікті тұрғындарға төтенше жағдай туралы ескерту жүйесі мен әрекеттер процедурасы берілді. Жалпы алғанда 500-ден астам адам хабарлау бойынша жұмысқа қатысты.

Төтенше жағдайлар бойынша жергілікті комитеттің нұсқауларына сәйкес тұрғындарды эвакуациялаумен қоса біріккен оқытуларды жүргізу бойынша басымдылық тұрғындар саны ең жоғары, Қарашығанақ кен орнына жақын және шекарасынан тыс орналасқан тұрғындарға бөлінеді.

ҚР Азаматтық қорғау заңнамасына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін КПО бас директоры мен компанияның азаматтық қорғау бойынша басшысы КПО қызметкерлерін азаматтық қорғау және төтенше жағдайлар жөнінде онлайн оқыту бойынша бұйрық шығарды. Онлайн оқытуға қатысқан қызметкерлер саны 3,500-ге жетті.



Жарсуат ауылындағы төтенше жағдайлар бойынша оқулар



2013 жылдың тамыз айында КПО Қарашығанақ кен орнында Батыс Қазақстан облысы бойынша төтенше жағдай департаменті, БҚО Ішкі істер бөлімі, КПО-ның оқиғаларды басқару тобы мен кен орнында төтенше жағдайларға әрекет ету бөлімінің қатысуымен төтенше жағдайға әрекет ету жаттығу шараларын өткізді. Сонымен қатар бұл жаттығуға Ақтөбе, Атырау қалалары, Оңтүстік Қазақстан облысы, Астана қаласының төтенше жағдайлар бөлімдерінің басшылары, Ресейдегі төтенше жағдай қызметінің өкілдері және БАҚ қатысты.

Осы бірлескен жаттығудың басты мақсаты төтенше жағдайды бақылау және басқару бойынша біріккен жұмыстарды орындау, КПО-ның төтенше жағдайға әрекет ету және сақтау қызметінің бөлігі болып табылатын төтенше жағдайға әрекет ету мен құтқару топтарының дайындығы мен өзара байланысын тексеру, сонымен қатар төтенше жағдай туралы хабарлау не ескерту жүйесінің тиімділігін тексеру болып табылды. Бірақ ең бастысы бұл жаттығу кезінде көптеген жылдар бойы қызметтестікпен табылған практикалық дағдыларды орындау мүмкіндігі болды.

### **ДАМУДЫ ҚОЛДАУ**

Өмір сүру деңгейін жақсарту Қарашығанақ жұртшылығының басты ұмтылысы және КПО жергілікті билік органдарының жасап жатқан тырысуларына көмектесу арқылы сол мақсаттарды қолдауға ұмтылады.

Тұрғындардың дамуына бағытталған іс-шаралар бойынша әрекеттер КПО-ның көршілес қауымдастықтар алдындағы жауапкершілігін толықтыру және олардың ұзақ мерзімді дамуына үлес қосу үшін жүргізіледі.

Біз қолдау көрсететін қауымдастықтар консультативтік кеңес арқылы ауылдың негізгі әлеуметтік инфрақұрылымын және олардың әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған жобаларды ұсынады.

Содан соң КПО алынған ұсыныстарды олардың қауымдастық қажеттіліктері сәйкестігіне, жалпы басымдылығына, техникалық жүзеге асырылуына және бюджетіне байланысты қарастырады. Нәтижесінде қауымдастықты дамыту жобаларының тізімі келісіліп, кен орнын қоршаған сегіз ауылда жүзеге асырылады. Жылдар бойы біз әртүрлі ауылдар арасында қолдаудың тепе-теңдігін сақтап отыруға ұмтылудамыз.

КПО-ның 2013 жылы келесі салалардағы жергілікті қауымдастықтардың дамуын қолдау үшін жүзеге асырған бастамалары:

### **Денсаулық сақтау**

2013 жылы КПО ұзақ мерзімді қауымдастықты дамыту бағдарламаларын сәтті жүзеге асырып келді. Осылайша, КПО-ның қарт адамдарға арналған денсаулықты жақсарту бағдарламасының бөлігі ретінде бес ауылдық аймақтың (Березов, Успенев, Жарсуат, Приуральный және Қызылтал) 247 зейнеткеріне БҚО-да орналасқан Ақжайық санаторийінде демалды. Оған қоса КПО БҚО Орал қаласында орналасқан Талап жаздық лагерінде 7 жастан 14 жасқа дейінгі аталып өткен ауылдардың 160 баласын жазғы лагерьде демалуға мүмкіндік берді.

Бақылау жоспарының бөлігі ретінде 2013 жылы КПО жоғарыда аталған ұйымдарда көрсетілген қызмет сапасын және КПО қоғаммен байланыс бөлімі жұмысы сапасын бағалау мақсатында 350 қарт адамдар мен балалар арасында сауалнама жүргізді. Сауалнамаға сәйкес барлық жауап берушілер «Ақжайық» және «Талапта» көрсетілген медициналық емдеу, орналасу жағдайлары, тамақтары мен ойын-сауық бағдарламалары сапасын, сонымен қатар КПО қоғаммен байланыс бөлімінің жұмысын жоғары бағалады.

2013 жылы КПО Қарашығанақ кен орнының көршілес бес елді мекеннің емханаларына бес жедел жәрдем машиналарын алып берді. Бұл бастаманың мақсаты Березов, Жарсуат, Приуральное және Қызылтал елді мекендерінің тұрғындарына деген медициналық қызмет көрсету деңгейін жоғарылату болып табылады. Барлық машиналар негізгі медициналық көмек көрсету құралдарымен жабдықталған.

2013 жылы халықпен жұмыс жасау бойынша бөлім қызметкерлері Компания атынан Қарашығанақ кен орнына көршілес орналасқан сегіз ауылдық округтерінде тұратын Ұлы Отан Соғысының 21 ардагерлері және олардың жесір әйелдерін құттықтап, тағам себеттерін қолмақол ұсынды.

# ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

## Білім беру

Біздің жергілікті қауымдастықты дамыту бағдарламаларының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жергілікті жастар дағдылары мен білімдерін дамытуды және білім беруді жақсартуға көп көңіл бөлеміз. Біз бірте-бірте бір уақытты демеу көрсетуден білім беру капиталына ұзақ мерзімді инвестициялауға көшудеміз. Бұл тәсіл компанияға өз стратегиялық мақсаттарына жүгінуге және жергілікті қауымның экономикалық өсуі мен дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

### «Левша» жылжымалы өнер мектебі

2013 жылы КПО қолданбалы өнер мен халық сувенирлері бойынша сабақтан тыс оқытулармен қамтамасыз ету бойынша өнер бағдарламасы жылжымалы мектебін жалғастырды. Ақсай қаласы, көрші ауылдары және Бөрлі ауылының 200-ге жуық мектеп оқушылары өнерге, ағаш кесу, нақыштау, модельдеу, кесте тігу, тоқыма және халық сувенирлерін жасауға үйренуде.

### Жергілікті қауымдастыққа арналған шәкіртақы бағдарламасы

2013 жылы КПО ауылдық елді мекендердегі білім беру, денсаулық сақтау және ауыл шаруашылығы мамандарымен қамтамасыз ету мақсатында Бөрлі ауданының білім беру бөлімімен бірге 2010 жылы бастаған жергілікті қауымдастыққа арналған шәкіртақы пилоттық бағдарламасын жалғастырды. Жағдайы нашар отбасыларынан шыққан балаларға өз елді мекеніне қайта оралып, бірнеше жыл жұмыс жасау міндеттемесімен колледж немесе университеттерде арнайы білім алуға демеу көрсетілді. Бұл жағдай қауымдастықтарда маман кадрларының қажеттіліктерімен міндеттелді. 2013 жылы 17 студентке грант пен шәкіртақылар берілді және олар Батыс Қазақстан облысының университеттері мен колледждарына оқуға түсті.

### Ағылшын тілін үйрету бағдарламасы


2013 жылы КПО Ақсай мектептері мен ауыл мектеп оқушыларына арналған ағылшын тілін үйрету бағдарламасын жалғастырды. Бұл бағдарламаға Бөрлі ауданының білім беру бөлімі қолдау көрсетті. Бұл бағдарламаның мақсаты мектеп оқушыларының ағыл-шын тілі білімін жақсарту және болашақта білім алу мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл бағдарламаға Ақсай қаласының 6 мектебі мен 5 көршілес ауылының (Березов, Успенровка, Жанаталап, Жарсуат және Приуральное) 300 – ге жуық жоғары сынып оқушылары және 11 маман мұғалімдері қатысады.

## Сыйлықтар

Жыл сайын КПО Білім күні мен Жаңа жыл мейрамдарына сыйлықтар алу үшін қаражат бөледі. 2013 жылы бес көрші қауымдастықтағы жағдайы нашар жанұялардан шыққан 124 оқушыға мектеп құралдарымен толы КПО сөмкелер берілді.

2014 жылдың қарсаңында Успен, Березов, Жарсуат, Жанаталап, Приуральное, Қарашығанақ, Димитрово және Бестау селоларының 14 жасқа дейінгі 1230 бала КПО-дан жаңа жыл сыйлықтарын алды.

### 27-график. 2013 жылғы КПО-ның қауымдастықты дамыту бағдарламалары





*КПО-ның демеушілік бағдарламаның шеңберінде ауылдық оқушылар жазғы лагерьде*



*КПО Ақсай қаласының оқушыларға арналған ағылшын тілі курстардың демеуші болады*



*КПО 2-ші дүниежүзілік соғыстың ардагерлерді құттықтауында*



*Березов мектебіне сый ретінде берілген компьютер*

# АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

Қазақстан үшін Қарашығанақ кен орнының маңызын арттыру жай ғана мұнай мен газ өндіруден табыс пен салық алуды ғана емес, экономикалық даму үшін ұзақ мерзімді және баянды серіктестік құруды білдіреді.

## ЖЕТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жергілікті жеткізушілермен және мердігерлермен жұмыс жасау аймақтың және түгелдей мемлекеттің экономикасын дамытудағы маңызды бөлігі болып табылады.

КПО үшін Қарашығанақ мұнай және газ операцияларын дағы құрылыс, бұрғылау, тасымалдау және техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, негізгі жұмыстарды орындау үшін көптеген мердігерлер қажет.

Біз құрылыс, механикалық және электр жұмыстарын орындау, шегендеу бағанасы мен сорғыш компрессорлық құбырлар қызметтері, бұрғылау қондырғыларымен қамтамасыз ету, ұңғыма ернеуін жайғастыру және сақтандыру ажыратқышты (арматура) қондыру және техникалық қызмет көрсету, сонымен қатар электр кабельдерін каротаждау және тесу, ұңғымаларды сынау және тазалау қызметтері, өндірістік химиялық заттарды жеткізу, ұңғымаларды аяқтау жабдықтарымен және қызметтермен қамтамасыз ету, жобалау бойынша қызметтер, жоспарлы жөндеу жұмыстарын қолдау бойынша қызметтер сияқты көптеген жұмыстарды, қызметтерді орындау және тауарлармен қамтамасыз ету мақсатында мердігерлерді жұмысқа тартамыз.

Жалпы жеткізілім циклі келесіні қамтамасыз ету үшін құрылды:

- Барлық жұмыстар кәсіби этика мен тәртіп кодексіне сәйкес орындалады;
- Үрдістердің әділдігі, теңдігі, ашықтығы және жеткізілім цикліндегі жұмыстардың әділдігі;
- Келісімшарт жұмыстары мен жинақтау қызметтері Компанияның үрдістері мен шығыстарын басқаратын Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісіміне және басқа процедураларына қатаң сәйкес орындалады;
- ҚР Заңнамасы мен өнім шығарылған жеткізушілер елінде қолданылатын халықаралық заңдарға сәйкес болу.

Қарашығанақты игеру жобасының басынан бастап 2013 жылдың соңына дейін тауарлар, жұмыстар және қызметтермен қамтамасыз ететін 6748 ықтимал жабдықтаушы КПО-ның жабдықтаушылар дерекқорында тіркелген. 2013 жылы КПО қазіргі жабдықтаушыларды қайта бағалауды қоса алғанда, жаңа жеткізушілерді бағалау мен тіркеуді жалғастырды.

КПО компаниясымен бірге жұмыс істегісі келетін қандай да бір ықтимал жеткізуші қажетті талаптарға сәйкес болу үшін келесідей негізгі біліктілік пен іскерлікті көрсету қажет:

- Кәсіби біліктілік пен тәжірибе;
- ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша корпоративтік біліктілік;
- Қаржылық тұрақтылық;
- Этикалық кешенді зерттеуге сәйкестілік.

Тіркеу кезеңінде ықтимал жеткізушіден ұйымдастыру және компанияның қаржылық тұрақтылығына қатысты жалпы сұрақтармен қатар еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғауға қатысты сұрақтарды қамтитын жабдықтаушыны бағалау сауалнамасын толтыруды сұралады.

КПО-ның жабдықтаушылар дерекқоры халықаралық және жергілікті нарықтағы тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ететін ықтимал бәсекеге қабілетті жабдықтаушыларды анықтау үшін нарықты зерттеу кезінде қолданылатын негізгі ақпарат көзі болып табылады.

Оған қоса КПО жеткізушілердің жұмыстары мен қызметтері сапасын және орындалуын бағалауды жүргізеді. Осындай бағалау жұмыстарын жүргізген кезде КПО табылған сәйкессіздіктерді айқындау және мәселелерді түзету бойынша нұсқауларды ұсыну мақсатында жеткізушілермен және мердігерлермен жиналыстар ұйымдастырады.

2013 жылы КПО-да сомасы 1 млрд-тан астам болатын 1642 келісімшарт пен келісімшарт қосымшалары жасақталды. Бұл келісімшарттар мен келісімшарт қосымшалары 630-дан аса жеткізушілерге табысталды. Келісімшарттар жасақтау 32-33 беттегі корпоративтік басқару бөлімінде көрсетілгендей этикалық кешенді зерттеуді қамтиды.

КПО жыл бойы қайта бағалауды талап еткен КПО мердігерлер дерекқорындағы бар компаниялар мен жаңа компанияларды қоса алғанда 369 компанияны бағалады. Жалпы алғанда 277 жаңа компания дерекқорға енгізілді.

## ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ БОЙЫНША ЕСЕПТІЛІК

Қарашығанақ кен орнын игеруден бастап КПО импортты алмастыру және Қазақстанда істерін жүргізу үшін халықаралық инвесторлардың сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінде Қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтер



БҚО-ның кәсіпкерінің Қарашығанаққа кіріпшығуы

көлемін арттыруға бағытталған Қазақстандық қамтуды дамыту бағытын белсенді ұстанды.

Қабылданған ҚР-ның Қазақстандық қамту бойынша ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес КПО 2010 жылы оның сатып алу жүйесіндегі жергілікті қамтуды есептеудің бірыңғайланған есептеу әдістемесін енгізді. Сондай-ақ жергілікті қамту бойынша есеп тоқсан сайын ҚР Мұнай және газ министрлігіне тапсырылады.

Қазақстандық қамтуды дамытуды қолдау және оның ашық сатып алу тәжірибесін көрсету үшін КПО тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алудың жылдық, орта және ұзақ мерзімді жоспарларын компания вебсайтында жариялады. Бұл ақпарат жергілікті кәсіпкерлерге аймақтағы ең үлкен жұмыспен қамтушының жоғары деңгейдегі қажеттіліктері мен талаптарына сай болу үшін өз стратегияларын дамытуға көмек береді.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

КПО Қазақстандық қамтуды дамыту бағдарламасын сәтті енгізген Қазақстандағы алғашқы компаниялардың бірі. Бағдарлама 2001 жылы енгізілгенге бері оның дерекқорында 3000-ға жуық жергілікті жабдықтаушы тіркелінген.

2013 жылы Қарашығанақтағы Қазақстандық қамту 50,15%-ға дейін жетті (төменде көрсетілгендей 461 миллион АҚШ долларын құрады).

2011-2013 жылғы КПО-ның шығындар талдауына сәйкес тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетуді қоса алғанда КПО жұмыстарындағы жергілікті қамту бөлігін көреміз.

### 28-график .Жергілікті қамту үлесі. 2011-2013 ж.ж. жалпы КПО шығындарының Қазақстандық қамту бөлігі, % және АҚШ доллары көрсеткішінде



КПО өндірілетін тауарлар мен қызметтер сапасын жақсартып, өндірісті жоғарылату мақсатында жаңа технологияларды қолдану арқылы жергілікті өндірісті дамытуға бағытталған тәжірибелік жобалардың жүзеге асыруына белсенді түрде көмектесіп, қолдау көрсетіп келеді.

Бұл жобалар ең бастысы өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын құру мен аймақтың әлеуметтік экономикалық дамуына ықпалын тигізетін шетел мен отандық өндірушілер арасындағы бірлестікті күшейтуге, инвестициялауды жоғарылатуға қолдау көрсетеді. КПО үшін қазақстандық компаниялардың толассыз дамуын, олардың мүмкіндіктері мен біліктіліктерін жасау олардың мұнай мен газ саласындағы қолданылатын халықаралық стандарттарға сәйкестіктеріне көз жеткізу үшін маңызды.

Мұндай бастамалардың бірі Батыс Қазақстан облысында негізделген қосалқы бөлшектер өндірісін осы өңірде жұмылдыру. Бұл жоба мұнай және газ саласында ұзақ мерзімде сұранысқа ие болатын тауарлар мен материалдарды жергілікті аймақта өндіруді дамытуға бағытталған. Жоба КПО-ның тауарлар мен қызметтерге деген сұранысы нәтижелері мен ұлттық нарықты зерттеуі нәтижелерін еске ала отырып жасалған. Жобаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңінде жергілікті өндірушілердің болашақ дамытуға деген мүмкіншіліктері мен потенциалы бағаланды. Жұмыс мақсаты кезеңдік орындау арқылы қазақстандық арнаулы тауар өндірісін дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеу.

Жоба мен ұсыныстардың бұрынғы кезеңдері нәтижелерінің негізінде 2013 жылы жобаның V кезеңін жүзеге асыру шешімі қабылданды, бұл келесілерді қамтиды:

- Серіктестік келісімшарттар және/немесе ынтымақтастық туралы келісімшарттарға қол қою;
- Ұлттық және халықаралық өндірушілер арасында бірлескен кәсіпорындар құру және бәсекелестік негізінде өндіріс жобаларының дамуын қолдау үшін шекті келісімдерге қол қою.

Бесінші кезеңді бағалау жұмыстары аяқталғаннан кейін БҚО-дағы мұнай мен газ секторында жергілікті жұмыс күшін көтеру үшін мұнай және газ өнеркәсібінің дамуына негіз болып табылатын ұсыныстарға көп көңіл бөлінді.

Ұсыныстарға негізделіп отырып сарапшы топ Тематек, Алюминий технологиялары, Петроуэлд, Сферова және КТС компанияларынан тұратын Ақсай индустриалды паркі мен БҚО сегіз өндірістік кәсіпорындарының қатысуымен «Машзавод» консорциумы құрылды.

# АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

Индустриалды консорциумды құру мақсаты жер қойнауын пайдаланушыларға тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз етуде инженерлік қондырғыларды қатыстыру болып табылады. «Зениттехсервис» ЖШС тендерлер кезінде қатысушыларды үйлестіру және мүдделерін ұсыну үшін тағайындалды. БҚО кәсіпорындары негізінде консорциум құру басқа шетел компанияларымен серіктестік келісімшарттарын жасақтауға, халықаралық компаниялармен жұмыс жасауға және жер қойнауын пайдаланушыларға тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Машзавод» консорциумының табысы негізінен келесідей факторларға негізделген: құрылған серіктестік, инновациялық технология, адам капиталы және мұнай және газ секторына қосымша жабдықтарды жергілікті компанияларда өндіруге мүмкіндік.

2002-2010 жылдар аралығында КПО-ға БҚО жобалау кәсіпорындарымен өндірілген тауарлар мен жабдықтар тізімімен бірге берілген тауарлар, жабдықтар және қосымша жабдықтар тізімін салыстыру негізінде жабдықтар мен қосымша заттардың кейбір түрлерін өндіру тиімділігі бойынша қорытынды жасалды. Мұнай және газ саласында қосалқы заттарды шығару үшін Қазақстандық және халықаралық кәсіпорындар арасында бірлескен кәсіпорынды құру бойынша ұсыныстар дайындалды. Шетел серіктестерін табу бойынша алгоритм анықталды.

Қазақстандық кәсіпорындар мен шетел өндірушілер арасында ынтымақтастықты құру жергілікті жұмыс күшін көтеру мен өндірісті жергілікті аймақта жүзеге асыру мақсатында мұнай және газ өнеркәсібі үшін қосалқы заттар мен жабдықтарды өндіру бойынша бірлескен кәсіпорындарды құруға мүмкіндік береді. Шетел серіктестерін таңдау және қарым-қатынас орнату түрі Қазақстандық және шетел компаниялардан тұратын мүдделі тараптармен анықталады.

## Қазақстандағы мұнай және газ компанияларымен қарым-қатынас

Ішкі нарықпен нәтижелі қарым-қатынас орнату мұнай мен газ саласындағы ҚР барлық кәсіпорындары үшін бірдей маңызды. Өнеркәсіптегі ең үлкен компаниялар барынша мүмкін Қазақстандық қамтуды қамтамасыз ету үшін әртүрлі аспектілерде бірігіп қызмет етеді. Мұндай істестіктің ең сәтті форматтарының бірі мұнай мен газ секторында талап етілетін тауарлар мен қызметтер нарығын әрі қарай дамыту бойынша жергілікті компаниялардың қатысуымен форум өткізу, және инвестициялар тарту мен «ноу-хау» енгізуді қамтамасыз ету.

2012 жылы ҚазМұнайГаз ҰҚ және Теңізшевройл, Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В және Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. сияқты басты мұнай және газ операторлары арасында Біріккен шаралар туралы Ақтау декларациясына қол қойылды. Бұл декларация бірыңғай бастама ретінде отандық өндірісті дамыту үшін жеке операторлар, инвесторлар және үкіметтік агенттіктер бағдарламаларын қосу арқылы басты мұнай және газ операторларымен орындалған жұмысты қолдаудың көрсеткіші болып табылады.

Қазақстандық қамтуды дамытуға қатысты әр бастама бойынша анықталған критерийлер негізінде қызметтерді бақылау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобы құрамындағы әр пайдаланушы/инвесторлық компаниясымен қысқа консультациялар жүргізу арқылы жергілікті жұмыс күшін дамыту жобасының әр бастамасына арналған бастапқы талаптар мен жүзеге асыру жоспары әзірленді.

Жұмыс тобы келесі мәселелер бойынша секцияларды қамтиды:

- **Қызметкерлерді оқыту және дағдыларды дамыту;**
- Мұнай және газ индустриясы мен мұнай-газ емес экономикалық саласындағы қазіргі және болашақ потенциалды анықтау үшін сілтемелік көз ретіндегі **Қазақстанның өндірістік потенциал тізілімі;**
